

Бақыттың мәні – парасаттылықта!
Әбу Насыр әл Фараби.



ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Республикалық ғылыми-психологиялық және
педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет
1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

ҚАРАША **6** **НОЯБРЬ**

ЖЕЛТОҚСАН **2015** **ДЕКАБРЬ**

*Республиканское научно-психологическое и
педагогическое издание товарищества с
ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен
әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один
раз в два месяца с июля 1994 года.*

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛИМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Сергазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.**

МАЗМҰНЫ

Ғылым ғаламында

Э.ІЗТУЛИНА.	М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы үйлену, қыз ұзатуға байланысты салт-дәстүрлер көрінісі.....3
Г.ДУЙСЕНБИЕВА.	Қазақ тілі сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы білім сапасын көтеру7
А.ТӨЛЕУОВА.	Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктері.....12
Қ.ӘБУОВА.	Академик Ісмет Кеңесбаев-қазақ тіл білімін қалыптастырушы және дамытушы әдіскер.....19
Г.ТҮРҒАНБАЕВА.	Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» туындысындағы салт-дәстүрлер көрінісі.....35
А.ДИШЕНОВА.	Химия сабағында деңгейлеп оқыту технологиясын қолдана отырып, оқушылардың түйінді күзиреттіліктерін қалыптастыру.....54

Авторлық бағдарлама

Б.ДЖУЛАЕВА, Г.ДЖУЛАЕВА, Г.ДӘУЛЕНБАЕВА.	Сөз өнері және сөйлеу мәдениеті.....60 «Мағжантану» атты қолданбалы курс бағдарламасы64
--	--

Ашық әңгіме ауылында

Ж.МАХАНБЕТОВА.	Ұстаз - ұлағатты есім.....75
----------------	------------------------------

Тиімді әдіс-баршаға ортақ

Ә.АБДУЛЛА.	Қазақ тілі пәнінен дарынды балаларды айқындау мен дамытудың тиімді жолдары.....81
З.ЖОЛДАСОВА.	Ғылыми ізденіс-шығармашылық шыңы.....84
Р.ТҮРЫСБЕК.	<i>Ұлттық ұлағат</i> Асыл арна.....86

Пәндер сабақтастығы

Г.ҚҰРМАНОВА. А.КАКЕНОВ.	Кем ты хочешь быть?.....92 ЕҮОБ және ЕКОЕ табу есептері.....97
----------------------------	---

Жеңіске құрмет-ұрпаққа міндет

Д.РАХИМОВА. Б.БАКИЕВА. Ж.ТУТАЕВА.	Ұмытпайтын ұлы Жеңіс.....100 Ржев шайқасының қаһармандарына тағзым....104 К 70-летию Великой Победы.....109
---	---

Сыныптан тыс шара

М.ЗАХАРОВА. Г.САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ. А.КЕЛМАҒАНБЕТОВА. М.ЗАРИПОВА. А.МҰҚАШЕВА.	Факультатив сабағының ерекшелігі.....111 Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ.....115 Тарихы құнды, болашағы нұрлы Қазақстан.....118 Асыл қазына.....128 Әдебиеттің бірегей дана тұлғасы.....138
А.КЕНЖЕХАНОВ.	<i>Ұстаз шығармашылығы</i> Ұстаздарға тілек.....142

Ғылым ғаламында

Э.ІЗТУЛИНА,
Червоный орта мектебі,
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғ.Мүсірепов атындағы аудан,
Червоный ауылы

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ҮЙЛЕНУ, ҚЫЗ ҰЗАТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР КӨРІНІСІ

Мұхтар Әуезовтің ұлы шығармасы-«Абай жолы» романы екені бүкіл жұртшылыққа таныс. Ұлы жазушының ұлы шығармасы көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Бұл роман-эпопея-қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін жан-жақты сипаттайтын туынды. Осы шығарманы оқып шыққан әр адам қазақ халқының өткен өмірімен, шежіресімен таныс деп нақты айтуға болады.

Енді роман бойындағы салт-дәстүрлерге келсек. Қазақта «ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» делінетін ата-ананың ардақты парызын іске асыруда міндетті түрде орындалып жататын ғұрыптар «Абай жолы» эпопеясында үнемі кездесіп отырады. Мәселен, Құнанбай Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайланғаннан кейін оның Алшынбаймен достығы құдандалыққа ұласқан еді. Атақты Қаздауысты Қазыбек бидің немересі Алшынбайдың Түсібінің қызы Ділдені Құнанбай Абайға айттырып,

қалың малына қыруар жылқы, түйе айдатқанын Майбасар айта келіп, Абайға Қарқаралыда жүргенде «қайыңа апарамын, қалыңдығыңды көрсетем», деп қалжыңдай беретіндігі романда сондай нанымды шебер суреттелген.

Қазақтағы бала қайындату ғұрпының басты мақсаты жастай айттырылып, бірін-бірі көріп-білмеген жастардың 14-15-ке толып ержеткен шақтарында оларды ресми түрде кездестіріп, таныстыру арқылы бір-біріне ынтымақтастығын арттырып, махаббат сезімін ояту болса керек. Міне, сол ізгі мақсат Абай мен Ділдә тағдырына байланысты да орындалғанға ұқсайды.

Қазақта қалыңдықтың ұзатылу тойына да көп көңіл бөлінген ғой. «Абай жолы» романындағы ғажайып оқиғаларға толы бір қызықты той Ойқұдықта өткен Үметей тойы.

Ісі Олжай ортасында асқан әншілікке көркі сай Есқожа байдың ерке қызы Үметей Ойқұдықта болатын ұзатылу тойына ұрымтал жердегі Ырғызбай, Жігітек, Бөкенші, Көкше елдерінің ауылдарынан көп қонақ шақырылды. Үметейдің күйеуі Көкше елінің жас та көз ұстарлық беделді азаматы Дүтбай бұған дейін қалыңдығына ұрын барып қайтқан болатын. Бұл тойға көптен бері тобықты ішінде сал-серілік құрып жүрген Құнанбайдың әнші немересі Әмір бастаған әншілер де келгенді. Әмір мен Үметейді олардың асқақ әншілік өнерлері табыстырған бір-біріне ғашық жандар еді. Сондықтан да «мен тым болмаса жақсы әндеріңмен өзің шығарып сал», деп Әмір тобын Үметейдің өзі шақырған еді. Қазақ ғұрпы бойынша ауылға келген салдарды Әйгерім бастаған бүкіл тойға

келген өнерлі жастары қарсы алып, Үметейдің сегіз қанат ақ отауына әкеліп енгізді. Ұлы Мұхтар Үметей тойындағы жаңа мен ескіліктің бітіспес тартысын да тамаша суреттеген. Патриархалды әдет-ғұрыптың қиянатына қарсы тұрған жаңалық жаршысы Үметей, Әмір топтары болса, ескіліктің сойылын Құнанбай, Есқожа, Алатайлар соғады. Әрине, Үметей мен Әмір түпкі армандарына жетпегенмен, ескілікке бар болмысымен қарсы батылдық көрсетеді.

Абай мен Ербол Семейден қайтқан жолда Мамай елінде әнші қыз Шүкіманмен (Әйгерім) танысып, Абай оған ғашық болады. Абай шешесі Ұлжанға мән-жайды жеткізгенде, ол Абайға мұндай істі қолдамайтынын айта келіп, оның себептерін де түсіндірді. «Мен де көп әйелдің бірі болып, өзің де көп әйелден туған көп баланың бірі болып қасірет шеккенімізді білесің, сондықтан келешекте опық жемейтін бол, өзің біл, балам», - деді. Бұдан соң Жиренше мен Ербол Бекей ауылына барып, Әйгерім мен әкесінің Абай ниетіне қарсылығы жоқтығын білумен бірге, Әйгерімнің басы бос еместігін, оның Мамай елінің жесірі екендігін де білді. Әйгерімнің күйеу жігіті жастай өліп, оның егде тартқан ағасы інісінің жесіріне қызығып, әмеңгерлік жолмен қызға үйленгісі келеді екен. Осындай кедергілерге қарамастан, Құнанбай қажыдан келгенше Абай Әйгерімді нақ сүйері ретінде түсіріп те үлгерді.

Айттырылып қойған қызды оның келісімімен алып қашу да қазақта болып тұрған. Бұған мысал, Керімбаланы Оралбайдың алып қашуы. Керімбала-Бөкенші байы Сүгірдің ерке қызы. Оның қайын жұрты Қаракесек Қамбар елінің бір жуаны. Керімбала өте

көрікті, ашық мінезді, әнші қыз. Ол өз елінің жиын тойының көркі болған жан.

Ал, Оралбай болса, кедей ауылдың көңілі сергек әнші, батыл жігіт, атышулы Базаралының туған інісі. Енді ұзатылу тойы жақындап қалған кезде Керімбаламен махаббаты жарасқан Оралбай қалыңдықтың келісімі бойынша бір түнде алып қашады. Бірақ, кедей жігіттің ел ішінде арқа сүйері болмай, ағасы Базаралымен бірге елсіз тау ішіне кетуге мәжбүр болады. Екі ел ішіндегі шайқастың соңы ғашық жандарды үлкен жазаға кесумен бітеді. Сөйтіп, махаббаты жарасқан екі өнерлі жастың аянышты тағдырын шешудегі билер үкімі асқан қатыгездіктің үлгісіндей болады.

Салт-дәстүр, ырым-тыйымдар бала өмірінде үлкен орын алатыны барлық жұртшылыққа мәлім. Әр кейіпкердің іс-әрекетімен таныса келе адам өзіне керекті оң тәрбие алумен қатар, өмірге басқаша көзбен қарауға үйретеді. Сондықтан жастарды көркем шығарманы көп оқуға шақырамын.

Романның өн бойында бұдан басқа да қазақ халқының этнографиялық өмірінен көріністер жетерлік. Бірақ соның бәрін бір мақала көлемінде қамту мүмкін емес. Сондықтан осы айтылған жайлармен шектеле тұруды жөн көрдім.



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Міржақып Дулатұлы: “Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт—оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз—оқу. Надан жұрттың күні—қараң, келешегі—тұман”-деп ғылым, білім, оқудың маңызын қара халыққа көрсеткен.

Сапалы білім беру дегеніміз—ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту. Баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады.

Сапалы білім беру—оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Балалардың білім сапасын арттыруда мұғалім бала дамуының мынадай негізгі белгілерін: дербестігін, проблемалық ситуация, шығармашылық таным әрекетін, диалектикалық ойлауы, т.б. қадағалап, балалармен жеке,

дара жұмыстар жүргізеді.

Дамыта оқыту технологиясы авторларының (Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, т.б.) пікірінше бұл технология жеке тұлғаның барлық сапаларын тұтас дамытуға бағытталған жүйе. Оның нәтижесінде әр баланың өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған лайықты жағдайлар жасалады. Осыған орай балалардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені сол арқылы балалардың іс-әрекетінің дербестігі артады, бала білімді болады. Балалардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша өздері жоспар жасап істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар балалардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Деңгейлеп оқытуда көзделетін мақсат–балаға білімді даяр түрде бермей, мұғалім баяндап бермей, олардың алдына белгілі мәселені міндеттеп қойып, соны өздері шештіруге бағыттау. Деңгейлік оқытудың негізгі ерекшелігі баланың білетіні мен білмейтінін және мәселені шешуге дайын тұрған тәсіл болғандықтан, мәселелі жағдай пайда болады, осыған орай, баланың ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі.

Сын тұрғысынан ойлау - өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала сапасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балармен пікірлесу, топтасу. Сын тұрғысынан ойлау–сынау емес, шындалған ойлау. Жас балалардың да бұл жұмысы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Жұмыстың мақсаты: балаларға сапалы білім берудің

жан-жақты амал-әдістерінің ғылыми негіздерін ашу. Сапалы білім берудегі ата-ана рөліне, ұстаз еңбегіне, бала денсаулығы қоршаған орта әсеріне жан-жақты талдау жүргізу. Білім сапасын жетілдірудегі жаңа технология негіздеріне тоқтала отырып, пайдасын, әсерін нақты мысалдармен дәлелдеу.

Жұмыстың міндеттері:

- балалардың шығармашылық тілін дамыту әдістемесі;
- балаларды сөйлету әрекеті арқылы тілін дамыту;
- балалардың тілдерін түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жетілдіру;
- көркем сөз, көркем ой арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Технология–дидактикалық жүйенің процессуалды бөлігі (Чаянов М.)

Педагогикалық технология–тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы. (Беспалько В.П.)

Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі.

Оқыту технологиясы оқытудың тиімді жолдарын зерттеуші ғылым сапасында оқыту үдерісінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар және нақты оқыту үдерісі сапасында функция атқарады. (Селевко Г.К.)

Білім беру технологиялары мына негізде ұсынылады:

- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- ірі блогты шоғырландыра оқыту технологиясы;
- перспективалық озық оқыту технологиясы;

- ойындық оқыту технологиясы;
- оқу материалдарының сызбалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіп, оқыту технологиясы;
- жекелеген оқытудың технологиясы;
- сынып ішіндегі саралап оқыту технологиясы.

Педагогикалық технология ұғымы мынадай деңгейлерде қолданылады:

Салалық (пәндік): бір пән шеңберіндегі оқыту мен тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

Локальдік (модульдік) жеке әрекеттер технологиясы ұғымды қалыптастыру, дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабақ технологиясы, жаңа материалды меңгерту технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы. Сонымен бірге, кез келген педагогикалық технология негізгі методологиялық талаптарды қанағаттандыруы керек.

1. Концептуалдық негізінің болуы қандай да бір технология философиялық, педагогикалық, технологиялық ғылыми тұжырымдамаға негізделуі тиіс.

2. Жүйелілігі. Педагогикалық жүйенің барлық бөліктері логикалық байланыста болады.

3. Басқаруға оңтайлығы. Диагностикалық болжау жасауға, жаспарлауға, нәтижеге өңдеу енгізу мақсатында әдіс-тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі.

4. Тиімділігі. Білім беру стандартын міндетті түрде қанағаттандыруы тиіс.

5. Қайталауға жарамдығы. Басқа ұжымда дәл осы күйде қолдануға мүмкіндіктің мол болуы.

Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс-әрекет талаптары орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық

тапсырмаларды алып қарастырдық да, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадық:

- оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор.

Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Соның бірі орыс тілді мектепте қазақ тілін оқытуда қолданылған шығармашылық тапсырмалар, оқушылар өздері ізденеді, тілге деген құрметі артады, әр тақырыптың мәні ашылып, талданады, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырылып, сыйластыққа үйретеді, пәнге деген қызығушылықтары да арта түседі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1 Айғабылов Н. Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой белсенділігін арттыру. - Алматы, 1970 ж.

2 Жәркенов М. Әдебиет пәнін өмірмен байланыстыра оқыту. - Алматы, 1984 ж.

3 Кәтенбаев Б.Ш. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқаулар. - А., 1991 ж.

4 Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. - Алматы, Мектеп, 1978 ж.



А.ТӨЛЕУОВА,
Ж.Мынбаев орта мектебі.
Маңғыстау облысы,
Түпқараған ауданы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Халық тілінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктері тіл зерттеушілерінің назарын ертеден аударып келе жатқан құбылыстардың бірі. Қай тілде болсын тіл ерекшеліктері кездеседі. Қазақ жұрты тараған өлкелердің бәрінде де сол жердің әрқайсысындағы қазақтардың тіліне тән сөз ерекшеліктері бар. Мұны ғылымда диалектілік құбылыстар деп атайды. Диалектілер-халық тілінің жемісі. Әрбір өлкеде тұратын қазақтардың тілінде кездесетін тіл айырмашылығының пайда болуының тарихи сыры бар. Халық тілі, диалектілер әдеби тілді байыта алады. Бірақ талғаусыз қарамай, сұрыптап, елпекшеп алады. Әдеби тілде сөйлеуге үйрену, сөз өнеріне жаттығу мектеп қабырғасында қалыптасады. Мектеп халықтың қайнаған ортасына орналасқан мекеме екені белгілі. Ал оқушы сол халықтың кішкене бір бөлшегі. Оның тілінің де өзі туып-өскен ортасының тілінен де, өздері оқып талдайтын шығарма тілінен де алшақ болмайтыны түсінікті жайт. Демек, әр оқушыны әдеби тілде сөйлеуге, жаза білуге баулитын негізгі орта мектеп болғандықтан, көркем шығармалардағы жергілікті тіл ерекшеліктерін қалай оқытуға, меңгертуге болады, оның маңыздылығы неде, деген сұраққа жауап іздей тәжірибе жинақтадым.

Көркем шығармаға қойылатын талаптың бірі – оқушы қауымға түсінікті болу жағы. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жергілікті сөздерді көркем әдебиет тіліне орынсыз, шамадан тыс тықпалай беру шығарманың көркемдік әріне нұқсан келтіреді. Шығарманы сыдыртып оқып келе жатқан оқушы құлаққа тосын естілетін сөздер шамадан тыс көп кездесе, еріксіз кібіртіктеп, бөгеліп, кейде сюжет желісінен айырылып қалып отырады.

Оқушылар көркем әдебиет шығармаларын қадірлейді, көп оқиды, оның тілін үлгі тұтады. Егер көркем шығарма тілінде әдеби шығарма тілге жатпайтын кедір-бұдыр, өңделген сөйлемдер кездесе, ондай сөздер оқушы тілін байыта алмайды.

Көркем әдебиеттегі жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу, тіл көркемдігін арттыру, тіліміздегі әрбір сөздің мән-мағынасын түсіну, өзгелердің түсінуіне жол ашу – басты мақсат.

Сол себепті мен Маңғыстау жерінің мақтанышы, бүкіл қазақ атауларының аузында жүрген тума талант, парасатты жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтің мектеп оқулықтарында, бағдарламаларындағы шығармаларының көркем тілін, жергілікті тіл ерекшеліктерін танытуды мақсат еттім.

Әбіш аға шығармаларының қайсысын оқысақ та, тіл шеберлігі мол, жымдасқан халық тілі барлығына көзіміз жетеді. Ол-аса дарынды жазушы, жарқын тұлға, жұрт таныған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Оның шығармаларының бәрі таңдаулы. «Ханша дария хикаясы», «Құс қанаты», «Күй», «Үркер», «Елең-алаң» роман-хикаяттары -осының дәлелі.

Ә.Кекілбаевтің шығармаларынан 6-сыныпта «Шыңырау» әңгімесі, 5-11-сыныпта «Маңғыстау

әдебиеті» факультативтік курсы бағдарламасы бойынша «Үркер», «Абылайхан», «Автомобиль», «Күй», т.б. шығармалары оқытылады.

Маңғыстау өлкесі қазақтарының өздеріне тән диалектілік ерекшелігі осы шығармалар бойынша іріктеліп алынып, мағынасы түсіндірілді.

1. «Құс қанаты» хикаятында мынадай диалектілер бар. *«Көз көрген сары аяқ келін едің, мына оқымысты неме ит арқасы қиянға алып барады. Ал енді әлгі баласының бір күні ігір де жоқ, мігір де жоқ білегінен жетектеп әкеп кіргізетін шүйкебасы қайда? Солай, ағайын, бұл оңай емес нәсте. Сол жылы бір алағайдан соң, бір бұлағай келеді де тұрады. Борпаяқ неме жетегіне ере алмай, тасқынға ығып кетер түрі бар.»*

Бұл сөйлемдердегі сары аяқ-үйреншікті ігір де жоқ, мігір де жоқ-бірден бір алағайдан соң, бір бұлағай келу – қысылтаяң уақыт. Борпаяқ – жай, шабан қимыл.

2. «Тасбақаның шөбі» әңгімесі бойынша: *«Әншейінде өз етегіне өзі сүрініп, қапылып жүргенімен, шайы қайнағанша елу ел көшін жөнелтіп, көшкен ел үйін тігіп үлгеретін борпаяқ Сақыптың қара шәйнегі сол күні ә дегенше бұрқ ете түсті. Қызын ұрайын, мына бір қу таяққа асылып шойнақтап жүруге бұдан әрі қауһар қылмай барады. Оңбайдан естіген әлгі бір әрпіл-тәрпіл өлең жолы аузыңнан шығып кетеді. Білмейді екенбіз, Қарабала да оңашада қара өлеңді қайқайтады екен».*

Қапылып – асығу;

Шойнақтап – ақсақтау;

әрпіл-тәрпіл – қалай болса солай;

қайқайтады екен - әнді жақсы айтады.

Сол сияқты «Қасқа – одағай мәнделес көңіл-күйді білдіретін сөз.

Қарау – адамға қатысты сараң, іші тар адам.

Ішін кептіру – жамандау»

3. «Шыңырау» хикаяты бойынша: *«Әлде осы арада жер үстіндегі кеуектермен жалғасатын жарық бар ма? Еңсеп зіп-зілдей кірпіктерін әзер көтерді. Үсті-басы ебіл-себіл, балалардың иіні жаңарды. Әйтеуір, ол әркімдер әлімжеттік беретін тілін табан, жалпақ бет, қара бала күйінде қалып қойғысы келмейді. Ешкімге жылы шырай, оң қабағы жоқ Құлжаннан балалары қатты айбынды».*

Кеуек – үңгір;

Зіп-зілдей – ауыр;

Ебіл-себіл – жыртқық;

Оң қабағы жоқ – қатал;

әлімжеттік – зорлық көрсету.

Жазушының еңбектері бойынша лексикалық, грамматикалық және фонетикалық сипаттағы диалектілік мысалдарды осылайша көбейтіп, оның әдеби тұлғаларымен салыстыра беруге болады. Оны дәптерлеріне жаздыратын, мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландыру – қазақ әдебиеті мұғалімінің міндеті. Соның ішінде Маңғыстау өлкесінен шыққан жазушының шығармаларында сол жердің диалектісін ұтымды қолданып, көркем шығарманың әрін кетірмеуге шеберлігін танытқанын көреміз. Жазушы халық тілінің байлығын, халықтың ауыз әдебиетінің байлығын орынды пайдаланады. Жергілікті диалектілер жазушы шығармаларында әдеби тілмен жымдасып, сіңісіп кеткен, одан көркем шығарманың бояуы солғындап, көркемдігі әлсіреп тұрған жоқ. Халық тілі, халық даналығы жазушының немесе ақынның тілі мен даналығына қарағанда әлдеқайда бай. Міне, осы себепті ұлы жазушылар мен ақындардың тілі әр уақытта халықтың лексика мен сөйлемдердің есебінен байып

отырады.

Қазіргі әдеби тілдің жергілікті диалектілердің есебінен байып, құнарланып отыратыны анық. Бірақ оларды кітап, баспасөз беттерінде талғаусыз қолдана беру де дұрыс емес.

Жазушы – бұқара халыққа қызмет етуші, халықтың рухани дәстүрін байытатын адам. Сондықтан, әдеби тілді ұштап, диалектіні бірте-бірте жылжытып, көркем әдеби тілге жақындатуда қазіргі сөз шебері

Әбіш Кекілбаевтың үлесі зор. Тіл сияқты халық бұқарасына қызмет ететін жергілікті диалектілер де өміршең, біршама тұрақты. Келтірілген мысалдардан көрінгендей Ә.Кекілбаев шығармаларында фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық және грамматикалық ерекшеліктер неғұрлым орынды, жөнді қолданылған.

Диалект сөз	Әдеби тіл нормасы
өжектеу кеуек жау-жағалас зіп-зілдей бей саубат соңыра дал, дал болу бақыраш тұқым – тебері жанығу ылығу әлімжеттік ебіл – себіл шегендеу қапылу шойнақтау бозымбай іліп-алар әрпіл-тәрпіл зерен	әкірендеу, өркөкіректену үңгір алыс-жұлыс ауыр мезгілсіз артынан, кейін түсінбей қалу, аңтарылу кішігірім су құятын ыдыс ата-тегі асығу илану, нану зорлық қылу жыртық, лас құдықты қию таспен қалау асығу асқақтау жуас адам мағынасында пайдаға асар қалай болса солай сөйлеу сусын құятын ағаш ыдыс

қайқайту мөлттей қасқа	жақсы әңгімелеу тап-таза одағай мәндес көңіл-күйді білдіретін сөз кезекте тұру қарсыласу сараң, қызғаныш шай қалдығы кішірею, бүктетілу әуре болу, қызыққыш бар ынтасы ынжық, жуас сетінеу жүнге түсетін құрт жалғыз сыпайылау берекетсіз
шіретте тұру өжендеу қарау (адам) шама пырысқан, пырысу әуейі, әуейілену ынт – шынты мақау жиду біте, біте-міте жаңғыз майдалау, майпаздау итырғылжың	

Фразеологиялық тіркестер

№	Диалектілік тұлға	Әдеби нұсқасы
1.	Құдайлары беріп қалу	Рақаттану мағынасында
2.	Қара жамылып, қан құсу	Қайғыру, азалану
3.	Құдайдың қасық қара суын ішу	Күндегіше, жайбарақат

4.	Ілік шығару	Жанжалдасу
5.	Ішін кептіру	Жамандау
6.	Оң қабағы жоқ	Қатал, жақсы көрмейді мағынасында
7.	Етегі қанамаған	Пернзентті болмаған.
9.	Үй көрмей жүру	Ұзақ уақыт үйде болмау
10.	Жер түбіндегі қозғау	Бұрынғы, ескі әңгімені айту

Идиомалық тіркестер

№	Диалектік тұлға	Әдеби баламасы
1	Қырық аунақшу, қырық дөңбекшу	Көп аударылу, Жата алмау
2	Сарқұлақ (табу)	Ақша
3	Анау – мынау боп кету (эффемизм)	Қайтыс болу
4	Тызаяқтап жүру	Асығу
5	Қырық қайтара ойлау	Қайталау
6	Кілауыз адам	Дөрекі сөзді кісі
7	Қосы ауған әйел	Жесір, ері өлген кісі
8	Ігір де жоқ, мігір де жоқ	Бірден
9	Бір алағайдан соң, бір бұлағай келу	Қысылтаяң уақыт
10	Шүйкебас (десфемизм)	Келін



АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Көп ойлан, жақсы сөйле - нұсқа болсын,

Сұраса - жауабың да қысқа болсын.

Жүсіп Баласағұни.

Көп сөзді ұғып болмас, жартасты жығып болмас.

Махмуд Қашғари.

Ақылды орнымен сөйлер сөйлер де жауабын күтер.

Сайф Сарай.

Жақсы сөзді ел жаттар,

Ел жаттар сөзде салмақ бар.

Жамбыл Жабаев.

Қ.ӘБУОВА,

Химия-биология бағытындағы

Назарбаев зияткерлік мектебі.

Қызылорда қаласы

АКАДЕМИК ІСМЕТ КЕҢЕСБАЕВ - ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ЖӘНЕ ДАМЫТУШЫ ӘДІСКЕР

Ісмет Кеңесбаев – қазақ кеңес тіл білімінің негізін қалағандардың бірі. Ол 1907 жылдың 15 ақпанында Шымкент облысының Созақ ауданында туылған. Бала кезінде мұсылман мектебінде, кейін 1921 жылдан бастап Түркістан қаласындағы В.И.Ленин атындағы мектепте оқиды. Кейінірек Ташкентте Қазақтың оқу-ағарту институтында, одан соң Қазақтың жоғары педагогикалық институтында оқыған. Пединституттың екі курсын бітіргеннен кейін жақсы оқитын оқушылар қатарында 1928 жылы Ленинградта, Шығыс институтының түркология бөліміне жіберілген. Оны 1931 жылы бітіріп шығады. Осы институтта оқып, алған білімі оның бұдан былайғы өмір, еңбек жолын айқындап берді. Мұнда атақты кеңес ғалымдары И.И.Мещанинов, И.Ю.Крачковский, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, Е.В.Щерба, Н.Я.Мартэрізді профессорлардың алдын көріп, лингвистикалық терең білім алды. Ісмет Кеңесбаев 1931 жылдан бері жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде еңбек еткен. Ол алғашқы кезде халық ағарту комиссариатында методист бола жүріп, Қазақ пединститутында қазақ тілінен сабақ берген болатын. Содан соң Қазақтың мемлекеттік медицина

институтында тіл кафедрасының меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында (1936-1940) аға ғылыми қызметкер болып істейді. Кейінгі жылдары ол Абай атындағы Қазақ пединститутында, Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінде әуелі доцент, кейін профессор қызметін атқарды. 1938 жылы 8-10-сыныптарға арнап, құрылымы мен мазмұны жағынан да тың қазақ тілі оқулығын жазады. 1939 жылы І.К.Кеңесбаевқа филология ғылымының кандидаты деген ғылыми атақ берілді. Ал 1944 жылы «Қазақ тілінің тиянақты сөз тіркесі» (фразеологиясы) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды, 1945 жылы оған профессор атағы беріледі.

Ісмет Кеңесбаев еңбектерін Кеңес үкіметі жоғары бағалады. 1944 жылы жоғары оқу орындарындағы мінсіз атқарған педагогтық қызметі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1945 жылы Қызыл Жұлдыз орденімен, 1967 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, сондай-ақ Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталды, 1945 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының шешімімен «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақ беріледі.

І.К.Кеңесбаев бастауыш, орта және жоғарғы мектептерге үздіксіз үлкен көмек көрсеткен жан болатын. Бір атап кететін жайт-ғалым өзінің ғылыми қызметін 1930 жылдары бастауыш және орта мектептер үшін оқулықтар, бағдарламалар жасаудан бастайды. Ол -мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған бірқатар оқулықтың авторы. Оның бұл саладағы ең тұңғыш мектеп оқулығы 1934 жылы шықты. Оқулықтарының көпшілігі әлденеше рет басылған.

Ісмет Кеңесбаевтың қазақ тіл білімі саласындағы

зерттеулері жан-жақты және сан-салалы. Ол екі жүз отызға тарта ғылыми еңбек жариялады. Ол еңбектерінде ғалым фонетика, лексика, грамматика, тіл тарихы, қолданбалы лингвистика мәселелерімен ғана айналысып қойған жоқ, сондай-ақ КСРО халықтары тілдерінің өзара қарым-қатынасы мен аударма мәселесін де назардан тыс қалдырған емес.

І.К.Кеңесбаевтың қазақ тілі фразеологиясының мәселелері жөніндегі зерттеулері айрықша көңіл аударарлық, фразеологияны қазақ тілі білімінің өз алдына дербес саласы ретінде қалыптастырған, оның теориялық негізін салған-Ісмет Кеңесбаев. Ол көп жылдан бері қазақ тілінің лексика, фразеологиялық байлығын жинаумен, жүйелеумен, ғылыми тұрғыда жан-жақты алып зерттеумен шұғылданып келді. Оның «Қазақ тіліндегі фразеологиялық түйдектердің кейбір ерекшеліктері туралы» деп аталатын көлемді мақаласы, міне осы мәселеге арналған.

Ісмет Кеңесбаевтың жұмыстарының едәуір бөлігі қазақ әдеби тілінің дамуына, жетіліп шыңдала түсуіне ұйытқы болған негізгі құбылыстар барынша кең көлемде сөз болады. Автор әсіресе Кеңес дәуіріндегі әдеби тілге көбірек көңіл бөледі.

Рас, мұндағы мақалалар әр кезде жарияланғандықтан, кейбір қайталау бары сезіледі. Бірақ бұл ғалым ұсынып отырған теориялық қағидалардың ұзын ырғасына ешқандай нұқсан келтірмейді. Қайта автордың мұнда қамтылған тақырыптарды талдау жүйесін түсінуді оңайлата түседі.

Ғалымның қазақ тілінің лексикасын, семасиологиясын зерттеуге арналған еңбектері де қыруар. Ол өзінің бар шығармашылық өмірінің өн бойында әсіресе ана тілінің фонетикалық жүйесін байсалды да белсенді

түрде зерттеп, барынша жемісті еңбек етіп келеді. Исмет Кеңесбаев қазақ тілі фонетикалық құбылыстарының заңдылығы жайында бірінші рет дәлелді қағидалар ұсынған еңбектер берді. «Қазіргі қазақ тілі» (Алматы, 1954) атты монографиялық зерттеуде Исмет Кеңесбаев жазған «Фонетика» бөлімі бұл жинаққа көлем жағына байланысты кірмей қалды.

Автор онда қазақ тілінің фонетикалық құрылысын, мысалы, дауыстылар мен дауыссыздардың физиологиялық және акустикалық сипатын, буын құрылымын, дыбыстар гармониясын, ассимиляциялық өзгерістерді, т.б. тәптіштеп сөз етеді.

Исмет Кеңесбаев қазақ жазуын, орфографиясын әрдайым жетілдіріп отыру ісінде де көп еңбек сіңірді.

Орыстың П.М.Мелиоранский, И.И.Мещанинов, С.Е.Малов, А.Н.Самойлович сынды тіл зерттеуші ғалымдарының, қазақтың Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, Қ.Қ.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев сияқты ғұламалардың өмірі мен қызметі туралы жазғандары қоғамтану, жалпы түркологиялық, сондай-ақ жалпы қазақтану аспектісінде тағылымды, айрықша құбылыс болып табылады. Ол мақалаларында ғалым осы оқымыстылар туралы не бір маңызды мәліметтер келтірген. Оның «Қазақ халқы тілін зерттеудің бел-белестері» дейтін мақаласы мен кейбір еңбектері лингвистика тарихына байланысты жазылған.

Исмет Кеңесбаев 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланады. Осы жылдан бастап 1951 жылға дейін Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті болып істейді. 1956-1978 жылдары алдымен Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл-әдебиет институтының 8 жыл, кейін Тіл білімі институтының 17 жыл директоры болды. Бірнеше жыл

бойы Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімін басқарды.

Академик І.Кеңесбаевтың фонема заңдылықтары туралы ғылыми тұжырымдары.

Қазақ тілінің фонетика мәселелерін арнаулы бір жүйеге салып, мектеп грамматикасы көлемінде қарастырған профессор Құдайберген Жұбанов болса, оны жан-жақты талдай отырып ары қарай дамытқан академик Исмет Кеңесбаев болатын. Ол қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеу барысында жалпы фонетиканың кейбір мәселелеріне де тоқталып, құнды пікір айтқан. Мәселен, оның қазақ тілінің дыбыстық жүйесін фонетикалық және фразеологиялық тұрғыдан қарастыруы бүгінгі таңға дейін өз құндылығын жойған емес. Ал фонетиканың басты мәселелерін былай терең түсіндіре білуінің сыры – І.Кеңесбаевтың лингвистикалық мектепті Ленинградтан бітіріп, Л.В.Щерба әдісін кеңінен пайдалана білуінде. Мұны ғалымның өз сөзінен де байқауға болады: «Л.В.Щербаның фонема жөніндегі концепциясы, Н.Я.Маррдың да, шет елдегі буржуазиялық лингвистердің де бұл мәселе туралы пікірлеріне қарағанда, тарихи шындыққа анағұрлым таяу» [1.,220-б]. Демек, І.Кеңесбаевтың ұстазының еңбегімен ғана емес, басқа да ғалымдардың зерттеулерімен етене таныс екенін көреміз. Сондай-ақ, І.Кеңесбаев еңбек еткен кезеңде фонетика мен фонологияның жігі ашылып, яғни, екеуінің де зерттеу объектілері бір болса да, зерттеу аспектілері түрлі болып қарастырыла бастаған еді. Әсіресе, фонема теориясы фонологиялық жағынан етек алып зерттеле бастаған. «Фонетика мен фонологияның зерттелу тарихына көз жүгіртсек, - дейді Ә.Нұрмаханова, - көптеген таласты пікірлерді кездестіреміз. Бірсыпыра

еңбектерде фонология фонетиканың синонимі ретінде қолданылады. Ал кейбір Батыс Европа лингвистері бұл екеуін бір-біріне қарсы қояды. Ағылшын тілінде дәстүр бойынша фонология термині қолданылады. Француз тілінде фонетика мен фонологияны бір-бірінен ажыратып қарамайды. Ф.де Соссюрдің, онан соңғы М.Грамонның пікірінше, фонология дыбыстардың атқаратын функциясына қарап зерттелуі тиіс. Н.Трубецкой тілдің дыбыстық жүйесін бір ғылым емес, екі ғылым ретінде тексерілуі керек, оның бірі сөйлеу актісіне, екіншісі тілге негізделуі тиіс деп қарайды. Демек, Н.Трубецкойдың пікірінше, сөйлеу дыбыстары фонетиканың, ал, тіл дыбыстары фонологиялық объектісі болып есептелінеді [2., 73-74-б].

Фонема туралы ілімнің алғаш негізін (1870ж.) салған орыс және поляк тілін зерттеуші Бодуэн де Куртенэ болатын. Ол «Некоторые отделы сравнительной грамматики славянских языков»(1881ж.) атты еңбегінде фонема сөздің фонетикалық бөліктеріне қарағанда, бөлінбейтін бөлшек екенін айтады [3.,31- б]. Ғалымның пікірінше, морфеманың алмасып отыру заңына байланысты бір фонема болу үшін тек қана тұтас бөлінбейтін дыбыс қана емес, сонымен қатар, дыбыс бөлігі, тіпті, екі не одан да көп дыбыстар бола алады. Себебі олар морфема төңірегінде бөлінбейтін біртұтас бөлшек ретінде ауысып отырады. Демек, Бодуэн де Куртенэ фонеманы фонетикалық бірлік ретінде емес, этимология-морфологиялық бірлік ретінде қарастырады, яғни фонеманың антропофоникалық аспектісін морфемдік аспектісінен ажыратып қарастырған. Ғалым келесі еңбектерінде фонема жайлы түсінігін өзгертіп, таза психологиялық тұжырым жасайды. Мәселен, 1894 жылы поляк тілінде шыққан «Опыт

теории фонетических альтернатив» деген еңбегінде «Фонема-единое представление, принадлежащее миру фонетики, которое возникает в душе посредством слияния впечатлений (артикуляционных акустических) полученных от произношения одного и того же звука – психический эквивалент звуков языка» [3., 32-б] десе, 1917 жылы жарық көрген «Тіл біліміне кіріспесінде»: «...Постоянно в нашей психике существующее представление звука, т.е. одновременного сложного комплекса произносительных работ и получаемых от этого представлений, мы будем называть фонемой» дейді [3., 32-б]. Сондай-ақ, ғалым фонемалардың өз беттерінше «өмір сүре» алмайтыны жайында: «Фонемалар... өздігінен ешқандай мағыналарға ие бола алмайды. Олар әр жақты... тілдік элементтердің (ал ондай элементтер - морфемалар) құрамында енгенде ғана, тілдік мәнге ие болып, лингвистикалық тұрғыдан қаралып таныла алады» дейді [2., 276-б].

Фонема теориясы туралы ілімді тереңірек зерттеп, ары қарай дамытқан ғалым Бодуэн де Куртенэнің шәкірті Л.В. Щерба болды. Л.В.Щербаның фонема теориясы жайлы алғашқы түсінігі ұстазының көзқарасымен үндес келеді. Оның 1912 жылы шыққан «Русские гласные в качественном и количественном отношении» деген еңбегінде фонемаға берілген анықтама психологиялық түсініктемеден арылмаған. Солай бола тұрса да, фонема жөнінде функционалдық көзқарастың қалыптасқанын да аңғарамыз: «Фонемой называется кратчайшее общее фонетическое представление данного языка, способное ассоциироваться со смысловыми представлениями и дифференцировать слова и могущее быть выделяемо из речи без искажения фонетического состава слова» [4., 32-33-б]. Ал «Фонетика французского

языка» деген еңбегінде: «... в живой речи произносится значительно больше, чем мы обыкновенно думаем, количество ранообразных звуков, которые в каждом данном языке объединяются в сравнительно небольшое число звуковых типов, способных дифференцировать слова и их формы, т.е. служат целям человеческого общения ... мы будем их называть фонемами» деп фонеманың мағыналық қызметіне баса назар аударады [3., 33-б]. Демек, Л.В.Щербаны фонема теориясының негізін қалаушылардың бірі деп толық айтуға болады. Ол фонетика мен фонологияны бірінен-бірі бөліп қарастыруға қарсы болды. Л.В.Щербаның айтуынша, сөзді және сөздің тұлғасын ажырататын дыбыс типі, дыбыстық айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны фонема деп ұғамыз [4., 20-б]. Ғалым өз еңбегінде сөзді және тұлғасын ажырататын дыбыс туралы ғана айтып қоймай, фонема және оның реңктері жайында да сөз қозғады. Ол жөнінде М.И.Матусевич: «В изучении Щерба особенно важен также и второй момент, а именно связь смысловразличительной функции с конкретными звучанием, т.е. учение об оттенках фонем» дейді [3., 34-б].

Л.В.Щерба дыбысты үш аспектісі бойынша қарайды: бірі–социалдық немесе лингвистикалық; екінші – биологиялық немесе артикуляциялық; үшіншісі – физикалық немесе акустикалық аспектілер. Оның ойынша, сөз мағынасын өзгертіп тұратын, акустика-артикуляциялық жағынан түрліше айтылатын дыбыстар өз алдына жеке фонема болады да, ал дыбыстар түрліше айтыла тұрып, сөз мағынасын ажыратушылық қызмет атқармаса, онда олар бір ғана фонема болады. Л.В.Щерба түрліше айтылған

дыбыстарды оның реңктері деп есептеді. Демек, ғалым фонеманы лингвистикалық аспектіде қарайды. М.И.Матусевич: «Членение речи на отдельные фонемы происходит только при лингвистическом аспекте, акустический же и артикуляционный аспекты в этом плане беспомощны» дейді [3., 38-б]. Л.В.Щерба фонема варианттары жөнінде дербес теория жасады. Фонемалар тілде дербес қолданылмайды, тек сөзде ғана қолданылады десек, сөз дыбыс тіркесіменен құралады. Ал сөз ішіндегі орнына, т.б. мәселелерге байланысты дыбыс әр түрлі реңкте айтыла береді. Демек, фонеманың әр түрлі варианттары болатынын айтады [4., 24-б]. Л.В.Щербаның бұл зерттеуі өз мектебінде (Ленинград мектебі) қолдауын тауып, кең орын алды. Ендеше, осы мектептен тәлім алған шәкірттер тіл дыбыстарын қарастыруда өз ұстаздарының идеяларын басшылыққа алып отыратыны түсінікті. Сондай идея Ленинград мектебінің түлегі академик Ісмет Кеңесбаевтың зерттеулерінде де ұшырасады.

Р.И.Аванесов фонема жайында «Из сказанного следует, что фонемой является кратчайшая звуковая единица как независимая по своему качеству величина и потому сама по себе достаточная для различения звуковых оболочек словоформ» дейді [5., 24-25-б].

М.И.Матусевич фонемаға төмендегідей анықтама береді: «Фонема-это исторически сложившаяся мельчайшая линейно неделимая единица языка противопоставленная всем другим фонемам, могущая иметь самостоятельное значение, входящая в состав звукового облика слов или их форм и способная их дифференцировать; она существует в речи различных оттенках в зависимости от их фонетического положения [3., 41 б].

Академик І.Кеңесбаев фонемаға мынадай анықтама береді: «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны (көрнекі дыбысты) фонема деп атаймыз [1., 221-б].

Ғалымның анықтамасы Л.В.Щербаның түсінігімен үндес. Яғни, фонема сөз (не форма) ажыратушылық және мағына ажыратушылық қызмет атқарады. Фонема сөзден тыс тұрып ешқандай мағынаға ие бола алмайтыны белгілі. Демек, фонеманың «өмір сүру» ортасы – сөз. Сондықтан қандай сөз болмасын белгілі бір фонемалардан құралады. Сөзде фонеманың саны аз да, көп те бола береді. Сөзден сөз өзгеше болу үшін сөздің күллі фонемалар сапасы өзге болуы шарт емес, бір сөзден бір сөз, біріншіден, фонеманың сапасы жағынан (мал, тал, қал), екіншіден, фонеманың саны жағынан (бала, ала, ал), үшіншіден, фонеманың сөздегі тәртібі жағынан (тас, сат, қас, сақ) ажыратылып отырады. Бұл жайында ғалым І.Кеңесбаев: «Сөздердің бір-бірінен айырмасы ол сөздердің тек бір дыбысының өзгешелігімен де байланысты; мысалы, Жамбылдың «Алатау» атты өлеңі мынадай болып келеді:

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың.
Дариядай тулап аққан сол таулардың,
Көресің тамашасын аққан судың.
Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін,
Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістер көп,
Бір татсаң аузыңнан дәм кетпейтін.

Осындағы нудың деген сөз н дыбысынан басталып тұр да, судың деген сөз с дыбысынан басталып тұр: сол сияқты жетпейтін ж-дан, кетпейтін дейтін к-ден басталып тұр. Мағына ажыратып тұрған осы сөздердің

басқы дыбыстары; әрі екі сөздің өзге дыбыстары - ортақ (өзінің сапасы мен саны жағынан да, ол дыбыстардың орын тәртібі жағынан да айырма жоқ). Осы мысалда сөз мағынасының ерекшелігіне ұйытқы болып тұрған басқа дыбыс болғандықтан, оның фонематикалық қасиеті бар. Сөз ішіндегі дыбыстардың саны мен сапасы бір бола тұрып, олардың орын тәртібі ауысса (метатеза болмаған жердің бәрінде), сөз мағынасы мүлде өзгеріп кетеді. Сондықтан арнаулы бір мағына туғызу үшін дыбыстардың сапасы, сонымен қатар олардың тіркесу тәртібінің де үлкен рөлі бар. Мысалы: сол «Алатау» өлеңінде мынадай делінеді:

Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған кептес.
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

«Осындағы *кетпес, кептес* сөздеріндегі дыбыстардың сапасы да, саны да бірдей. Солай бола тұрып, дыбыстардың тіркесуі әр түрлі болғандықтан, бұлардың мағынасы да әр түрлі, -дей келіп, -... фонеманың сапасы өзгерілсе де (нудың-судың, жетпейтін-кетпейтін), саны өзгерілсе де (тегіс-егіс), орын тәртібі өзгерілсе де (кетпес-кептес) сөз мағынасы тиісінше құлпырып отырады» деп жоғарыдағы айтқандарын қорытады [1., 221-б]. Демек, сөзден сөздің өзгеше болуы үшін оның құрамындағы барлық дыбыстың сапасы өзгеше болуы шарт емес, тек бір дыбысының сапасы өзгеше болуы немесе бір сөз бен екіншісінің құрамындағы дыбыс саны, дыбыстардың тіркесу тәртібі өзгеше болуы жеткілікті. Ендеше, бір сөзді екінші сөзден (форма мен мағына) ажыратуда фонеманың мәні зор. Сондай-ақ, ғалым орыс тіліндегі дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі әрқайсысы өз

алдына жеке фонема болатынын, ал қазақ тілінде (қ-к, ғ-г-лерді еске алмағанда) дауыссыз дыбыстардың жуан, жіңішке болып айтылуында фонемалық қасиет жоқ екенін айтады. Ол: «Орыс тілінде мол және моль, кон және конь сөздеріндегі жуан, *л*, *н* мен жіңішке *ль*, *нь*-дердің әрқайсысы - өз алдына бір-бір фонема. Өйткені, осы мысалдағы жуан, жіңішке дауыссыздар сөздің мағынасына ұйытқы болып тұр. Қазақ тілінде осы тәрізді дауыссыздардың жуан-жіңішкелігінің мағынаға тиер әсері жоқ: «сал және сәл, сан және сән дегенде (жуанды-жіңішкелі түрде) мағынаға ұйытқы болып тұрғандары – дауыстылар; бірде-а, бірде-ә»,-дейді [1., 220-б]. Қазақ тілінде, сондай-ақ түркологияда дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі дауысты дыбыстарға байланысты. Ал Л.В.Щербаның теориясына салатын болсақ, дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі бір фонеманың реңктері болмақ. Сөз ішінде кездесетін бір фонеманың түрліше реңкі мағына және форма ажыратушылық қызметі жоқ екені айтылған. Бұл жөнінде Р.И.Аванесов:«... одна разновидность данной фонемы по отношению к другой разновидности той же фонемы не может выступать в качестве знака для различия слов. Слова могут различаться только разновидностями одной фонемы по отношению к разновидностям других фонем» дейді [5., 40-б]. Сондықтан жоғарыдағы мысалдардағы дауыссыз *с*, *н*, *л* дыбыстарының бірде жуан, бірде жіңішке болып айтылуында сөз (форма және мағына) ажыратушылық қызметі, яғни, фонематикалық қасиеті болмайды.

Фонема - тіл дыбыстарының мағына айқындайтын кезеңін қарастырады десек, тіл дыбыстары мағына айқындау жағынан біріне-бірі қарама-қарсы қойылады. (Бұл жоғарыдағы дауыстылардың біріне-бірі жуанды-жіңішкелі болып қарама-қарсы қойылуы). Олай болса,

ғалым І.Кеңесбаев фонология заңдылықтарын тап басып, тани білген.

Қысқасы, академик І.Кеңесбаев ұстазы Л.В.Щербаның идеясына сүйене отырып, қазақ тілінің фонемаларын анықтаған, қазақ тілінде фонема теориясын жасаған, ол ғылымның кейінгі дамуына негіз болды. Кейін ғалымның бұл зерттеуі өз қолдауын тауып, ары қарай дамыды. Мәселен, Ж.Аралбаев, Қ.Аханов, К.Бейсенбаева, т.б. ғалымдар бұл мәселені біршама тереңірек зерттегені белгілі. І.Кеңесбаевтың қазақ тілінің фонемалары туралы теориялары қазір де сақталуда. Мысалы, фонема туралы М.Оразов: «Шындығында да, фонема мағына ажыратады ма? Фонеманың мағынамен байланысы бар ма? Әрине, жеке фонемалардың мағыналарымен байланысы жоқ, сондықтан да бір дыбыстан жасалған мағынамен байланысы бар элементті әрі дыбыс, әрі морфема деп атаймыз. Бір дыбыстан жасалған қосымшалардың, сөздердің бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы: «Ағашты и» дегендегі *и* әрі дыбыс, әрі түбір морфема (сөз)»,- деген пікір айтады [2., 23-б].

Соңғы кезде дыбыс жүйесін жаңа қырынан қарастырып жүрген ғалым Ә.Жүнісбеков қазақ (түркі) тілінде фонологиялық қызметті буын атқарады деп, фонема терминінің орнына сингармема терминін қолданылуды ұсынған [6., 4-6-б]. Ғалым қазақ (түркі) тілінде сөз ажыратушы және мағына ажыратушы қызметті сингармонизм атқаратынын дәлелдеді. Ол сингармонизм тек дауысты дыбыстардың ғана гармониясы емес, сондай-ақ дауыссыз дыбыстарға да қатысты екенін, олар (дауысты және дауыссыз дыбыстар) сингармониялық тембрдің (сингармотембр) ықпалына бірдей ұшырайтынын, сингармонизмнің басты

фонологиялық қызметі - қазақ (түркі) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында екенін, сингармониялық тембр конститутивтік және сөз ажыратушы қызмет атқаратынын айтады. Сингармонизмнің конститутивтік қызметі сөзді дұрыс тануды (ажыратуды) қамтамасыз етеді. Мысалы: бас, бес, бос, бөс, т.б. деген сөздер жуанды-жіңішкелі болып келуімен ғана емес, әр сөздің өзіне тән бір тембрдің сақталуымен ажыратылады дейді. Бұл орыс тілінде екпін қалай болса, қазақ тілінде сингармонизмнің де сондай сөз анықтағыш қызмет атқаратынын көрсетеді. Ол қазақ сөздерінде мынадай сингармонизм комбинациялары бар екендігін көрсетеді:

жуан езулік - жіңішке езулік: *тыс-тіс, бас-бәс*;
жуан еріндік - жіңішке еріндік: *сол-сөл, жон-жөн*;
жуан еріндік - жуан езулік: *тот-тат, сұр-сыр*;
жуан еріндік - жіңішке езулік: *тон-тін, тұс-тіс*;
жіңішке еріндік - жіңішке езулік: *өн-ін, түр-тер*;
жіңішке еріндік - жан езулік: *тұс-тас, өр-ар*.

Яғни, бұдан тілімізде еріндік пен езулік сингармонизмдері бірдей қызмет атқаратынын, сөз ажырату функциясы жағынан олардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ екендігін көрсетеді. Ә.Жүнісбеков «ерін үндестігі мен езу үндестігінің бір-бірінен артикуляторлықтан басқа айырмашылық жоқ, сондықтан ерін үндестігін өз алдына жеке құбылыс демей, тек сингармонизмнің түрі деп қарастырған жөн» деген тұжырым айтады. Ол: «Таким образом, под сингармонизмом понимаем однородную тембральную организацию всех звуков, как гласных, так и согласных, составляющих фонетических облик слова. ... Нарушение сингармонизма в пределах слога недопустимо как с исконно казахских многосложных словах, так и в ранних заимствованиях» деп қорытындылайды

[6., 73-б]. Демек, қазақ тілі дыбыс жүйесін жаңа қырынан қарастырған Ә.Жүнісбековтің еңбегі Ісмет Кеңесбаевтың зерттеулерін дамытқан елеулі еңбек деп білеміз. Сөйтсе де, академик І.Кеңесбаевтың зерттеуін жоққа шығаруға болмайды, өйткені сингармонизмнің негізі де фонемада жатыр. Әр адам бір затты түрлі қырынан қарап, түрліше түсінетіні белгілі. Ендеше, ғалымның түсінігі өз көзқарасы бойынша өте орынды дегіміз келеді. Ал ғалым Ә.Жүнісбековтің зерттеуін ғылымның ілгері дамуы деп қараған жөн, бірақ оның мәнін келешек көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Ісмет Кеңесбаев қазақ тілін зерттеуге кездейсоқ келмеген. Жасынан ұстаздықты таңдаған ол әуелі педагогтік оқу орындарында, кейін Ленинградтағы Шығыс институтының түркітану институтына жіберіледі. Онда атақты орыс тілші ғалымдарынан дәріс алады. Солардың идеясын кейінгі өз зерттеулерінде басты нысана етеді.

Ісмет Кеңесбаев жоғары оқу орындарында ұстаздық ете жүріп қазақ тілінің тың салаларын зерттеуге баса көңіл бөлді. Соның бірі – қазақ тіліндегі фонема заңдылықтарын тұңғыш зерттеуі, фонема құбылысының қазақ тіліне тән анықтамасын беруі. Бұл фонетика саласын зерттеудегі үлкен жаңалық болатын. Бұл идея кейінірек фонетика туралы зерттеулер жүргізген Ж.Аралбаев, К.Аханов, К.Бисенбаев, Ә.Жүнісбеков, т.б. ғалымдардың шығуына бастама болды.

Ісмет Кеңесбаевтың қазақ тіл білімінде ашқан тағы бір жаңалығы-қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерді зерттеп, оның басқа тіркестер түрінен айырмашылықтарын көрсетіп, тұрақты тіркестердің өзіне тән белгілерін анықтап беруі және оларды іштей жіктеп көрсетіп беруі болды. Сонымен бірге қазақ

тілінде тұңғыш рет тұрақты тіркестің сөздігін жасауы да ғалымның жаңалығы болатын. Ғалымның қазақ тіл білімінде бұл ашқан жаңалықтары қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдердің бұдан былайғы зерттелуіне, жаңа сөздіктердің жасалуына ғылыми негіз болды.

Ісмет Кеңесбаевтың ғылыми зерттеу жұмыстары оның ұстаздық қызметімен тығыз байланысты болды. Ол мектептерге арналған алғашқы оқулықтардың, бағдарламалардың авторы болумен бірге жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары мен оқулықтардың авторы болды. Ол жазған оқулықтар маңызын әлі күнге жойған жоқ.

Осыдан жарты ғасыр бұрын оқулықтарға еніп осы күнге дейін оқытылып келе жатқан «Тұрақты сөз тіркестері» тақырыбы әр кезеңде жаңа әдіс-тәсілдермен оқытылып, мұғалімдердің шеберлігін шыңдай түсуге, қазақ жастарының халық тілінің байлығын терең меңгеруіне септігін тигізіп келеді. Қазіргі таңда (фразеология) тұрақты сөз тіркестері жаңа әдіс-тәсілдерімен, технологиялармен, жаңа көрнекі техникалармен оқытылуда.

Әдебиеттер:

- 1 Кеңесбаев І. Қазақ тілі грамматикасы, -Алматы, 1939;
- 2 Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, Фонетика, -Алматы, 1962;
- 3 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер, -Алматы, 1977.
- 4 Лев Владимирович Щерба. Русские гласные в качественном и количественном отношении. "Наука," Ленинградское отделение, 1983.
- 5 Аванесов Р.И. Русское литературное произношение. -М.: Просвещение, 1972.
- 6 Жүнісбек Ә. Түркі тілдерінің сөз просодикасы және қазақ тілінің сингармонизмі. А., 1989 жыл



Г.ТҮРҒАНБАЕВА,
С.Сапарбеков атындағы
№125 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Жанакорған ауданы

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ТУЫНДЫСЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР КӨРІНІСІ

Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының ұлттық рухын көтеруге қаламын қару еткен даңқты қолбасшы, қазақтың маңдайына біткен біртуар азамат, соңында өшпестей із қалдырған қаламы қарымды қаламгер. Өз өмір жолын шығармалары арқылы өзі баяндап кеткен жазушының өмірі - тұнып тұрған өнеге.

Бауыржан Момышұлының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен басты фактор - өзінің түлеп ұшқан ұясы. Әсіресе, балалық шағын халықтың сол кезеңдегі тыныс-тіршілігімен жымдастыра суреттеген «Ұшқан ұя» туындысы өн бойынан қазақы исі аңқыған салт-дәстүрлер мен шынайы өмірдің жөн-жоралғыларын толықтай кейінгі ұрпаққа жеткізе білген құнды шығарма. Шығарманы оқи отырып, сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайды, қоғамдық өмірді көз алдына еріксіз елестетесіз.

«Біз салт-дәстүрімізді жойып жібермей, сақтап қалуымыз керек» (С.Қирабаев). Халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Дәстүр

– мәдениеттілік белгісі. Дәстүр байлығы–мәдениет байлығы. Ол – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани байлық.

«Ұшқан ұя» повесі Кеңес өкіметінің алғашқы қалыптасу кезеңінде болған оқиғаларды салтымыз бен дәстүрімізден алшақтатпайды. Шығармада сол кезеңдегі идеологияға бейімдеп, жалған кірістіре салған оқиғалар жоқ. Шығарманың кіріспесінде-ақ қазақ халқы салт-дәстүрінің ең көрнекті көрінісі той жайлы айтылады. «Той дегенде қу бас домалайды» деп, қазақы тойдың ойын-сауықсыз өтпейтіндігі, ондағы қыз бен жігіт айтысының тартымдылығы, қазақ жастарының бойындағы суырып салмалық өнердің басымдылығы баяндалады. Той жайы сөз болмас бұрын Қызтумас әженің төртінші перзенті Момышқа аққұба аруды айттырмақшы болып, ұзақ уақыт қыз іздестіргені, соның кесірінен Бауыржанның әкесі Момыш отыз үш жасына дейін салт басты сүр бойдақ болып жүргені айтылады. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын Қызтумас әже бірде көрші ауылдағы тойға барып, аппақ ару кездестіркем үмітпен жастар жаққа құлақ түреді. Сол кезде киіз үйден шыққан айтыс әнін естіп қалады. Айтысып отырған қыздың даусы жайдары естілгенмен, реңі Қызтумас әженің ойындағыдай болмай шығады:

-Өзің қазанның күйесіндейсің, күйеге күйе жұкса не болмақ, құдайым-ау! –деп баласы Момышты алдына салып қуып шығады.

Шығарманы оқи отырып, сол кезеңдегі адамдардың пейілі мен бір-біріне деген ыстық ықыластарының шынайылығына таң қалмасқа болмайды. Мысалы, Бауыржан дүниеге келгенде әкесі аулында болмай

Әулиеата шаһарына кеткен екен. Бұл қуанышты хабарды жеткізбекке сол ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп барып, Момышты құшақтап жылап тұрып:

-Жеңешем ұл тапты,- деп сүйінші сұрайды. Қуанышты хабарға маз-мейрам болған Момыш сүйінші сұрай келген Байтоқты риза етіп қайтарады. Бұл жерде, біріншіден, ата-салтының ізі жолы жақсы сақталғандығы, екіншіден адамдардың бір-біріне деген ықыласының пәктігі айқын көрінеді. Әулиеатадан қайтып келген Момыш шілдехана той жасайды. Той соңында атасы Имаш алақан жайып ел қарияларынан бата сұрайды. Сол тұста қариялар:

-Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі,- деп жолды Имаш қарияның өзіне ұсынады. Бұл Имаш қарияның елге сыйлы ақсақал екендігін, әрі кішінің үлкенге деген зор құрметін көрсетеді. Бауыржанның өз атасынан алған алғаш батасы былай еді:

Алатаудың қыраны мол еді-

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді-

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді-

Шырағы болсын, құлыным.

Ана тілегі оң еді-

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді-

Сыңары болсын, құлыным.

Жарық дүниеге келгеніне екі-үш ай толғанда анасы Бауыржанды күн көзіне шығарып, Имаш атасынан тағы да бата сұрайды. Атасы еміреніп тұрып, баланың қолына жас бұтақ ұстатып:

*Құрық деп берсем – құл болма,
Шыбық деп берсем – шіл болма.
Бәрінен де шырағым,
Баяны жоқ ұл болма,-*

деп, немересіне өз батасын беріп, келініне қайтарып берген екен.

Бата - ақ тілеудің белгісі. Ол кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті рухани ұғым. Батаның бірнеше түрлері бар:

1. Дастарқанға бата. «Дастарқаның мол болсын,
Абыройың зор болсын!»
2. Алғыс батасы. «Бақ берсін, бас берсін.
Өміріңе ұзақ жас берсін!»
3. Жас балаға бата. «Өмір жолың ашық болсын,
Маңдайың жазық болсын!»
4. Жаңа айдың батасы. «Ай көрдім аман көрдім,
Ақиреттік заман көрдім.
Жаңа айда–жарылқа,
Ескі айда–есірке»
5. Наурыз батасы. «Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын!»

Шығармадан біз «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер» деген халық нақылының дәлелі іспеттес, бала Бауыржан атасының батасын, елдің ықыласын молынан алғандығын көреміз.

Қазақ халқына тиесілі ерекше қасиеттің бірі – үлкенді сыйлау. Бабаларымыз әу бастан-ақ үлкендердің сөзіне тоқтап, оларға қарсы келмеген. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен» дана халқымыздың

осы бір дархан мінезі шығармада кеңінен баяндалады. Әсіресе, Бауыржанның әжесі Қызтумасқа деген көптің көзқарасы ерекше. Қызтумас әже аса ажарлы, ақ дидарлы ақылды да көреген кісі болыпты. Ешкім де Қызтумас әженің бетіне келіп қарсы сөйлей алмаған. Әжесі Момышты «Тарамыс» деп атағаны үшін әжесіне қарсы сөйлеген Бауыржанға да әжесі өтірік ашуын көрсетеді. Ал Момыштың інісі Момынқұл бірде «Қойшы, Апа!» -деп байқаусызда айтып қалып, сол түнді қой қорасында өткізген екен. Дегенмен Қызтумас әже жүрегі жұмсақ, ашуы тез қайтымды, сыртқа қатты көрінгенмен балаларының, немерелерінің, тіпті барлық ауылдастың қамын ойлайтын мейірімді, парасатты, ақылгөй жан болған. Бауыржан атамыздың дара тұлға болып қалыптасуына Қызтумас әженің ықпалы өте зор.

Үлкенге қарсы шабалаңбай, үлкеннің айтқанын үнсіз мойындап құрмет көрсету оқиғалары шығармада жиі кездеседі. Соның тағы бір дәлелі Байтана Текебай би мен Байзақ датқаның баласы Қабылбектің арасында болған жағдай. Сайлау науқаны жүріп жатқан тұста Текебайдың баласы Серкебай жанына он жігіт ертіп алып, өз әкесін ұры деп паракор деп ұлыққа арыз жазғандығынанылып, Қабылбектің ауылына тасырлатып жетіп барады. Бірақ Қабылбек баланың шала ісіне ләм деп аузын ашпайды, көтерілген ағайындарын да басып тастайды. Баласының ерсі іс-әрекетіне намыстанған Текебай ат-шапан айыбын дайындап, Қабылбектің ордасына өзі барады.

- Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдыңа. Кешіремісің, сірә! –депті.

Сол кезде атынан аунап түскен Қабылбек:

- О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан

менің айыбым асып кетті, аға болсаң да мен сені аттан түспей тындапшың-ау. Сен кешіремісің мені? – деп үстіндегі зерлі шапанын жауып, күллі ағайынды Текебайға дауыс беруге шақырған екен. Міне, неткен кеңпейілділік, үлкен сөзіне тоқтап, ақылға келген қазағымыздың дархан көңілі. Дегенмен, сол кезеңнің қу саясаты халықты араздастырып, таластырып, бір-біріне арандатып қойған. Жалпы жазушының сөзімен айтқан болсақ: «Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін. Қария кісілердің сақалынан қадір-қасиет белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінезді жігіттердің кесек тұлғаларынан, қақбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай боламын. Солардың бәрі мені аймалап сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді» деп сәби көзімен көргендерін есіне алады.

Шығарманың тағы бір тұсында Момыштың әпкесі Айша апа ауылға төркіндеп келіп, істің ақ-қарасына бармай жатып жазықсыз күйе жағылған Момынкұлға дүрсе қоя береді.

- Қайда әлгі ұя бұзған ұятсыз, шірік!...Бетің күйсін, жүзіқара! Жоғал, көзіме көрінбей, -деп жазықсыз Момынкұлды түйрей жөнеледі. Осыған дейін Момынкұлға аталас Аққұл қарттың келіні Зәуремен көңілдес болды деген жалған айып тағылған еді. Арадағы өсекшілердің сөзіне ергендіктен шыққан бұл орынсыз күдік ел ағалары мен билердің алдында талқыланып, істің ақ-қарасы ажыратылған болатын. Істің оң шешілгендігінен бейхабар Айша әпкесіне Момынкұл кінәсіз екендігін біле тұра қарсы келмей, басы салбырап сүйретіліп сыртқа шығып кетеді. Бұл жерде бір жағынан, ел ішінде ардан аттағанның

аса ауыр күнә екендігі, екіншіден, жастардың үлкен алдында бас көтере уәж айтып тайталасқа түспейтін тәрбиелілігі сөз болады. Әрине, шығармада Айша апа Момынкұлдың еш күнә жасамағанына көзін жеткізіп: - Бишара Момынкұл айналайын, жерден алып жерге салсам да аузын ашпады ғой, мыңболғыр шырағым, -деп көзіне жас алады.

Ежелден-ақ қазақ халқы салт-дәстүрге бай ел. Біздің халқымыз ғасырдан-ғасырға өз ұрпақтарына ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым-тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана - тәрбиенің басты сара жолы. Бесік жырынан бастап шілдеhana, алғашқы мүшел, сүндет той, құда түсу, сүйек жаңғырту, қыз көру, тойбастар айту, сыңсу, арқан керу, беташар, некеқияр рәсімдері, наурызкөже, қонақасы беру, ұлттық ойындар – бәрі «Ұшқан ұя» туындысында жалаң емес, халықтың тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста оқырманға тартымды жеткізілген.

«Құлағына анасының әлдиі сіңбеген баланың көкірегі керең боп қалмаса игі еді. Бала күнінде ертегі тындап, бесік жырын тындап өспеген бала-рухани мүгедек адам», -деп қауіптенеді Баукең. Өйкені өзі бала күнінде Зереден тәлім алған Абай секілді әжесі Қызтумастың ертегісі мен бесік жырын үзбей тындап өсті. Тіпті әжесі аңыздардың түр-түрін айтып беретін. «Арада неше заман өтті, Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда», -деп есіне алады:

- Балам менің қайда екен?
- Қыздарменен тауда екен.
- Тауда неғып жүр екен?

- Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан кәнеки?..-
- Жаңа теріп жүр екен.
- Қызыл алма қолында
Қыз-бозбала соңында.

«Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен!»-дейді батыр атамыз.

«Сәлем–сөздің атасы» дейді дана халқымыз. Тәрбиелілік сәлемнен көрінеді. Шығарманы оқып отырып, Баукеңнің әкесі неткен көреген, пайымдағыш, зерек кісі болған деп таң қаласың. Бала тәрбиесіндегі кейде көзге көріне бермейтін нәзік тұстарды әкесі қалт жібермейді. Мысалы, үйлеріне қымыз ішуге келген бір топ ауыл ақсақалдарына қымыз құйып отырып, әкесі Бауыржанға:

-Аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда? –деп сыбырлайды. Сол кезде Бауыржан қатты қызарақтап үйден атып шығып, ізінше қайта кіріп: «Ассалаумалейкум, аталар!» деп сәлемін бере кірген екен. Бұл жерде әкенің бала тәрбиесіне бей-жай қарай салмай, қырағы қырандай жіті бақылап отыратындығын аңғарамыз. Сондай–ақ жазушы «Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді» деп жазады. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен. Мұның әлеуметтік зор мәні болған. Қазір де солай. Оның себебі, біріншіден, әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Сондықтан әр қазақ баласы өз ата-тегін білу тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған. Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары қарай таратылады. Оның дәлелі: «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер», «Жеті

атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөздер бекер айтылмаған. Бабаларымыз жеті атасын: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. (Ата-тек деген сөз осыдан шыққан) («Жеті қазына» 34 бет. 2001 ж.) Шығармада жеті атаны, елді танудың басы осылай басталатындығын әке балаға үнемі ұғындырып отырған. Сондай-ақ туған күн тойлау ол кезеңге жат нәрсе болған. Жазушы шығармасында. «Қаншаға келдің, қарағым?»-деп қазіргінің қай баласынан сұрасаң да сайрап айтып береді. Ал менің балалық шағымда туған жыл мен туған күнді мүлде атап өтпеуші еді. Тек мүшел кезеңдерін тойлаушы еді»- дейді Баукең.

Мүшел(ғұрып) «12 жыл уақыт мүшел деп аталады.» (М.Исқақов). Қазақтың ұғымында жас саны мүшелмен есептеледі. Бір мүшел-балалық, екі мүшел-күш-қуаттың толысуы, үш мүшел–жан-жақты толысу, төрт-бес мүшел-кемелдену, одан арғысы қарттық дәуірге сәйкес келеді. «Ұшқан ұя» туындысы - Бауыржан атамыздың бір мүшел, яғни, балалық шағының айнасы.

Шығармада кездесетін салт-дәстүріміздің тағы бір көрінісі – бесіккерті. Бұл бесік құда болу–балалары бесікте жатқан кезде атастырылып құда болысқан дегенді білдірсе керек. «*Үлкен әпкем Үбішті мен еміс еміс қана білемін. Әпкемді Байтана руынан Рысқұлбек Омаров дегенге бесіккерті етіп атастырған екен*» деп есіне алады автор. Сондай-ақ сүйек жаңғырту дәстүрі де шығармада кездеседі. Сүйек жаңғырту (дәстүр). «Сүйек жаңғыртайық, қызын маған кішілікке берсін! –деп беделді біреуді жұмсайды» (С.Мұқанов) Халық дәстүріне сәйкес «сүйек жаңғырту», «сүйек шатыс» деген сөздер жиі кездеседі. Бұл да үйлену, құдалық жолына байланысты шыққан ғұрып. Бұрын

құдандалы болып, бірімен бірі сыйласқан екі жақ, екі ру бұрынғы ілікті қайта жалғастыратын болса, оны «сүйекжаңғырту» деп атаған. Яғни, бұрынғы үзілген құдалық қайта жалғасты деген сөз.

Момыштың үлкен әпкесі Айша Қазығұрт баурайында тұратын Жантөреге сүйек жаңғырту дәстүрімен ұзатылады. Өйткені, Жантөре ерте үйленіп, әйелі бала үстінде өліп кетеді. Аталарының алыс-берісі бар жақсы сыйласқан екі әулет сүйекжаңғыртып, Айша әпкені ұзатып алады. Жантөренің бұрынғы әйелі Аққұл атаның немере әпкесі, осы рудың қызы болған.

Ұлттық салт –дәстүрдің шығармада ең шынайы әрі әсерлі көрсетілген тұсы –Бауыржанның үлкен әпкесі Үбианның ата жолымен ұзатылуы. Қызды көруге келген Батырбек әулетінен шыққан Балтабай мен күйеу жігіт Аюбайдың іс-әрекетінен бастап құдаласу, ұрын келу, қыздың соңғы салтанат құруы, қыз жасауын дайындау, ауыл тойы, сыңсу, арқан керу –барлығы тайға таңба басқандай шебер жазылған. Шығарманы оқыған адам қазақ деген халықтың салт-дәстүрлерін тереңінен тани түседі. «Базар күні Аюбайдың ауылынан жиырма шақты адам келді. Сөз бастары, жөн бастары, жол сілтері Аюбайдың немере ағасы Оңғарбай деген ақсақал екен. Қонақтардың құрметіне мал сойылды. Бүкіл ауыл барын құдалардың алдына тосып, аяғынан тік тұрып күтіп жүр. Барлық сый-сияпаттан соң, екі ауылдың игі жақсылары тізе қосып отырып бата алысты. Қонақтар ат-шапан алып, көңілді аттанды.» Құдаласу рәсімінен соң, келесі жұмада күйеу ауылы жаңа құдаларын қонаққа шақырып, қалың малдың бір бөлігін береді. Он шақты ауыл жігіттерін ерте барған Момынкұл бес жылқы, екі өгіз, отыз қойды алдарына салып келеді.

Келген малды Момынкұл базаршы болып лезде-ақ сатып жібереді де қалыңдық жасауын дайындауға бүкіл ауыл кірісіп кетеді. Халқымыз қызға берілетін жасауға зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді!» деген. Небір жақсы бұйым, сәукеле, текемет, ыдыс-аяқ, төсек орын, киім-кешек, әсем әшекейлі заттар қыз жасауына берілетін болған. Ауқатты адамдар қызды ақ отау тігіп ұзатқан. («Қазақ халқының салт-дәстүрлері» 34-бет) Бауыржанның әкесі аса ауқатты болмаса да Үбианға ақ отау тігіп, көз тартар жасауымен ұзатты. Сол сәтті жазушы: *«Үйіміз ою ойып өрнек салатын, киім пішіп, кілем тоқитын шеберханаға ұқсайды. Әжем «табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдығыңды түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын» деп отыратын»,*- деп еске алады.

Араға алты ай салып, Аюбай күйеу мен жолдасы Оңдас іні қараңғысын жамылып елге ұрын келеді. Бұл болашақ жармен жүздесудің басы болатын.

Тойға екі апта қалғанда Үбиан ағайын-туған, жекжат-жұрағаттармен танысуға аттанады. Үбианның жанына екі жігіт, үш келіншек ереді. Бұл да-ұлттық дәстүріміздің бірі. Осы аталған дәстүр жайлы Баукең былай дейді: «Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Аулынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл. Бұдан кейін өз бетінше отау тігіп, өз түтінін түтететін кез туады». Екі аптадан соң елге оралған Үбиандар төрт тай, мол сыйлық артылған түйе жетектеп қайтады. Бұл әкелінген сыйлықтар да жасауға қосылады. Той күнін белгілеген уақыт келген шақта жаңа ақ отау жанына жағалай үй

тігіледі. Тойға келген қонақтарға арналып тігілген үйлер біртіндеп молая береді. Осы сәтті Баукең: «Байқасам, кешке қарай ауыл жанынан Үбианның ақ отауын ортаға алған жаңа ауыл орнап қалған екен..» дейді. Осылайша қыз ұзату тойы да басталып кетеді.

«Қыз ұзату»-салт. «Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру»-ата-ананың тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату –үлкен той, думан әрі қызық. Бұл күні ата-ана қуанады әрі жылайды. Қуанатыны - мәпелеп өсірген қызын құтты жеріне қондыруы, ал жылайтыны- қимас сезімі.

Қазақта қызды алып кететін құда тақ санмен келеді, яғни, бес адам, жеті адам немесе одан да көп келеді. Ұзатылатын қызды таң алдында, күн шыға жөнелтеді. Құдалар әдетте кешкілік барады. Мұнда ойын-сауық, құдалық рәсімдер, кәде-жоралар жасалады. Жақындары құданы үйіне шақырып күтеді. Соңында құда атандырап кәдесі беріледі. Міне, осы жөн-жоралғының барлығы дерлік Үбианның ұзатылу тойында жасалды.

Күн қызуы тарап, ауа қоңырсалқын тарта бастағанда көрші ауылдардан сәнді киінген қонақтар ағылып келе бастайды. Екінші жақтан келе жатқан топ - аттылар. Қазақ тойы көкпарсыз өтпеген. Сондықтан көкпар ойынына сақадай сай келген аттылар бүкіл даланы гуілдетіп жібергендей.

Көкпар (салт, ойын). «Қазақ осы көкпар тартып, қыз қууға жаралған» (Қ.Мырзалиев). Жігіттердің күш-қайратын, ерлік, ептілігін сынайтын елдің ерекше қасиетін танытатын ұлттық салт ойыны. Жұрт «көкпар» немесе «көк бөрі» деп атайды. Айтта, тойда, аста «көкпар» тартылады. Ойынға екі жақтан ат – тұрманы сайлы, мықты, епті жігіттер шығады. Жігіттерге күш-қайратпен қоса ептіліктің аса қажет екендігін

шығармада былай көрсетеді:

-«Күш атасын танымас демей ме, Момыш-ау. Жағаласып жүріп бұлар көкпарға жармасқанына мәз зой. Әйтпесе қалбалақтай шауып дүркіремей, қайратым бар деп қара күшпен сілкілемей еппен тартқанды білер деймісің бұлар. Шіркін, он кісінің ортасына түссең де, оңайлықпен беріспей, күшіңе айланы астар етіп сытылып шыққанға не жетсін?»
Бұл Аққұлдың көкпар басталмас бұрын ойынға қатысатын жастарға ескертуі еді. Дәл осы ойын үстінде Бауыржанның көкесі Момынкүл ерекше көзге түседі. Сол сәтті автордың мына сөздерінен көре аламыз: «Кенет, осыншама мол тірестің арасынан әлдекім серкені ат сауырына салып сытылып шыға берді.

- Япыр-ай не деген қайратты қол еді мынауың. Қолыңнан айналайын, күшіңнен айналайын! Ақыреттің арасынан алып шыққанын көрмеймісің?! Жарайсың, жігітім! –деп серпіліп кетті Аққұл».

Тартысты өткен көкпар ойынынан соң, той сәнін кіргізген тойбастар айтылды. Үсендіктер мен байтаналар тойды кім бұрын бастайды деп дауласады. Бірақ жол байтаналықтарға тиеді де, күйеу жақтан келген Оңал тойбастарды шырқата жөнеледі:

*Біз келдік айдын көлден аққу көріп,
Аққудан таңырқайтын таптым көрік.
Ауылдан құс боп ұшып шығып едік,
Бастаған бәрімізді бақ күнге еріп –дейді*

де,

*Жол жүріп алты ай бойы көз ілмедім,
Ісімнің оңаларын сезіп едім .
Армысың, Үбианжан, бақ иесі
Сондағы іздегенім өзің едің.*

Үбиан өрттей қызарып кетіп, қасындағы құрбысы екеуі қосылып жауап қайтарады:

*Толқумен отырған бұл кезімізде,
Құрбыжан, біз не дейік сөзіңізге.
Аққуға теңедіңіз рахмет,
Өзгелер ұқсай берсін өзіңізге.*

Міне, сол кезеңдегі жастардың бойындағы суырып салмалық өнеріне таңырқайсың, әрі сүйсінесің. Тойбастар айтылып біткен соң, жұрт «той басталды, той басталды!» десіп гуілдесіп кетеді. Төбеден жаңбырша жауған өрік, тәтті, бауырсақтарды әркім жабыла теріп жеп, бұл «тойдың теберігі ғой» деп мәз болысады. Осылайша той басталып, қыз-жігіттер қос-қостан әріптесін тауып айтыс ұйымдастырады, палуандар күресі болады. Той соңы қалыңдықтың сыңсуына ұласады. Жеңгелері қыздың қызыл көйлегін шешіп, аппақ көйлек киіндіріп шығарады. Бауыржан осы сәтті: «Қыз дәуірінің соңғы нүктесі қойылғандай сезе ме, әпкем булыға жылайды. Жар-жарға ұқсас бір әнді созып жылайды», -деп жазады.

Сыңсу (салт). «Халқымызда тұрмыс-салт жырларының ең көп тарағандарының бірі – сыңсу». («Күйеу келтір, қыз ұзат» жинағынан) Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын-туғандарын аралайды. Жеңгесін ертіп, ағайындарын аралап жүрген қыз балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Қыз сыңсуы – жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда өте орынды дәстүр.

Үбианның сәйгүлігі әкелінген кезде қыздың

даусы бұрынғыдан да зарлы шығып, әр жеңгесін бір құшақтайды. Ал ауыл әйелдері болса, жақсы тілектерін жаудырысады. Міне ұзатылар уақыт та жетті. Үбианға еріп әжесі, Бауыржан, Әлиман және құдалар жағынан келген жеті жігіт Аюбай аулына қарай бет алады. Ауыл сыртында бұларды арқан керген жігіттер бөгейді. Оларға сый-сияпаттарын беріп, қыз-келіншектердің жайып қойған дастарқанынан дәм татып олар әрі қарай жүріп кетеді.

Ендігі той қызығы күйеу жақта жалғасады. Қыз аулындағыдай мұнда да әр үйдің алдында самауыр қайнап, ошақтардың түтіні аспанға будақтайды. Жұрттың бәрі абыр-сабыр болып, беташар мен некеқияр қызығын тағатсыздана күтіп жүр. Осы рәсімдерді айтпас бұрын Аюбайдың әкесі Майлыбай ақсақалдың өлім мен кәрілікті мойындаған ұстамдылығын сөз етсек:

-Ал қара жігіт, кемсеңдеген шағында кенжеңе де отау тігіп, көңілің орнықты ма? Ақ түйенің қарнын ақтаратын кезің енді келді, -деді бір аппақ кемпір жас кезіндегі әдетімен.

- Иә, жеңеше, бұған да шүкір. Біз екеуміздің соңғы қызығымыз осы шығар, бәлкім, -деп кәрілігін мойындай сөйледі Майлыбай.

Үлкендердің айтқан әзілдерін тыңдаған Бауыржан өсе келе айтылған сөздердің астарына үңіліп: «Кейін ес білгенде аңғарсам, осынау қариялар өлімнен қорықпай, қайта оны әзілге айналдырып, керемет ұстамдылық, батылдық жасап отыр екен ғой !...» -деп есіне алады.

Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Келіннің жүзін көру үшін арнайы «беташар» рәсімі жасалады. Оған тойға жиналған туыс-

туғандар тегіс қатысады. Жас келіннің екі жағынан екі көргенді келіндер ұстап тұрады. «Беташар» жыры айтыла отырып, жас келінге келген жерінің барлық туған-туыстары таныстырылады. Келін оларға иіліп сәлем салады. Сәлем жасаған адамдар «көрімдік» береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте айтып, отырғандардың көңілін көтеруі керек. («Қазақ халқының салт-дәстүрлері» 40-бет).

Тойға жиналғанның бәрі тағатсыздана күткен сәт те келіп жетті. Үбиан әпкесінің беташар тойын Баукең былай деп жазады: *«Бір әйел қызыл шоқ салған таба әкеліп бет ашатын Өтептің алдына қойды. Өтеп болса екі жеңін түрініп, шоққа алақанын қыздырды да, қолын созды. Сол кезде оның оң қолына оқтау ұстатты. Оқтаудың басына шеті түйілген орамал байлапты.*

Өтеп иек қағып еді, үлкен үйдің есігі ашылды. Ішке екі келіншек қолтықтаған Үбиан әпкем кіріп келеді екен. Басына төгіліп орамал бүркепті. Әлгі екі келіншек босагадан аттай бере иіліп сәлем берді. Әпкем соны қайталады.

- *Қадамың құтты болсын, қарағым! Үлкен босагадан, киелі босагадан аттадың. Атаңа құрмет көрсет, -деді отқа жақын отырған бір кемпір.*

Әпкем иіліп сәлем салды... Өтеп даусын бір кенеп алды да, әндете жөнелді».

Ауылдың сыйлы, қадірменді ақсақалдарына, үлкендеріне иіліп сәлем салдырып болған соң, Өтеп келіннің жүзін көрсетуге көпшіліктен көрімдікті молынан сұрады. Майлыбай ақсақалдың бір уыс күмісін де, өзгелердің тастаған ақ күмістерін де қанағат етпей, Үбианның жүзін көрсетпей отырып алады. «Келін текті жердің қызы, батыр елдің қызы, өскен ортаның өрелі,

өнегелі жаны», -деп ескертеді.

*Байтақ елдің гүлі бұл,
Бар ауылдың нұры бұл,
Өскен жердің қызы бұл,
Өнегенің ізі бұл,
Көрсетпеймін келінді
Саусағыма жүзік іл-*

дегенде Қызтумас әже орнынан тұрып, Өтептің маңдайынан иіскеп, қолына жүзік салады. Ел тамсанып гулеп кетеді. Өтеп Үбианның басындағы сәлкеш орамалды қолындағы оқтаудың ұшымен иіліп көтеріп тастайды. Жиналған жұрт жамырап баталарын береді. Осылайша Үбиан да ошақ иесі болып шыға келеді.

Бұл жерде Бауыржан атамыз ұлттық салт-дәстүріміздің ішіндегі тәрбиелік мәні зор дәстүрдің бірін әрі бірегейін халық өмірімен жымдастыра отырып жеткізе білді. Беташар рәсімінің қалай өткендігін мәтіннен оқи отырып, сол кезеңдегі адамдардың пейіліне, ақ көңіліне ризашылықпен қарайсың.

Беташардан соң некеқияр ғұрпы басталып кетті. Екі жігіт Аюбайды дедектетіп ішке алып кіреді. Куәгер болатын екі жігітке бұл рәсімді өткізетін қожа жас жұбайлардың толық атын біліп келуді тапсырады. Өйткені некеқиярда жас жұбайлардың аты-жөні қатесіз айтылуы керек.

Некеқияр (ғұрып) «Ауылнаймын, қағазсыз неке қимаймын, жаназа оқытпаймын,-деп Көдебай бір дікілдейді» (Б.Майлин). Неке-қасиетті ұғым, беріктік шарты. Қазақ халқы некені «ақ неке» деп ардақтаған. Ер азаматтар «Ақ некелі жарым» деп мақтанышпен айтатын болған. Бас қосқан, бірақ некесі қиылмаған адамдарды «некесіз» деп сөккен және оларға салқын қараған. Олардан туған балаларды «некесіз бала» деп

атаған. Шарифат бойынша қалыңдық екіқабат болса неке қиылмайды, босанған соң қиылады.

Ал енді шығармадағы некеқияр рәсіміне келер болсақ, некені қимақшы болып отырған қожа ең әуелі куәгерлерді тексерді. «Куәге жүрер алдында жуынып-шайынып адалданып, күнәдан арылып келдіңдер ма?»-деп сұрайды. Екі куәгер де «күнәдан пәк» екенін айтады. Содан соң некеқияр сөздері айтылып, ішіне күміс теңге салынған кеседегі суды жастарға ұсынады. Екі жас та еріндерінің ұшын тигізеді де суы бар кесе көпшілікті жағалап кетеді. Су таусылған соң, қожа екі жастың некесі қиылды деп жариялайды. Содан соң қайтадан қазан көтеріліп, жас келіннің қолынан дәм тату үшін жұрт қайта дастарқанға жайғасады.

Міне, осылайша бабадан қалған салт-дәстүр боямасыз, еш өзгеріссіз ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келеді.

Сондай-ақ шығармадан ұлыстың ұлы күні Наурыз тойы мен наурыз көженің жасалуы жайлы да кеңінен айтылады. Шығармада осы көріністер былай суреттеледі: *«Әр үйдің алдында қара қазан асылып, наурыз көженің исі шығады. Ырыс алды, кеңшілік басы, молшылық жолы осы наурыз көжеден басталатындай, бұл күні еш әйел қазанына таршылық жасаған емес. Қайда барсаң да қатығы мол бидай көжеге қарқ боласың. Ел жаңа жылын, жарқын кезеңін осылайша ашық пейіл, ақжарқын көңілмен қарсы алады екен ғой.*

Онсыз да қонақжай халқымыз, әсіресе, наурыз күні қабақ шытқан емес. Қай үйге болсын қаймықпай кіріп, қалаулы қонағындай төрінен орын аласың. Ел топ-тобымен қыдырыстап, дастарқан үстінде ортақ тілектерін тоғыстырады».

«Қазақтың қазақ болғалы өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама. (Мәшһүр Жүсіп).

Наурызнама бұрын 8-9 күнге созылған. Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып «ұйқыашар» әзірлеген. Ол тәтті ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалған. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар берген. Оны «селт еткізер» деп атайды. Бұл күні қарттар да естен шықпай, оларға арналып жылы-жұмсақ тағамдардан «бел көтерер» деп аталатын дәм дайындалған. Бұлардың соңы келер күні «наурыз көжеге» жалғасып, той тойға ұласқан.

Бауыржан Момышұлының балалық шағы мен өсіп-өркендеуінің бастауы саналатын «Ұшқан ұя» туындысы тілі жеңіл, түсінуге қолайлы әрі әсерлі де қызықты көркем шығарма. Жазушы шығармада ұлттық салт-дәстүрлерімізбен қатар, бабаларымыздың салтқа жат нәрселерге де бейқам қарамағандығын көрсете білген.. Мысалы, өсекке еріп Момынқұлға жала жаба келген Аққұл ақсақал өз тобын жинап алып, ауылға жамырай жетіп келген тұсында:

*«Босағадан кимелеп, зікірлеп үйге бас сұғу, отау ішінде ойран салу салтымызда жоқ нәрсе ғой. Сондықтан Аққұл тобы ішке кірмей, жиырма –отыз қадам жерде даурығып тұрды»-*деп жазады. Демек, қанша ашуға мінсе де, бабаларымыз салттан аттамаған, баба дәстүрін жадыдан шығармаған деп түсінеміз.

Бауыржан Момышұлының шығармалары - бүгінгі таңда бізге бұйырған баға жетпес мұра. Біздің мақсатымыз - осындай асыл мұраның қаймағын бұзбай болашақ ұрпаққа жеткізе білу. Ол үшін әрқайсысымызға Бауыржан ағамыздай күрескер рух, көкіректе сөнбейтін сәуле, таудай талап пен жасымайтын жігер керек. Кейінгі ұрпақ ата-бабадан қалған салт-дәстүр жалғастығын осынау құнды шығармаларды оқи отырып бағалайды, қастерлейді, көзінің қарашығындай сақтап болашаққа аманат етеді деп қаймықпай айта аламыз.

А.ДИШЕНОВА,
№4 жалпы орта білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы,
Ақсай қаласы

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЙІНДІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі таңда дүниежүзілік өркениеттілікке жету мақсатында білім беру мен тәрбие мәселесін гуманистік дәрежеге көтеруші, мәдени құндылықтарға қол жеткізуші, оны іске асырушы мұғалім. Жаңа ғасыр мұғалімі жаңа нарықтық экономика заманына сай құзырлы болу үшін үнемі ізденіс үстінде болуы қажет. Жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізіне компетенттік тәсілді алу ұсынылып жүр. Демек, компетенттік ұғымы "білім", "біліктілік", "дағды" сияқты ұғымдарды қамтиды. Білім, білік, дағды қасиеті өзінің даралығымен сипатталып, өз бетімен жетілдіріліп отырған жағдайда ғана құзіреттіліктің негізі бола алады. «Құзырлылық» ұғымы жайлы Құдайбергенова К.С. «Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өзіндік дамуында» атты еңбегінде былай деп көрсетті: «Құзырлылық ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала

бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деген. Қазақстан Республикасы 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби – тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе 12 жылдық білім беру де педагог төмендегідей құзіреттіліктерді игеру міндетті деп көрсетті.

1. Арнайы құзіреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет.

2. Әлеуметтік құзіреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3. Білім беру құзіреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бұл жайлы 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқушы бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Мұнда:

Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылыққа қабілетті болу).

Мәдениеттанымдық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті).

Оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу).

Коммуникативті құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болу).

Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті).

Әлеуметтік-еңбек құзіреттілік (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті). Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілік (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті). Аталған құзіреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзіреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсыналатын жағдайда болғанда ғана оқушы құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады.

Қазіргі білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін өзімнің ұстаздық іс-тәжірибемде оқытудың жаңа әдіс-тәсілі, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының элементін қолданамын. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

3) Деңгейлеп саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей, сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс;

Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болу үшін:

а) жеке тұлға ерекшеліктеріне;

ә) психологиялық даму ерекшеліктеріне;

б) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көп көңіл бөлемін.

Сабақ өткізу формаларын және түсіндіру әдістерінің жаңа тәсілдерін күнделікті сабаққа қолдануға тырысамын. Көбінесе мына жағдайларға көңіл бөлемін:

1) сабақтың мазмұны;

2) сабақты өткізудегі тәсілдері мен әдістерін таңдау;

3) сабақтың нәтижелігі.

Жалпы, менің оқытудағы өз проблемам оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі- дамыта оқыту жүйесін іске асырады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларға деңгейлік тапсырма беру. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Саралап оқыту технологиясы мынадай 4 түрге

бөлінген:

1) репродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты;

2) алгоритмдік деңгей – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды;

3) эвристикалық деңгей оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді;

4) шығармашылық деңгей – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Әр тарауды өткен соң, химиялық диктант, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін. Үлкен тақырыптар мен тарауларды қайталағанда оқушыларға үйден осы тақырып пен тарау бойынша сөзжұмбақ құрастырып әкелуді тапсырамын. Мұндай тапсырманы оқушылар бар ынтасымен орындайды. Мұндағы ең басты мақсат:

1) оқушылар сөзжұмбақты құрастыруда өз бетінше ізденеді;

2) әр түрлі ғылыми-техникалық басылым мен анықтамаларды қарайды, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйренеді. Оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың бір саласы деңгейлеп-саралап оқытудың тиімділігі:

1) сыныптағы барлық оқушы жұмыспен қамтамасыз етіледі, оқушы белсенділігін оятады;

2) оқушы өз білімінің деңгейіне жұмыстанады;

3) оқушының өз бетімен жұмыс істеуі тиынақтылыққа,

ұстамдылыққа тәрбиелеп, жауапкершілікті арттырады. Сабақ беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламын:

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;

- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;

- ойлау қабілетін дамытатын есептер беру;

- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;

- оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру.

Оқушыларды біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін «Дөңгелек үстел», «Брейн-ринг», «Бұл неліктен», «Қарлы кесек», «Кім көп біледі?», «Көңілділер мен тапқырлар» оқыта үйрету ойындарын қолданамын. Ойын элементтерін пайдаланып деңгейлік тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылығын арттыруға өткізген сабақтарым:

8-сынып бойынша «Оксидтердің жіктелуі мен алу жолдары», «Тұздар. Құрамы және химиялық қасиеттері», 9-сынып бойынша «Бейорганикалық қосылыстар», «Азот, Фосфор», т.б. өткен тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап ретінде миға шабуыл, кім жылдам, білімінді байқап көр, формулалар сайысы, бейне сұрақ, химик сараман, жарқыраған шын, т.б ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттырамын.

Сонымен, оқушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің өз міндетіне, шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс. Сондықтан да жоғарыда айтылған жана технологиялар – жетістік көзі.

Б.ДЖУЛАЕВА,
Г.ДЖУЛАЕВА,
М.Құсайынов атындағы
дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп-интернат.
Ақтөбе облысы

СӨЗ ӨНЕРІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

(8-сыныптың әдебиет сабағына қосымша
факультатив курсы)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік тілге және көп тілді білім беруді дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылып отыр. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі жетекші күші – адамдар, олардың ерік-жігері, табандылығы, білімі болса, осы орайда, оқу-білім беру саласында болашақтың тірегі жас ұрпақтың, мектеп оқушыларының, шығармашыл потенциалын дамыту бағытындағы жұмыстар да маңызды істердің бірі болып табылады. Оқу әрекетінің оқушы дамуының қайнар көзіне айналуы, әрине, оның негізгі компоненттерінің рөлін дұрыс танумен, түсінумен, соған сай педагогикалық ізденістерге толы шығармашылық еңбектердің нәтижесімен айқындалады. Сондықтан қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезеңінде қазақ тілін оқыту ісін де жан-жақты зерттеп, дамыту

бағытындағы жұмыстар мұғалімді күнделікті сабаққа қажетті қосымша әдістемелік құралдар мен оқытудың қазіргі жаңа технологиялары бойынша түрлі оқу-әдістеме еңбектер дайындауға жетелейді.

Білімді, сенімі берік, адамгершілік қасиеті мол, ары таза болашақ иелерін тәрбиелеуде әдебиет пен өнердің маңызы зор.

Қазақ халқы – сөзге ерекше мән берген халық. Сөз қадірін өз қадірі деп түсінген халық. Қай заманда да өз ұрпағын ойлы, зиялы, білімді, етіп тәрбиелеуде көркем сөздің құдіретіне сүйенген. Сол сөзді орынды қолданып, шебер сөйлей білу де өнер.

Әдебиет сабағы–сөз өнері шешен сөйлеуге жетелейтін алып шырақ. Оның әрбір бөлігі жаңаша баға беру, жаңаша көзқарасты талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда «дебат» - қазақ әдебиеті пәні үшін өте тиімді әдіс. Әдеби туындыны толық оқып шығуға, өзіндік пікірін қалыптастыру, нақты мысалдар мен дәлелдер келтіре отырып, өзіндік көзқарасын жақтап шығуға тырысады.

Шәкірттердің тілін дамыту, интеллектуалдық ақыл-ой өрісін кеңейту – қазіргі заман талабы. «Сөз өнері және сөйлеу мәдениеті» факультатив курсының бағдарламасы заман талабына сай құрылған жаңа технологиялық білім жобасы.

«Сөз өнері және сөйлеу мәдениеті» факультатив курсының бағдарламасы жалпы жеке тұлғаны өзін еркін сезінуге, тілін жетілдіруге, өз ойын дәлелдеуге жетелеу. Дебат – сөз өнері, яғни – сөйлеу шеберлігін көрсетіп айтысу. Жазбаша, ауызша іскерлік дағдыларын ортаға салу.

Адам өміріне қажетті нәрселерге деген өзіндік жан-жақты көзқарасын дәлелдеуге тырысады. Оқушы өз

білімін тереңдету үшін, берілген тақырыпқа жан-жақты ізденеді. Жалпы оқушыны адамдармен қарым-қатынас жасауда өз көзқарасын, пікірін, ой дәлдігіне көз жіберіп, тілдің құдыретімен көркемсөз шебері болуға жетелейді.

Қазіргі заман айтыскерін дайындауда, оқушының дарынын ашып көрсетуге үлкен әсер етеді.

8-сыныптың әдебиет сабағына қосымша факультатив сабағы жылына – 34 сағат.

Аптасына–1 сағат, бағдарламалық материалды оқуға – 16, әдеби-теориялық ұғымдарды оқуға – 4, тіл дамыту, шығармашылық жұмыстарға – 14.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Әдіс-тәсілдер
1	Кіріспе.Шешен сөйлеу тарихы.	1	Түсіндіру, сұрақ-жауап
2	Шешендік өнер туралы	1	Баяндау, ізденушілік
3	Шешен сөйлеу сыры	1	Әңгімелесу, түсіндіру
4	Ұлттық шешендік өнер	1	Баяндау, ой қорыту
5	Қазіргі шешен сөйлеу түрлері (Пікірталас, пікірсайыс, пікірталмасу, ойбөліс)	1	Түсіндіру, пікір айту, сұрақ-жауап
6	Дебат ойыны – шебер сөйлеу мен пікірталас мәдениетінің көрінісі	1	Іздене талдау, түсіндіру
7	Пікірталас «Қазақ тілі мемлекеттік дәрежеде қолданылуы тиіс»	1	Топтық, ізденушілік
8	Материал жинау (кітапханаға саяхат)	1	Саралау, сұхбаттасу
9	Негізгі және дәйек сөз	1	Ой шақыру, сұрақ-жауап
10	Ш.Айтмағовтың «Найман-Ана» шығармасындағы мәңгірт тағдыры мен жаһандану заманындағы кейіпкер бейнесі	1	Ой бөлісу, зерттеушілік әрекет
11	Қорытынды пікір және дәлелдеме	1	Сұрақ-жауап, іздендіру

12	Жетім балалар тағдыры - әлем тағдыры. (М.Дулатовтың «Шешенің балаларын сүйі» шығармасы бойынша)	1	Пікірлесу, сұрақ-жауап
13	Шығармашылық жұмыс. Әскери қызмет қажет (қажет емес)	1	Талдау, ізденушілік
14	Сұрақ-жауап мәнері	1	Сұрақ-жауап
15	Бауырын өлімге қиған батыр Баянның іс-әрекеті дұрыс (дұрыс емес) (М.Жұмбаевтың «Батыр Баян» поэмасы бойынша)	1	Ой бөлісу, зерттеушілік
16	Сөйлеуге қойылатын талаптар	1	Түсіндіру, баяндау
17	Бауырын өлімге қиған батыр Баянның іс-әрекеті дұрыс (дұрыс емес) (М.Жұмбаевтың «Батыр Баян» поэмасы бойынша)	1	Пікірлесу, ой бөлісу
18	Сөйлеп жаттығу әдістері	1	Сұрақ-жауап
19	Баланың парызы – ата-ананың қарызы (Т.Әбдіқовтың «Қонақтар» әңгімесі бойынша)	1	Проблемалық, анализ-синтез
20	Шығармашылық жұмыс	1	Әңгімелесу, жинақтау
21	Интернетпен байланыс	1	Іздену, сұрақ-жауап
22	Зар заман ақындары поэзиясындағы алдағы күнге сенімсіздік мәселесі	1	Пікір алмасу, сұрақ-жауап
23	Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» шығармасындағы ашаршылық трагедиясы	1	Іздене талдау, ой қорыту
24	Ата салтты аттауға болмас, махаббатты тастауға болмас (Ш.Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр» поэмасы бойынша)	1	Пікірлесу, баяндау
25	Аққу – киелі құс («Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бойынша)	1	Зерттеушілік әрекет, сұрақ-жауап
26	Пікірталас. «Мемлекеттің жүргізетін саясаты балалар құқығы туралы халықаралық конвенцияға сәйкес болуы тиіс»	1	Талдау, ізденушілік
27	Тест тапсырмасы	1	Білімді жүйелеу
28	Жылдық қорытынды	1	Білімді бекіту

Г.ДӘУЛЕНБАЕВА,
№262 мектеп-гимназия.
Қызылорда облысы,
Арал қаласы

«МАҒЖАНТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

Мақсаты: Мағжанның отаншылдық, ағартушылық және табиғат тақырыбындағы өлеңдерін мәнеріне сай оқытып, көркемдігін таныту және оқушыларды ҰБТ-ға дайындау арқылы шығармашылық құзыреттілігін дамыту-басты мақсат.

Міндеттері: -Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығынан терең білім алу.

- Әдеби теориялық ұғымдарды тауып,қолдана білу;

- ҰБТ-ны сәтті тапсыру үшін қазақ тілінен білім деңгейін анықтау, оқушылардың ұмытып қалған, не түсінбей қалған тақырыптарын түсіндіру, қайталау;

- Оқушының мәнерлеп оқи алуын меңгерту;

- Өз беттерімен шығармашылық жұмыс жасауға дағдыландыру;

- Өтілген материалдың сипатына қарай семинар сұрақтарын әзірлеу;

- Тест сұрақтарына дұрыс жауап таба білу машықтарын арттыру;

б) пәнаралық кіріктіру: - әдебиет, тарих, музыка, әдеп;

в) уақыт көлемі, сабақтың жиілігі: -сағат саны - 34, аптасына 1 рет.

4. Тақырып жоспарының мазмұны.

Бағдарламада фонетика тарауы бойынша - 8 сағат, лексика-6сағат, сөзжасам- 3 сағат, морфологияға-9 сағат, синтаксис және пунктуацияға -5 сағат, тесттік тапсырмаларды орындауға – 4 сағат бөлінген.

5. Курсты ұйымдастыру формасын анықтау:

- саяхат сабақ;
- топтық сайыс;
- деңгейлік тапсырмалар;
- шығармашылық жұмыстар;
- ойындар;
- сатылай кешенді талдау;
- топтық, жұптық, жеке жұмыстар.

6. Курсты оқытуды аяқтау формасы:

- рефераттар даярлау.

7. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау:

-тесттік тапсырмалар;

-сынақ;

-марапаттау.

Оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: тапсырманы орындаудың тиімді тәсілдерін таңдай білу; оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру; оқушының ойлау, есте сақтау, іздену дағдыларын қалыптастыру, белсенділігін арттыру; оқушыға әрбір тақырыпты, өтілген материалды жан – жақты меңгеруге жағдай жасау.

Күтілген нәтижелер: оқушылар қазақ тілі пәні бойынша тестті сәтті тапсыра алады; берілген тапсырмалардың мазмұнын түсіне алады; өздігінен білім алуға үйрену функциясы қалыптасады; алған білімді ұқсас және жаңа жағдайда қолдана білуге үйренеді.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі.

11-сынып, сағат саны - 34.

Мағжантану. (Мағжан шығармаларына лингвистикалық сатылай кешенді талдау)

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді.

Мағжан.

1. Кіріспе «Мағжанға саяхат» Ақын өмірі мен шығармашылық қызметі.

«Мен кім?»

I тарау.

Фонетика(6 сағат)

Мағжанның жауһар жырлары

1. Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме! -«Қарағым»өлеңі Дауысты дыбыстарға сипаттама беру.

2. Қыранымын сары сайран даланың -«Тез барам» өлеңі. Дауыссыз дыбыстарға сипаттама беру.

3. «Кең дала, көресің ғой, ана жатқан-«Айға» өлеңіндегі буын түрлеріне талдау.

4. Туған жерден,

Өскен елден

Ерге не қымбат?

«Бесік жыры» өлеңіндегі тасымалданбайтын сөздер.

5. Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың! -«Қазақ тілі»өлеңі – екпін түрлеріне талдау.

6. «Сарыарқа деген жерім бар»... – «Сүйемін»өлеңіндегі буын үндестігі.

7. Не көрсем де алаш үшін көргенім – («Сағындым») Дыбыс үндестігі.

8. Тест тапсырмалары. Тұлғаны таны.

II тоқсан. II тарау.

Лексика (6 сағат)

1. «Өнер – білім қайтсе табылар» – сөздердің тура және ауыспалы мағынасы.

2. Білімдінің сөзі - ем...«Орал» өлеңіндегі синоним, антоним, омоним сөздер.

3. «Жүсіп хан» ертегісіндегі көнерген сөздер.

4. Көбейсін елде қайратты ер-«Жауға түскен жанға» (М.Д-ға хат) өлеңіндегі тұрақты тіркестер.

5. Мағжан тағылымы.

Ақын өлеңдерінің тереңіне бойлау-шығармашылық жұмыс.

6. Тест тапсырмалары.

III тарау. Сөзжасам (3 сағат)

1. Арқаның селі, желі шөлі, белі

Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

«Батыр Баян» поэмасындағы лексикалық жолмен және жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер.

III тоқсан.

2. Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер

«Туған жер» өлеңіндегі қос сөздер мен біріккен сөздер.

3. «Жер жүзіне» өлеңіндегі тіркесті сөздер.

Табиғат-мәңгі кең сарай.

Морфология (9 сағат)

1. Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл – «Туған жерім - Сасықкөл» өлеңіндегі зат есім, оның мағыналық түрлері.

2. «Қайың» өлеңіндегі сын есімнің мағыналық түрлерін анықтау.

3. Ауылдың алды – омбы қар

«Аққала» өлеңіндегі сан есім түрлері.

4. Аспанменен тірескен,

Тәңіріменен тілдескен,

Көкшетауым біп-биік.
«Көкшетау» өлеңіндегі есімдік түрлерін анықтау.
5. Жер – нәресте жас бала,
Жаңа оянып жатқанда...
«Жазғытұрым» өлеңіндегі етістік түрлерін талдау.
6. «Қорқыт» поэмасындағы үстеулерді талдау.
7. Су ақты, жетті апрель, қырдан ойға...
«Жазғытұры» өлеңіндегі шылау сөздерді талдау
8. Дала. Дала. Сар дала!
«Қысқы жолда», «Жазғы жолда» өлеңіндегі еліктеуіш сөздерге талдау.
IV тоқсан.
9. «Түн еді» өлеңіндегі одағай сөздерді талдау
10. Тест тапсырмалары.
Синтаксис және пунктуация (5 сағат)
1. «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» өлеңін сөз тіркесіне, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдеріне талдау.
2. «Балапан қанат қақты» (қара сөзбен жазылған өлең)- жай сөйлем түрлеріне сатылай кешенді талдау жасау.
3-4. Құрмалас сөйлес түрлеріне СКТ.
5. Тест тапсырмалары.
6. Қорытынды.
11-сыныпқа арналған «Мағжантану (Мағжан шығармаларына лингвистикалық сатылай кешенді талдау)» атты қолданбалы курс бағдарламасы Нормативті бөлім.

р/с		Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Өткізілу түрі	Білім нәтижесі
	Мағжан-ның жауһар жырлары	I тоқсан (9 сағат) I тарау Фонетика(бсағат) «Мағжанға саяхат»- ақын өмірі мен шығармашылығына шолу «Мен кім?» өлеңі			Лекция	Қосымша мәлімет алу.
1		Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!- «Қарағым» өлеңі Дауысты дыбыстарға сипаттама беру			Мәтінмен жұмыс. СКТ	Дауысты дыбыстарды анықтау
2		Қыранымын сары сайран даланың- «Тез барам» өлеңі. Дауыссыз дыбыстарға сипаттама беру.			Жаттығу жұмысы. СКТ	Дауыссыз дыбыстардың түрлерін білу, талдай алу.
3		Кең дала, көресің ғой ана жатқан- «Айға» өлеңіндегі буын түрлеріне талдау.			Өздік жұмыс. СКТ	Буын түрлерін ажырата алу.
4		Туған жерден, Өскен елден Ерге не қымбат?- «Бесік жыры» өлеңіндегі тасымалданбайтын сөздер.			Мәтінмен жұмыс. СКТ	Тасымалдан - байтын сөздерді менгеру.
5		Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың?- «Қазақ тілі өлеңі»- екпін түрлеріне талдау			Көркем әдебиеттен екпінге мысал жинау.	Екпін түрлерін анықтай алу.

6		Сарыарка деген жерім бар- «Сүйемін» өлеңіндегі буын үндестігі.			Жаттығу жұмысы СКТ	Буын түрлерін ажырата білу.
7		Не көрсем де алаш үшін көргенім- «Сағындым» өлеңіндегі дыбыс үндестігі.			Жаттығу жұмысы СКТ	Білімді пысықтайды.
8		Тест тапсырмалары.	1		Фонетика - дан жалпы білім сынағы	Фонетика бойынша білімдерін бекіту.
		II тоқсан II тарау Лексика (6 сағат) «Өнер – білім қайтсе табылар» -сөздердің тура және ауыспалы мағынасы.			Мәтінмен жұмыс	Тура, ауыспалы мағынаны ажырата білу.
		Білімдінің сөзі –ем- «Орал» өлеңіндегі синоним, омоним, антоним сөздер.			Мәтінмен жұмыс СКТ	Синоним, антонимдерді ажырата білу, тіл көркемдігін байыту.
		«Жүсіп хан» ертегісіндегі көнерген сөздер.			Өздік жұмыс	Көнерген сөз түрлерін меңгеру.
		Көбейсін елде қайратты ер...- «Жауға түскен жанға» (М.Д-ға) өлеңіндегі тұрақты тіркестер.			Ізденіс	Тұрақты тіркестерді меңгерту.
		Мағжан тағылымы- ақын өлеңдерінің тереңіне бойлау- шығармашылық жұмыс.			Шығармашылық СКТ	Мағжан шығармаларын оқи отырып, лексиканы қайталау.
		Тест тапсырмалары.			Тест тапсыру	Лексика бойынша білімдерін нақтылау.

		III тарау Сөзжасам (3 сағат)			Шығармашылық жұмыс СКТ	Лексикалық жолмен, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерін үйрену.
		Арқаның сел, желі, шөлі, бөлі, Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас! – «Батыр Баян» поэмасындағы лексикалық жолмен және жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер.				
		III тоқсан Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер – «Туған жер» өлеңіндегі қос сөздер мен біріккен сөздер.			Жаттығу жұмыстары СКТ	Қос сөздер мен біріккен сөздердің тұлғасы мен құрамы, лексикалық ерекшеліктерін меңгеру.
		«Жер жүзіне» өлеңіндегі тіркесті сөздер.			Сызба – кестемен жұмыс СКТ	Тіркесті сөздерді меңгерту.
		Морфология (9 сағат) Айдын көл, ата коньсы, құт болған көл – «Туған жерім - Сасықкөл» өлеңіндегі зат есім, оның мағыналық түрлері.			Зат есім түрлеріне үлестірмемен жұмыс СКТ	Зат есім, оның мағыналық түрлерін, емлесін меңгеру.
		«Қайың» өлеңіндегі сын есімнің мағыналық түрлерін анықтау.			Сурет – портреттер – мәтін құрау.	Сын есім, мағыналық түрлерін туынды жұрнақтарын меңгеру.
		Ауылдың алды – омбы қар - «Аққала» өлеңіндегі сан есім түрлері.			Өздік жұмыс СКТ	Сан есім – мағыналық түрлерін, емлесін игеру.

		Аспанымен тірескен, Тәңіріменен тілдескен, Көкшетауым біп – биік «Көкшетау» өлеңіндегі есімдік түрлерін анықтау.		Мысалдар жинату. СКТ	Есімдіктердің мағыналық түрлерін, емлесін менгеру.
		Жер – нәресте жас бала Жаңа оянып жатқанда... «Жазғытұрым» өлеңіндегі етістік түрлерін талдау.		Үлестірмелермен жұмыс. СКТ	Етістікті, түрлерін, шак, рай категорияларын біліп, қолдана алу.
		«Қорқыт» поэмасындағы үстеулерді талдау.		Шығармашылық тапсырмалар. СКТ	Үстеулердің мағыналық түрлерін, емлесін, қызметін білу.
		Су ақты, жетті апрель, қырдан ойға... «Жазғытұры» өлеңіндегі шылау сөздерді талдау.		Сызба бойынша шылауларды табу, сөйлем құрату. СКТ	Шылау сөздердің түрлерін, емлесін менгерту
		Дала, Дала, Сар дала! «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» өлеңіндегі еліктеу сөздерге талдау.		Мағжан шығармаларынан еліктеу сөздердің жасалу жолдарына талдату СКТ	Еліктеуіш сөздердің түр ерекшеліктерін біліп, анықтай алу.
		IV тоқсан. «Түн еді» өлеңіндегі одағай сөздерді талдау.		Сөйлем талдату СКТ	Одағай өздің түрлерін ажырата білу.
		Тест тапсырмалары.		Тест дайындату.	Морфология бойынша білімдерін бекіту.

		Синтаксис және пунктуация (5 сағат) «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» өлеңін сөз тіркесіне, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдеріне талдау.		Сөз тіркесі, сөздердің байланысу түрлеріне кесте дайындау.	Талдай білу
		«Балапан қанат қакты» (қара сөзбен жазылған өлең) - жай сөйлем түрлеріне сатылай кешенді талдау жасау.		СКТ	Жай сөйлемдер құрамын білу.
		Құрмалас сөйлем түрлеріне сатылай кешенді талдау жасау.		Үлестірмемен жұмыс. СКТ	Құрмалас сөйлем түрлерін, тұлғаларын, тыныс белгілерін менгерту.
		Тест тапсырмалары.		Тест тапсыру.	Білімдерін бекіту.
		Қорытынды.		Өткенді қайталау.	Эссе жаздыру.

Әдебиеттер:

1 Мағжан Жұмабаев. Көп томдық шығармалар жинағы.

1-3 томы, -А., «Жазушы», 2008;

2 Бес арыс. -А., «Жалын», 1992;

3 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. -Алматы, «Қазақстан», 1971.

4 Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы. -Алматы, «Мектеп», 1974;

5 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы;

6 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі;

7 Болғанбаев Ә. Синонимдер сөздігі.

8 Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы.

- 9 «Қазақ тілі» оқулықтары (5-11-сыныптар).
Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер:
1 Мағжан Жұмабаев. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-3 томы Алматы, «Жазушы», 2008;
2 Бес арыс. -А., «Жалын», 1992;
3 «Қазақ тілі» оқулықтары (5-11-сыныптар).
4) Ибрагимов Қ, Базарғалиева Б. «Қазақ тілі» Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық – тест -А., «Шың», 2011-2012.



АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

*Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай,
келешек заманына лайық қылып шығару керек.*

Мағжан Жұмабаев.

*Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.*

Жүсіп Баласағұни.

*Бала нені білсе жастан, ұядан -
Өле өлгенше соны таныр қиядан.*

Жүсіп Баласағұни.

*Адамшылықты тез жүргізу үшін көп ой керек,
ойлау үшін оқу керек.*

Мұхтар Әуезов.

Ж.МАХАНБЕТОВА,
№240 Ғ.Мұратбаев атындағы
орта мектеп.

Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
Қандөз ауылы

ҰСТАЗ - ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Мақсаты: бүкіл адамзат баласы, бас иер асыл тұлға - ұстаздардың ерен еңбегін, мол кәдірін, тарихтағы баға жетпес орнын паш ету. Жас ұрпақты ұстазды құрметтеуге, адамгершілікке, сыйлап түсіне білуге үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашанда бағалай білуге үйрету.

Көрнекілігі: ұлағатты сөздер жазылған плакаттар. Кеспе паракшалар, гүлдер, шарлар.

Өтілу барысы:

I. Тәрбие сағатын ашып, ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтау.

II. Ұстаздарға арнау (өлеңдер оқу).

III. Топтық жұмыс. (Сұрақтар мен тапсырмалар бойынша)

IV. Ұстаздардың құрметіне өнерлерін көрсету.

V. Қорытынды.

I. Мұғалім. Құрметті ұстаздар, оқушылар, ата-аналар! «Ұстаз-ұлағатты есім» атты ашық тәрбие сағатымызды ашық дей отырып, кәдірлі ұстаздар, сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Сіздердің шәкірттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатудағы жас буынға дұрыс бағыт-бағдар беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін демекпіз.

1-оқушы. Дана да басын иетін,
Дарын да шексіз сүйетін.
Жаныңда мәңгі жүретін,
Жаныңды жақсы білетін
Суарып ізгі тілекпен,
Жаныңа сенің гүл екен
Қиындықта да бірге өскен,
Асуды да бірге асып
Ұлағатты адам бар
Ол кім? деп сен де сұрамайсың
Мен де сұрамаймын
Жүрекпен бәрін ұғысқан
Ол - ұстаз! Білсең, туысқан!

2-оқушы. Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін, екі ұғым болса, соның бірі - ұстаз. «Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «Ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

3-оқушы: Көзінде жылылық бар,
Сөзінде ұлылық бар
Мінезін осы бастан,
Ұғынып қал!
Орынсыз күлгені,
Ойлана біл дегені
Сыйламай, ренжітіп, жүрме оны
Ұялтып терлеткенде,
Бетіне жел боп келме
Сағына еске алсаң, ержеткенде!

4-оқушы: Ұстаз болу - жүректің батырлығы,

Ұстаз болу - сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы, -
деп, ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан,
үні ән, ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз.
Әрине, ұстаз жүгі - ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі
үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзімен әрбір
оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің,
дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның
жан дүниесін түсініп, ренжітпей қателігін сездіре білу -
бұл нағыз шеберлік емес пе?!

5-оқушы: Ұрпақ тәрбиесі ұстаздарға байланысты
«Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей
өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.

6-оқушы: Ұстаз - ұлағатты есім. Шәкірттерін
білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы
қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта
бағыт-бағдар беруде ұстаздардың еңбегі зор. Сондықтан
да ол әрдайым қасиетті тұлға!

Хан бол, мейлің, қара бол!
Дарын бол, мейлің, дана бол.
Өтетін бәрі алдынан
Ұстаздар-бейне сара жол.
Ұстаздар - ұлттың тірегі,
Ұстаздар - мектеп жүрегі.
Ұрпаққа жетер ұстазбен
Халықтың ұлы тілегі.

7-оқушы: Мөлдір бұлақ сылдырлаған суымен,
Ормандарың шулап жатыр нуымен.
Ал баланың тәрбиесін беретін,
Құттықтаймыз ұлы ұстаздар мерекенің
шарықтаған күнімен!

8-оқушы: О, ұстаздар, басымды ием сіздерге,

Күллі әлемнің мұғалімдер күнінде

Жүрегімнің лүпілінен шыққан сөз,

Сая тапсын ұлы ұстаздың жүрегінің түбінде.
«Ұстазым менің» әні орындалады.

II бөлім топтық жұмыс. Сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жұмыс жасайды.

1-тапсырма: 1-топқа: Ұстаз қай кезде қуанады?

2-топқа: Ұстаз қай кезде ренжиді? (Топтастыру жасау)

2-тапсырма: 1-топқа: Ұстаз шәкірт бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргісі келеді?

2-топқа: Ұстаз шәкірттерін қандай қасиеттерден бойын аулақ ұстауға үйретеді? (Топтастыру)

3-тапсырма: ситуациялық сұрақтарға жауап беру.

1-сұрақ. Сен өзіне сабақ бермейтін ұстазбен сәлемдеспедің. Ол ұстаз бір күні сенімен бірінші сәлемдесті. Нені ұқтың, ойың, әрекетің.

2-сұрақ. Сен тәртіпсіздік жасадың. Қасақана істедің. Бірақ сені ұстазың ол оқушы олай істемейді, тәртіпсіз оқушы емес деп ақтады. Сенің ойың, әрекетің.

3-сұрақ. Сен сабақтан себепсіз үш күн қалдың. Ауырып қалдым деп жауап бердің. Ұстазың сенің ауырмағандығыңды білді. Ол саған денсаулығыңды күт, жылы киініп, асыңды уақытылы ішіп жүр, денсаулығың болмаса сабақта оқи алмайсың, - деді. Не түсіндің, ойың, әрекетің.

4-сұрақ. Сен тәртіпсіздік жасадың. Ол қайталана берді. Мұғалім бір күн ескертті, екінші күн ұрысты, үшінші күн ауыр сөздер айтты, қалай қабылдадың. Ойың, әрекетің.

5-сұрақ. Сен сабаққа спорттық киім киіп келдің. Мұғалім саған спорттық киімді тек дене тәрбиесі сабағында кию керек деді. Бірақ сен орындамадың.

Үшінші күні мұғалім спорттық киімнің өте әдемі екен, қайдан алдың? - деді. Түсінгенің, ойың, әрекетің

4-тапсырма: Ұстаз еңбегінің бағаланып жанғанын қалай суреттеп, түсіндірер едіңдер (Оқушылар жемісі пісіп тұрған алма талын салды. Ал екінші топ бәйтерек бейнесін салды).

Ән. «Ойна да күл».

5-тапсырма: -Балалар, ұстаз туралы қандай мақал-мәтелдер немесе кімдердің ұлағатты сөздерін білесіңдер?

1. Шәкіртсіз ұстаз тұл.
2. Мектеп - білім тірегі, ұстаз - оның жүрегі.
3. Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы.
4. Ұстаздан шәкірт озар.
5. Ұстазыңды атаңдай сыйла.
6. Ұстаз көрген хат таныр.
7. Мектеп - білімнің қазынасы, Мұғалім - өмірдің арнасы.

Би орындалады.

Көрініс. Көңіл көтергіш клубынан үзінді.

«Мектебім» әні орындалады. Ал, балалар, ұстаздардың құрметіне ән айтып, өлең оқып, би биледік. Енді мен сендерге шәкіртінің ұстазына жолдаған хатын оқып бергім келіп отыр.

Ұстазға хат. Амансыз ба, қымбатты да, аяулы ұстазым?! Халіңіз қалай, аман-есен, шаршамай-шалдыкпай, құдай берген денсаулығыңызға шүкіршілік етіп, жұмысыңызды істеп жүрсіз бе?

Біз аман-есенбіз. Отбасымда екі қыз, бір тентек ұлым бар. Арада біраз жыл өткен соң, менің қолыма қалам алдыртқан не жағдай деп те ойларсыз. Кеше ұлым мектебінде тәртіпсіздік жасап, мені шақыртыпты. Ұлым болса өз қылығын мойындағысы келмей ұстазын

кінәлады. Қу тірлікпен баламның тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлмегендігімді сонда ұқтым. Ұстаз алдында өзім басымды иіп кешірім сұрадым. Бірақ әлгі ұстаздың қасиетіне таң қалғаным, «балаңыз жаман» деп бір ауыз сөз айтпады. Үйде ұлыма күнде түсінік жүргізумен болдым, балам да ұққандай болды. Ұлыма ұқтыру маған оңай болған жоқ. Ал, ұстаз ше, алдында әрбір үйдің бір емес жиырма тентегі мен еркесі отырады емес пе? Сонда ойландым, мен де бала болып шалалық істедім. Кезінде бала болып байқамай, шала болып шайқап жүріппін. Сіздің «Өсемін десең өркөкірек, менмен болма»-деген сөзіңіз әлі есімде. Ия, ол кезде менмен, өзімшіл едім. Ал сол өзімшіл кісіңіз басшы. Ай тайын дегенім, сол кездегі қылығым үшін әлі ұяламын, кеште болса кешірім сұраймын. Кісі болсам да сіздің алдыңызда шәкірт екенімді ұмытпаймын. Әттең, сол бір кезең қайта оралар болса, олай етпеген болар едім. Қазіргі жағдайға жеткізген сіздің еңбегіңіздің, ұстаздарымның арқасы. Сондықтан сізге үлкен рахмет айтып, басымды иемін. Сағына хат жолдаушы шәкіртіңіз.

Қорытынды сөз. -Балалар, ұстаз шәкіртін саналы, білімді, тәрбиелі азамат ретінде танығысы келеді. «Атаның ұлы емес, адамның ұлы бол» деген ғой. Адами қасиеттерің зор болып, білім биігінен көрініңдер. Ұстаз атына кір келтірмей, ұстаз сенімінен, ел сенімінен шыға беріңдер. Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында «Болашақ кілті жастарда» деген, олай болса заманалық биікке самғандар! Ұстаздар, төл мереке құтты болсын! - дей отырып, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақыт, мерейлеріңіз үстем бола берсін! - деп тілейміз. Гүлдер тапсырылады.



Ә.АБДУЛЛА,
№ 16 орта мектеп,
Қызылорда қаласы,
Қазалы қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі оқу жүйесінде дарынды балалар мәселесі- бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Қазақ: «Бұлақ көрсең көзін аш» деп тегін айтпаған. Бұл асыл сөздің түп қазығы - тап-таза бұлақ суындай мөлдіреген, тұла бойы білім, өнер тұнған баланы меңзейді.

Ұлы Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, «ол немене?», «бұл немене?», деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі-білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» дегені дарынды баланың бір қырын ашып тұрғандай.

Дарынды оқушыны оқытып, дамыту үшін мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Себебі, дарынды оқушыны анықтауда әдістердің түрімен формасы әр мұғалімнің ынта-ықылас ізденуіне байланысты. Шеберліктің белгісі-түрлі әдісті болу.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі мектеп психологімен

бірлесе отырып, сауалнама, тест жүргізу, әңгімелесу, әлеуметтік талдау, сұрақ, анкета жүргізу, рейтингтік сараптау, т.б. әдістер арқылы оқушының түрлі даму қырлары туралы пікірін жүйелендіріп алу керек. Дарынды оқушы анықталған соң, сынып жетекшісі мен психолог оқушының күнделікті өмірінде болып жатқан түрлі іс-әрекеттің ерекшелігін педагогикалық бақылау әдісін қолдану арқылы бақылап отырады. Оқушының мінез-құлқында қиындықтар пайда болса, оны «Менің құрбыларым», «Мен және менің отбасым», «Менің сыныптастарым», т.б. тақырыптарда суреттік тест арқылы анықтауға болады.

Қазақ тілінен дарынды балаларды айқындау дамытудың тиімді жолдары:

- Жеңілдетілген арнайы бағдарламалар арқылы оқыту;
- Психо-диагностикалық тренингтер өткізу;
- Психо-диагностикалық зерттеу жүргізу;
- Мұғалімнің және ата-ананың эксперттік бағалауы;
- Олимпиада, конференция, фестиваль, т.б. өткізу.

Дарынды балалардың шығармашылық дамуының негізгі көзі-ынталандыру. Ынталандыру үшін «Озық ойлы оқушы», «Жыл оқушысы», оқушының жетістіктері туралы роликтер түсіру, мақала жазу, интернет арқылы жарнама жасау, т.б. іс-шара түрлерін жүргізіп, оқушының белсенділігін, қызығушылығын арттыруға болады.

Дарынды балаларды анықтаудың тағы да бір тиімді жолдары: «Мемлекеттік тіл-менің тілім», «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары», т.б. жыр мүшайраларын және түрлі интеллектуалды сайыстар өткізіп, оның сыныпаралық рейтингісін жасап, жеңімпаздарды мақтан

етіп, марапаттау іс-шараларын жыл бойы жоспарлы түрде өткізіп отырса, оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығы арта түсетіні сөзсіз.

Дарынды балалар-еліміздің ертеңі, болашақтың бастауы. Сенім жүгі әрдайым салмақты. Осыны ескере отырып, білім саласындағы жаңалықтарды жатсынбай қабылдап, оларды толыққанды іс жүзіне асыру, өмірдегі түрлі жағдайларға икемді бейімделетін, өз бетімен ойлайтын, мәдени деңгейін дамытуда өз бетімен жұмыс істей алатын шәкірттер тәрбиелегенде ғана ұстаздарға артылған қасиетті борыш орындалмақ.



Ақылдың кені

*Оқу, білім - жанған шырақ ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсең - қалмасаң.
Қу өнерді, бу беліңді, жігер сал,
Пайда аларсың, қайжанарсың, тоймасаң.*

Жүсіпбек Аймауытов.

*Құр айқай бақырған
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен?*

Абай Құнанбайұлы.

*Өзгеге көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.*

Абай Құнанбайұлы.

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҒЫ

Ғылымның белгілі бір саласы бойынша оқушыларды шығармашылық ізденіске, зерттеу жұмысына бағыттау бүгінгі білім беру ісінің негізгі мақсаты.

Оқушыны ғылыми жобалар жарысына қатыстыру үшін, ең алдымен, оны дайындау және тәрбиелеу керек. Себебі, ғылыми жобалар жарысы-терең білім, үздіксіз ізденісті, жүйелі дайындықты, ұзақ уақытты қажет етеді. Осы мақсатта оқушыны ғылыми жұмысқа дайындаудың жүйесін құрып, сол бойынша жұмыстар жүргізіп келемін. «Іргелі іс ізденістен туады» дегендей, шәкірттеріміздің ізденісі, білімі нәтижесін беріп, Балмағамбетов Думан мен Семғалиев Аман оқушылардың республикалық жарысына қатысып, жүлделі оралды.

Оқушыларды ғылыми жарысқа дайындау жүйесі.

I. Оқушыны таңдау. «Оқушыны тану» зерттеу жұмыстарын жүргізу.

- > Оқушының даму деңгейін зерттеу.
(М.И. Шилова бағдарламасы бойынша)
- > Оқушының тәрбиелік деңгейін диагностикалау
(Н.Е.Щуркованың әдістемелері бойынша)

II. Оқушыны тәрбиелеу.

> Жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

> Жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін тәрбиелеу.

III. Жұмыстың тақырыбын таңдау.

> Оқушы таңдауымен, пікірімен танысу.

> Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау педагогикалық университет ғалымдарымен пікірлесу.

Жұмыстың тақырыбын, зерттеу объектісін, мақсатын, міндетін, нәтижесін анықтау.

IV. Дайындық жұмыстарын жүргізу.

> Тақырыпқа байланысты әдебиеттерді оқу.

> Оқығандарын, ойға түйгендерін қағазға түсіру.

> Жоспар құру.

> Күнделік жазу.

> Ғылыми жобаны орындау, талаптарына сай рәсімдеу.

V. Университетпен байланыс.

> Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау университетінің филология факультетінің ғалым ұстаздарына жазылған жұмысты көрсетіп, ақыл-кеңестер алу.

> Жұмыс туралы ғалымдар пікірін білу.

VI. Демонстрациялық материалдар дайындау.

> Жұмыстың мазмұнын айқындайтын көрнекіліктерді: графиктер, диаграмма, фотосуреттер дайындау.

> Жұмысты компьютерлендіру.

> Компьютерде тақырыпқа сай сайт ашу.



Р.ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

АСЫЛ АРНА

(Балалар әдебиеті хақында)

Қазақ әдебиетінің құрамдас нәсі арналы, ағысты саласы-балалар әдебиеті екені анық. Ақиқатында: «Қазақ балалар әдебиеті-қазақ әдебиетінің мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған саласы. Оның қайнар көзі қазақ фольклорынан бастау алады (Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруна, 2005. – 291 бет).

Жасыратыны жоқ, ұлттық балалар әдебиетінің алғашқы жазба үлгілері - Ы.Алтынсариннің оқу-білім, еңбек пен тәлім-тәрбие төңірегіндегі өлең, әңгімелерінен кеңінен көрініс берді. Бұдан басқа, XX ғ.б. ұлттық сөз өнері өкілдері-С.Көбеев «Үлгілі бала» оқулығын, М.Көшімов «Әдеп», «Ақыл» жинақтарын, Т.Жомартбаев «Балаларға жеміс» кітабын, Ө.Тұрманжанов «Қошан кедей» жинағын, І.Жансүгіров «Жұмбақ» деген суретті-кітапшаларын жарыққа шығарды.

Арғы-бергі кезеңде балалар әдебиетінің әр алуан жанрларында барлық ақын-жазушылар, оның бірсыпырасын, олардың арасында Қ.Әбдіқадыров, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, С.Бегалин, С.Омаров, М.Хакімжанова, Х.Ерғалиев, Б.Соқбақбаев, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Өмірбеков, М.Әлімбаев, Н.Әлімқұлов, Б.Тәжібаев, Ж.Смаков, Б.Тәжібаев, М.Гумеров, Қ.Ыдырысов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ш.Смаханұлы, О.Әубәкіров, Қ.Баянбаев, Е.Өтетілеуов, А.Асылбеков, Е.Елубаев, С.Қалиев, М.Қабанбаев, Ө.Ақыпбеков, Т.Алшынбаев, Т.Әбдірайымов, Ш.Күмісбайұлы, Б.Болатхан, С.Дүйсенбиев, Д.Мамырбаева, К.Сәттібайұлы, Ө.Файзоллаұлы, т.б. жүйелі де өнімді, ерен еңбек етті.

Балалар әдебиетінің даму үрдістерін еске алған тұста, «Жалын», «Балауса», «Мектеп» баспаларының барын, «Балдырған», «Ұлан», «Ақжелкен», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», «Жыл он екі ай», т.т. газет-журналдарының жүйелі шығуын көңілге медеу етеміз. Ал, Ш.Ахметов зерттеу еңбегін жазып, Қ.Матыжанов, Б.Ыбырайым осы бағытта іргелі ізденістертер жасады. Балаларға арналған зерттеулерін жазды. Әдебиетші-ғалым Қ.Ергөбек «Арыстар мен ағыстар» еңбегінің бір кітабын балалар мәселелеріне арнады (Арыстар мен ағыстар.- А.:Өркениет, 2003. - 368 бет).

Орайлы тұста еске алсақ, М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген қағидалы ойларының мәні зор. Бесік жыры-бала танымын қозғау, оны аялау мен бағалауға келіп саяды. Балалар әдебиетінің әуелгі бастауы екені де анық. Осы тұста, сөз жоқ «Балдырған» журналы мен «Ұлан» газеті игілікті іс, ізгілікті қадамдар жасады. «Әліппе», «Шынашақ» та үлкен үлес қосты. Ал, балалар әдебиетін дамыту мен насихаттауға арналған «Дарабоз» байқауында (халықаралық) әрбір туындының тақырыптық мән-маңызы, жанрлық жүйесі мен көркемдік қырлары, авторлық ұстаным мен баяндау-жеткізу жолдары, амал-тәсілдер қолданысы, тіл бедері, шеберлік арналары басты мұрат, талаптарды құрады. Он жыл бедерінде бірнеше номинация бойынша байқау қорытындылары шығарылып, үздік туындылар жеке жинақ түрінде жарық көрді. Ал, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мен Қазақстан Жазушылар одағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ тіліндегі үздік әдеби шығармаларға-«Балауса»атты бәйге ұйымдастырады. Бұл байқаудың да басты мақсаты-балалар әдебиетін дамыту негізінде жас буын өркендерді ел-жерді, ата-ананы, дос-бауырды жақын тұтып, құштарлықтары мен сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, әрі ұлтжанды, патриотизм рухында тәлім-тәрбие беру болып табылады.

Бұдан басқа, әрине Халықаралық Оқу Конгресінің ұйымдастырылуы (2015 жыл, 27 қараша), онда «Оқырман қауым-Ұлы Дала Елінің болашағы» деген ортақ тақырыппен бірнеше

секцияның жұмыс жасауы, оның ішінде «Балалар және кітап-бүкіл әлемдік мүдде» деген тақырып аясында Балалар әдебиеті төңірегінде кең көлемде сөз етіліп, талқылауға орын берілуі айрықша мәнді болды. Бағыттар айқындалды. Көзқарастар, ұсыныстар ашық білдірілді.

Қазақ радиосы мен ұлттық телеарналардан жүйелі берілетін хабарлар мен сұхбаттар жүйесінен – балалар әдебиетінің басым бағыттары, даму үрдістері, келелі келешегі хақында да ұнамды үлгілер көпке ұсынылады. Негізінен алғанда, балалар әдебиеті барша жұрттың қимасындай қымбат қазынасы, көпке көрсетер ұнамды-үлгілі үрдісі, мадақ сезімге бөлер мейірім шуағы, сәулелі сәттердің бірі де бірегейіне айналғаны жөн-ақ. Бәрі де балалық-балдәуреннен бастау алатынын ескерсек, кім-кімнің де қызық-қимас сәттерді оп-оңай естен шығарып, ұмытуы-қиынның қиыны. Керісінше, балалық кезеңін көңілді кеңге салып, жан-жүрекпен толғап, терең тебіреніспен еске алатындарын жоққа шығару мүмкін емес. Оның көркем көрінісі, әрекет-қимылға, қызық-шыжыққа толы сәттері, тіпті өзіндік өзгешелігі, сөз жоқ балалар әдебиетінен тиісінше кең орын алады. Бұл реттен келгенде, ақын-жазушылар жас ұрпақ-балалар ерекшелігін, көзқарас-танымын, әрекет-қимылдарын, талап-тілектерін толық ескеріп, суретті кітапшадан-көлемді жанрға қадам жасап, қысқа-нұсқа үлгіде, қызық та көркем, мәнді де нәрлі, көңілге қонымды, жүрекке жақын, анық-қанық бояу, танып-түсінуге, сыр-сезімге құрылған, жаттауға жеңіл, әсерлі де сенімді тағылымды туындылар ұсынғанын әркім-ақ қалар еді. Оның үлкен-кішіге де қатысы көп.

Ал, өз кезегінде жас өскінге ұлттық ерекшеліктерімізге сай тәлім-тәрбие беріп, оны балалар әдебиетінің көрнекті туындылары негізінде рухани нәрмен сусындатып, ақыл-парасаттын арттырып, ой-сөз жүйесін қалыптастыру ісінде алдымен отбасы, сосын отан, қоғам болып жауапты екенімізді терең сезіну қажет-ақ. Ақиқатында, қазіргі кезеңде жас ұрпақтың талап-тілектерін қанағаттандырудың қиындығын сезіне тұра, оқу-білімнен алыстауға, тәлім-тәрбиені келесі кезекке қоюға қақымыз жоқ. Ұлт пен ұрпақ алдындағы

басты жауапкершілік, отан алдындағы қарыз-парыздың бірі, сөз жоқ осыған келіп саяды. Мұның үлкен-кішіге, әсіресе жас ұрпақ алдындағы мәні зор екені анық.

Осы орайда ойға алар болсақ, тегінде: «Балалар жазушысы болмайды, балалар қаламгері болып туады» деген қағидатты көзқараста негіз бар. Балалар өмірін, көзқарас-танымын, жас ерекшелігін, талап-тілектерін негізгі назарда ұстап, әрекет-қимыл, ой-сөз жүйелерін жіті бақылап, соған сай тақырып тауып, оқиға-сюжет желісін сенімді құрып, идея, композиция мұраттарына адалдық танытып, көркемдік әдіс-тәсілдерді барынша анық-қанық бояулармен бедерлі беріп, баяндау-жеткізу жолдарында қысқа-нұсқа мәтін, қызықты көрініс, тосын шешім, ажарлы тіл, қанатты қиял, өрнекті стильдік құбылыстармен нанымды, серпінді, сергек суреттеудің айрықша мәні бар. Безендірілімі бедерлі суретті-кітапшалардың да тағылымы мол.

БАҚ жүйесінде арнайы бет пен телеарналарда тұрақты бағдарламалардың орын алуы қалың көпшілікке, әсіресе жас ұрпақ-балаларға берері, көмегі көп. Бұл бағыттың тұрақты Һәм жүйелі өріс алғаны нұр.

Ақиқатында, ел дамуында жан-жүректі асқақтатып, көңілді тербейтін жаңалық-жетістіктер, бел-белестер, үлгілі үрдістер көп-ақ. Оны алыс-жақын елдер де біліп-танып, көріп келеді. Бірақ, әрине тарих тұрғысынан қарасақ, тәлім-тәрбие үрдісінен көз жіберсек, ақын Қадыр Мырза Әлінің: «Біздің тарих бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы» деген мағына-маңызы, танымдық-тәрбиелік мәні зор қағидалы көзқарасы ойға оралады. «Бала-бауыр етін» деген өмір тәжірибесінен туындаған сөзге де мықтап табан тіреріміз хақ. Өйткені, бала-өмір жалғасы, мұрагерің! Ататек, шежірені таратып, жалғастыратын кең арна, өрісті өлке! Алайда, «Бес саусақ бірдей емес» дегенді де жадымызда ұстаған абзал-ақ. Өйткені, жас өскін өмірде кедергіге кезігіп, тағдыр талқысына түсетін тұстарын бүгінгі күні жоққа шығаруға болмайды (мысалы, мүмкіндігі шектеулі, әлжуаз, жарымжан, жетім, кемтар, тастанды, т.с.с.). Мұндайда, әрине

арнайы мектеп-интернаттар, мамандандырылған тәлім - тәрбие орталықтары, қайырымдылық шаралары, жаңашыл бастама мен әдістемелік тәсілдер, дәрігерлік көмек, психологиялық ақыл-кеңес, жүйелі жаттығу, әрекет-қимылдар, т.т. қажеттілігі сезіледі. Біздіңше, қоғамда орын алған-қылмыс хроникасы, қатыгездік пен қасиетсіздіктен тұратын кереғар көрініс, ұлтқа жат құбылыстар, қысқасы бүгінгі күннің шындығы-балалар әдебиетінің тақырыбы мен мазмұнынан, оқиға-сюжет желісінен кең орын алып, әсерлі, көркем, жүйелі жеткізілсе, баршамыз үшін де кәделі, сауапты іс болар еді. Азаматтық Ғәм зайырлы қоғамның ұлы мұраты, мерейлі міндеті де осы.

Асылы, ардың ісі-әдебиет-Алланың сыйы. Жас ұрпаққа берер ұлттық тәрбие-бесік жырынан басталып, отбасы, балабақшадан жарасымды жалғасын тапса, қалың көптің, отбасы мерейінің қуанышты сәттері де осы. Өйткені:«...Жас буынға жан жүрек жылуын арнағандар, болашақ ұрпаққа адамгершіл тәлім ұсынғандар мен ұсынатындар, ерен жастарға өнер жемісін сыйлайтындар бір ғұмыр емес, екі бірдей ғұмыр кешетіндей көрінеді.

Балабақшада сүйікті ақынның татымды тақпағын жаттаған сәби сол жырды ғұмыр бойы өзіне жан серік етсе, ертең өзі әке атанғанда, ертең өзі ана болғанда туған ұлы мен қызын әсем өлеңмен ауыздандырады, табыстырады. Ақын-жазушылар мектеп қабырғасында да бүлдіршіндер жүрегін көркем сөз құдіретімен шындайды, мейірбандылыққа баулиды, жан жұмсақтығымен қамқор болуға үйретеді"» (Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз.- А.:Өнер,1990. - 151 бет).

Қысқасы, қазақ балалар әдебиеті ұлттық сөз өнеріндегі маңызды сала, әрі қалың көптің, жас ұрпақтың көңіл, жүрегінен кең орын алғанын айту абзал (қараңыз: Ш.Ахметов. Балалар әдебиетінің очеркі.-1960; Қазақ балалар әдебиеті.-1974; Қазақ совет балалар жазушылары (жинақ).-1987; К.Ісләмжанұлы.Рухани уыз.-1995; Б.Ыбырайым. Сырлы әлем.-1997; А.Әлтай. Қазақ балалар поэзиясы.-2009, т.т.).Осы реттен алғанда, сөз жоқ: «... Тәуелсіз елдің ту етіп көтерер тұғырлы тұлғасы-бүгінгі бөбектер.

Сондықтан Тәуелсіздік, ел мен жер, ұлт тағдыры секілді ұлы ұғымдарды олардың бойына балғын шақтан сіңірудің маңызы зор. Балалар әдебиетінің негізгі міндеті-сәбилердің рухани деңгейін көтеріп, қиялын шарықтатар жігерлі де жасампаз жаңа күннің кейіпкерлерін өмірге әкелу.

Ел тарихын, бабалар дәстүрін ойына тоқып, бойына сіңіріп өскен ұрпақтан ұлтжанды азамат өсіп шығады. Туған тілді тұғырына қондыруда да балалар әдебиетінің атқарар ісі орасан.

Балдырғандар тақырыбына қалам тербеп жүрген ақын, жазушылардың аздығы, олардың жай-күйі, қаламақыларының мардымсыздығы бізді алаңдатады. Мектеп оқулықтарына енген әдеби шығармалардың ішінде асылынан жасығы басым ба деген күдігіміз де жоқ емес. Мұндай жауапсыздық жас өркеннің талғамы мен дүниетанымына кері әсер етеді. Балалар басылымдарына талап-тілекті күшейтіп, мемлекет тарапынан қойылар міндет-мақсаттарды анықтап, нақтылайтын кезең келді» (Әдеби өмір шежіресі.- А.: Ан-Арыс, 2012. -221-222 бет).

Асылы, адам-қоғам байлығы болса, одан тараған ұрпақ (ұл мен қыз)-отбасы мен отанның біртұтас тірегі, ортақ мерейі, қымбат қазынасы. Ақиқатында, ұлт пен ұрпақтың-айбыны мен айдыны. Ендеше, ұлт пен ұрпаққа көзқарас айқын, аялау мен бағалау бөлек болып, барлық бағыттар бойынша жаңа жол, кең өріс ашылғаны жөн. Балалардың өз әлемі, көркемдік кеңістігі болса, бұдан-ұлт ұтады, ұрпақтың өмірі мен өнегесі артады. Оның ішінде, әсіресе бала тәрбиесі айрықша маңызға ие. Өйткені: «...Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды»(Ж.Аймауытұлы).

Бұл-баршамыз басты бағыт етер, негізгі назарда ұстар, тілекші тұмар сынды адастырмас темірқазақ екені анық.

Бұл-өмірдің құретамыры,тәлім-тәрбиенің негізгі өзегі.

Мұны әркім білгені жөн.

Бұл реттен келгенде, балалар әдебиеті-ұлттық сөз өнерінің бірегей саласы. Қымбат қазынасы Ғәм асыл арнасы. Асыл арнаның ағыс құрап, телегей теңіздей буырқанып, мөлдір де таза болғанын баршамыз қалар едік...

Г.ҚҰРМАНОВА,
№ 121 ЖББМ.
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ.

«КЕМ ТЫ ХОЧЕШЬ БЫТЬ?»

(5-класс)

Тема урока: «What do you want to be?»(комбинированный урок по теме, направленный на повторение лексики и закрепление глагола to be.)

Цель урока: систематизировать и обобщить знания учащихся по темам «Кем ты хочешь быть?» и «Профессии», выработка ЗУН в области устной и письменной речи по темам.

Задачи урока:

- Обучающие-закрепить знания и повторить материал по теме «Кем ты хочешь быть?»
- Развивающие-развивать внимание, память, логическое мышление, языковую догадку; развивать познавательный интерес школьников, развивать умения логически излагать свои мысли, воспитывать умение работать в парах, самостоятельно.
- Воспитательные- воспитание у детей интереса к изучению иностранного языка, воспитать уважительное отношение к различным видам профессиональной деятельности, бережного отношения к животным и уважения к людям разных

профессий.

- Образовательные:

Актуализация знаний, умений, навыков, приобретенных ранее, формирование и развитие речевых компетенций; формирование грамматических навыков употребления форм глагола; способствовать формированию навыков монологической и диалогической речи по теме урока;

Ход урока.

1. Организационный момент (3:00)

The teacher says in English and translates: Good morning children!

Pupils: Good morning!

Teacher: Sit down please. How are you today?

Pupils: We are fine, thanks.

Teacher: Ok, very well. What day is it today?

- Today is Monday.

Teacher: Thank you very much. And what date is it today?

- Today is December, 10th.

Today we are going to have an interesting time together. The topic of today's lesson is "What do you want to be?" Today we are going to talk about you, your future job and jobs of your families. You will speak about jobs of each other. We'll repeat carefully all the words and phrases that we have already learnt. We'll make up some interesting dialogues and play games. Are you ready for the lesson?

2. Checking up of the home task. Play with the ball. Pupils should name the professions in English giving ball back. The teacher says the words in English and translates: Now, children, I want to check how well you did your home task and wrote sentences about your families.

Don't forget that we must use the verb in the correct form (am, is, are). Who wants to come up to the blackboard?
Teacher: Great! Your sentences were perfect, my dears. You did your home task very well. Sit down, please.

3. Повторение пройденного лексико-грамматического материала (10:00)

Teacher: We go on and we are to revise all the words that we have learnt carefully. And now tell me please, whom do you love more than everyone?

Pupils 1-Pupils 8: My family!!!

Teacher: Do you want to speak about your mothers, fathers, sisters and brothers?

Pupils: Yes, of course, we do!

Teacher: Now look at the blackboard! There are a lot of beautiful pictures of your families at work on it. I will ask different questions, ok? Ex. 1p. 85

Teacher: What does your mother do?

Pupil: She's a/an...

Teacher: What does your father do?

Pupil: He's a/an...

Teacher: What is your brother do?

Pupil: He is a/an...

Teacher: Well done. Thank you very much, my dears. And the next task is matching the professions. You should find the correct translations of following words.

a) Match the professions

a doctor	музыкант
a musician	учитель
a teacher	инженер
a lawyer	адвокат
a driver	оператор
an engineer	врач

an operator

секретарь

a secretary

водитель

Teacher: Ok, and now let's to repeat professions (work on the blackboard.) don't forget here again that we must use the verb "to be" in the correct form (am, is, are).

a) What is he?

He is a doctor.

What is she?

She is a teacher.

What is he?

He is a driver.

b) Let's play the game. Find the professions.

1) codrot- doctor

2) elawyr- lawyer

3) redivre-driver

4) hacteer-teacher

5) crsaeyret-secretary

6) anbkeangram-bank manager

c) The topic of our lesson is WHAT DO YOU WANT TO BE?

I want to be a teacher.

What do you want to be?

I want to be an astronaut.

d) Open your books at page 85

-reading the dialogue Ex. 2.3.4

e) The work in pairs "What do you want to be?" Ex. 4,5,6,7 p. 86 (Explaining of the short answers Yes, I do/ No, I don't)

f) Open your working book and do ex. 8, p. 86. Look at the chart and write questions and answers.

Bolat, Dima, Asem, Arman, Olga.

A secretary+

A dentist+
A lawyer+
An astronaut+
A bank manager+
A teacher+
An engineer+

1) What does Bolat want to be?

He wants to be a doctor.

2) What does Dima want to be?

He wants to be an astronaut.

3) What does Arman want to be?

He wants to be a teacher.

4) What does Asem want to be?

She wants to be a lawyer.

5) What does Olga want to be?

She wants to be a secretary.

Teacher: Very well. And now let's do ex. 11 p.87 and then we should find out what do Colin and Carol want to be. (Ex12 p. 87)

Concluding stage:

-My dear friends you worked well. Today we have spoken about your families and different professions. We've repeated the verb to be. You should choose your profession wisely a doctor or a teacher depend on you. От вас, ребята, зависит, кем вы станете. Учитесь хорошо и выбирайте профессию по душе. Удачи вам в вашем выборе! Good luck!

-Now children open your notebooks and put down your homework, please. (ex.13-14, p. 87) Your marks and Good bye!



А.КАКЕНОВ,
О.Мұхаммадий атындағы
орта мектеп.
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы.

ЕҮОБ ЖӘНЕ ЕКОЕ ТАБУ ЕСЕПТЕРІ

Мақсаттары:

Білімділік: ЕҮОБ және ЕКОЕ табу есептерін шеше білуі және тиімді тәсілдерді таба білуі; өзара жай сандарды мәселе есептер шығаруда қолдана білу.

Дамытушылық: ауызша есептеу, жалпылау дағдыларын дамыту; логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру; ойын жеткізе білуін және ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік: ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, дәлдікке тәрбиелеу; ұжымда, топта, жұпта жұмыс істеуге тәрбиелеу; өздігінше жұмыс істеуге дағдыландыру, оқушыларды өзін – өзі басқаруға, өз мүмкіндігіне сенуге, үлкен жетістікке ұмтылуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ, ойын сабақ.

Көрнекілігі: үлестірме материалдар, тест тапсырмалары.

Әдісі: топтық жұмыс.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

2 үй тапсырманы тексеру.

Мұнда, оқушылар, үйге берілген тапсырманы сұрақтар арқылы және есептерді тексеру арқылы алға жылжимыз.

Қызығушылығын ояту.

1. Ең үлкен ортақ бөлгіш.
2. Құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу.
3. Ең кіші ортақ еселік.
3. «Теория және практика» есептер шығару.

Оқулықпен жұмыс. №738

Кім жылдам?

I топ ЕҮОБ (48, 240, 264)=24

II топ ЕҮОБ (72, 432, 792)=24

III топ ЕҮОБ (112, 124, 420)=4

Ой қозғау

1. Тіркемесі бар машинамен бірнеше рет қатынап, бірінші күні 35 т, екінші күні 21 т, үшінші күні 14 т кірпіштер әкелінді. Тіркемесі бар машинаға әрбір ретте тиелген кірпіштердің массалары бірдей. Машина бір рет қатынағанда неше тонна кірпіш әкеледі?

- ЕҮОБ (35, 21, 14)=7

2. Әлия мен Дина бір жерден шығып, қадамдарын бірдей бастап, қатар жүрді. Әлияның қадамы 45 см, Динаның қадамы 60см. Қандай ең қысқы қашықтықта олар бүтін санды қадамдар жасайды?

- ЕҮОБ (45, 60)=180

3. 24 қызыл шар, 42көк шар және 30 сары шардан бірнеше тізбе дайындалды. Тізбелердегі қызыл шарлар саны бірдей, көк шарлар саны бірдей, сары шарлар бірдей. Ең көп дегенде неше тізбе дайындалды?

- ЕҮОБ (24, 42, 30)=6

4. Тест жұмысы. Қорыту.

1. Қай сан құрама сан болды?
1) 22;

2) 23;

3) 1.

2. 144 санына еселі санды тап?

1) 11;

2) 12;

3) 14.

3. Қай сан жай сан болады?

1) 10;

2) 29;

3) 54.

4. Өзара жай сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші

1) 2;

2) 7;

3) 1.

5 ЕҮОБ (10: 15)=?

1) 5;

2) 6;

3) 7.

6 ЕҮОБ (160: 180)=?

1) 16;

2) 24;

3) 20.

7. Қай сан құрама сан болмайды?

1) 21;

2) 23;

3) 1.

5. Үйге тапсырма беру.

6. Бағалау.



Д.РАХИМОВА,
С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы.

ҰМЫТЫЛМАЙТЫН ҰЛЫ ЖЕҢІС

«Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз».

Н.Назарбаев.

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен кездесу кеші өтті. Бұл шараға Ұлы Отан соғысының ардагерлері Алматы Ермағамбетов, Мұрабай Кемер және тыл ардагері Рашид Курбанов, облыстық мемлекеттік мұрағат қызметкерлері, Ақтөбе құрылыс - монтаж колледжі және №37 мектеп оқушылары мен кітапханашылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Қатары сиреп бара жатқан ардагерлерді қоғамымыздың болашағы жастармен, оқырман қауыммен кездестіріп, майдан даласындағы қиын ерлік жолдары және тылдағы майданға аттанған азаматтардың орнын алмастырған еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін, бұғанасы қатпаған бала мен әйелдердің бәрі де «... майдан үшін», «...жеңіс үшін» деген, тылдағы ерен еңбектерін

насихаттау. Жас ұрпақты жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтарымыздың ерлігіне тағзым етуге, отансүйгіштікке, елжандылыққа, өз халқымыздың тарихын сүйюге баулу.

«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты кездесу кешінің ашылу рәсімінен кейін, осы бейбіт өмірге жете алмаған боздақтарымыздың рухына бас иіп, бір сәт үнсіздікпен еске алынды.

Кеш барысында Ұлы Отан соғысы ардагері Ермағамбетов Алматы атамиз өзінің 1943 жылдың қаңтарында әскер қатарына алынып, Орынбор облысы «Колтубанка» станциясында әскерлік дайындықтан өтіп, сержант шенімен соғысқа аттанған. Львов қаласы, Батыс Украина, Польша, Краков және т.б. қалаларды жаудан азат етуге қатысқанын айтты. Жеңіс мерекесін Германияның Гамбург қаласында тойлағанын және соғыстан кейін 4 жыл әскер қатарында Литва республикасында әскерлік қызметін атқарып, 1949 жылы елге оралған. Осы уақытқа дейін бейбіт күнде өмір сүріп жатқанын, жастарға соғыс туралы құлақтарың естісе де, көздерің ондай сұм жағдайды көрмесін, аспандарың ашық, еліміз тыныш болсын деген тілек білдірді.

Соғыс ардагері Кемер Мұрабай ата 18 жасында 1942 жылы май айында Темір ауданынан соғысқа аттанған. Батыс Украина майданында болғанын, бір рет жеңіл жарақат алғанын, бірнеше жерлерді және Жапонияны азат етуге қатысып, жеңіс туралы хабарды Хельсин қаласында естігенін және әрі қарай әскери міндетін атқарып, 1947 жылы елге оралғанын, одан кейін колхозда зоотехник болып

қызмет атқарып, 60 жасында зейнеткерлікке шығып, 2005 жылы ардагерлерге Ақтөбе қаласынан үй беріліп, қалаға көшіп келгендігін айтты. Мұрабай ата жастарға бейбіт заманда өмір сүрулерін, дендерінің сау болуына және Елбасының қайтадан сайлануы, ол Мәңгілік Ел идеясы туралы айтып өтті.

Тыл ардагері Курбанов Рашид атаның айтуынша соғыс басталған уақытта 11 жастағы бала еді. Кішкентай екеніне қарамастан етікшіге көмекші болып жұмыс жасағанын, ол кезде жағдай өте ауыр, аш - жалаңаш жүргенін, осындай қиыншылықтарды көре отырып, жеңіс мерекесіне жеткендігін айтты. Қазір заман жақсы, бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз. Жастарға денсаулықты күтуге, әр уақытта дене жаттығуларын жасауды, жасы 85-ке келсе де әлі өзінің денсаулығының жақсы екенін әрі жас көрінетіндігі туралы қызықты әңгімелеп берді. Жастарды спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Облыстық мемлекеттік мұрағат қызметкері Ешмұратова Бақытгүл мұрағат қорынан жасақталған «Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады» атты мерзімді баспасөз көрмесімен таныстырды. Көрмеге 1941-1945 жылдардағы «Социалистік жол», «Актюбинская правда» газеттері мен майданнан жазылған хаттар, сол кездегі жерлестеріміздің ерлігін айғақтайтын құжаттар қойылған. Бұл тарихи деректердің барлығы облыстық мұрағатта сақталғанын айтып өтті.

Кеш барысында ардагерлерге арнап Ақтөбе политехникалық колледжінің 2 курс студенті Мұхтар

Әділет М.Әміреұлының «Майдангерлер» өлеңін, №37 мектептің 9 сынып оқушысы Елеубай Аяжан «Белгісіз солдатқа» арнау өлеңін, ақын М.Айтқожаның «Өніп бір қызыл гүл таста тірі» атты өлеңін жас маман, кітапханашы Ж.Жұмагереева мәнерлеп оқыды.

Қазақстандық жауынгерлердің ерлігі, жеңіс қуанышымен қайғы-мұң, қасіреті бейленген майдангерлер хаттарын оқырмандар жылы қабылдап, үлкен жүрек тебіренісімен тыңдады. Ақтөбелік майдангер Николай Ананьевтің анасына жазған хатын Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің 2-курс студенті Елемесов Әділет, Әлия Молдағұлованың майданнан ағасы Бисембай Қабиевке жазған хатын кітапханашы Мұқашева Ақмарал оқыды. Кештің барысында халық шығармашылық үйінің қызметкері, «Шашу» отбасылық ансамблінің әншісі Амангүл Ешпанова баласы Бейбарыспен Ш.Қалдаяқовтың «Бейбіт күн тілегі» әнін орындады.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған кездесу кешін кітапхана директоры Жұмағұл Несібелі Сағынбайқызы қорытындылады. Кітапхана басшысы кеш қонақтарын Жеңіс күнімен құттықтап, ардагерлерге жүрек жарды алғысын білдіріп, ардагерлерге естелік ретінде сыйлықтар табыс етті. Өз өнерлерін ортаға салған қатысушыларға Алғыс хаттар табыстады.

Тәуелсіз еліміздің көк туы мәңгі желбіреп, елімізде бейбітшілік болсын.



Б.БАКИЕВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе
облыстық әмбебап-ғылыми
кітапханасы.
Ақтөбе қаласы

РЖЕВ ШАЙҚАСЫНЫҢ ҚАҒАРМАНДАРЫНА ТАҒЗЫМ

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Қос Шынар» Әлия–Мәншүк атындағы қайырымдылық қоры қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғалымжан Байдербестің «Ржев шайқасының қаһармандары» кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді.

Кітап 2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Ақтөбе қаласында 1600 данамен жарық көрген. Екінші дүниежүзілік соғыстың қасіретті күндері туралы тарих қойнауында әлі зерттелмеген талай ақиқат жатқаны анық. Соның бірі–Ржев түбіндегі шайқас. 1942 жылдың желтоқсанында Алматыда жасақталған 100-дербес атқыштар бригадасы мен Ақтөбеде құрылған 101-дербес атқыштар бригадасының жас жауынгерлері Ржев түбінде Отан үшін жан алып, жан беріскен еді. Сұрапыл шайқастың нәтижесінде миллиондаған жерлес, қандастарымыз жер жастанып, Ржев топырағында мәңгіге дамылдаған болатын. Аталмыш кітаптың алғашқы бөлімі ақтөбелік 101- дербес атқыштар бригадасының жасақталу тарихына арналған. Екінші бөлімі Ржев түбінде ерлік көрсеткен

қос бригаданың құрамындағы майдангерлердің естеліктері мен тағдыры мұрағаттан алынған деректер негізінде жинақталған. Соның ішінде облыстық кітапханаға есімі берілген көрнекті ғалым, академик, қоғам және мемлекет қайраткері Сақтаған Бәйішевтің де қаһармандық бейнесі баяндалған. 100-дербес атқыштар бригадасының комиссары болғаны, қазақтың аяулы қызы Мәншүк Мәметова да осы ұлттық бригада құрамына өз өтінішімен қосылғаны туралы айтылады. Жас жауынгерлер Ржев қаласының түбінде қандыбалақ шайқасты өткеріп, екі жетінің ішінде бірнеше ауылды жаудан азат етіп, 1000-нан астам немістің солдатты мен офицерлерінің көзін жояды. Орталарындағы жалғыз қыз бала болғандықтан жауынгерлердің барлығы Мәншүкті алғы шепке жібергісі келмей, от пен оқтың арасынан аман алып шығуға тырысқанмен ер жүрек арудың маңдайына жазғаны сол болуы керек Невель қаласын азат ету жолында Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза табады. Мәншүкті жерлеу рәсімінде С.Бәйішев қазақтың қайсар қызының қайталанбас ерлігі адамзат жадында мәңгі қалатынын айтып сөз сөйлейді. Кітаптан көптеген жауынгерлер туралы деректер алуға болады.

Тұсаукесер рәсімінде алғашқы сөз кезегін алған Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қыдырғали Ермұқан Отан қорғау жолында Ақтөбе қаласында арнайы жасақталған 101-дербес атқыштар бригадасының ерлігі мен беделі келер ұрпаққа мәңгі өнеге екенін, елде қалған нәзік жандылар мен балалардың Жеңісті жақындатуға қосқан ұшан-

теңіз үлесі тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып қалатынын айта келіп, Ғ.Байдербесті «Ржев шайқасының қаһармандары» жаңа кітабының тұсаукесерімен құттықтап, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жолында жасап жүрген игі шаралары үшін алғыс айтып, жылы лебізін білдірді.

Жаңа кітаптың авторы Ғалымжан Байдербес адамзат тарихындағы ең қасіретті оқиға болған нәубетті жылдарға ой жүгірте келіп, мұнда Сталинград түбіндегі шайқаспен салыстырғанда адам шығыны әлдеқайда көп болғанын, Әлия мен Мәншүкке қатысты материалдар жинап жүріп, Ржевтегі қан майданды өз көзімен көріп, басынан өткеріп келген ардагерлермен жүздесіп, өз ауыздарынан жинақталған ақпараттар негізінде «Ржев шайқасының қаһармандары» атты кітап дүниеге келгенін, бұл кітап қыршын кеткен жерлестеріміздің рухына арналған ескерткіш екенін айтты.

Ақтөбе облысының қоғамдық-саяси кеңес төрағасының орынбасары Еркін Құрманбеков Ұлы Отан соғысында шейіт болған жерлестердің рухына арнап боздақтарды бір сәтке үнсіздікпен еске алып, «Ржев шайқасының қаһармандары» жаңа кітабына сипаттама беріп, қысқаша шолу жасады. Сөз арасында Ақтөбеден аттанған 101-дербес атқыштар бригадасын өзінің жігерлі де жалынды жырларымен жерлес ақын Нұрпейіс Байғанин шығарып салғанын, өткенге оралып, тарихтан тағылым алу бүгінгі жас буынның парызы екенін айтып, кітап авторын құттықтады.

Ақын Ертай Ашықбаев өз сөзінде бүгінгі күні ардагерлер азайып, ақиқаттар тарих қойнауында

қалып ұзаған сайын, деректер жинау қиынға түсетінін, осы тұрғыда ұрпақ игілігі үшін өмірі мен еңбегін арнап жүрген Ғалымжан Байдербеске қазақтың қос аруы Әлия мен Мәншүктің есімін ұлықтайтын игі істері мен болашаққа табыстаған бүгінгі жаңа еңбегі үшін алғыс айтты.

Кештің құрметті қонағы Ұлы Отан соғысы ардагері, I дәрежелі Отан соғысы орденінің иегері Сұлтан Досмұратов 1942 жылы Ырғыз ауданы Басқұдық орта мектебінде мұғалім болып жүріп, Ақтөбедегі жасақталған 101- дербес атқыштар бригадасы құрамына 4 ай дайындық курсы бітіріп қосылғанын айтты. Және Ржев түбіндегі өз көзімен көрген қанды шайқасты, сонымен бірге ауылда қалған бала-шағаның тартқан азабы мен қиындықтарын баяндап берді. Өзінің 50 жыл ұстаздық ғұмырынан сыр шерткен ардегер сөз соңында от пен оқтың ортасынан аман келіп отбасын құрып, бүгінде 6 бала, 21 немере, 23 шөбере сүйіп отырған бейбіт елдің бақытты азаматы екенін мақтанышпен айтты. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған шаралар мен ардагерлерге көрсетілген құрметтер үшін Елбасының атына, ел азаматтарына алғысы мен лебізін білдірді.

Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі, зейнеткер, «Күміс алқа» иегері Зәуре Омарова 101-дербес атқыштар бригадасының құрамында болған әкесі Ғұмар Омаров туралы естелігін айтты. Әке ерлігін мақтан тұтатын Зәуре Омарова жаңа кітап авторына және тындармандарға аналық тілегін арнады.

Ардагер ұстаз Данағали Кенжебайұлы үлкен игі шараның себепкері болған Ғ.Байдербесті құттықтай отырып, өзі басшылық еткен М.Құсайынов атындағы

дарынды балалар мектеп-интернатының ғимараты бір кезде 101-дербес атқыштар бригадасының жасақталып жиналған ордасы екенін, осыған байланысты 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арнап мектеп–интернатта 101-дербес атқыштар бригадасына арналған мұражай ашылғанын айтты. «Мәңгілік ел болу үшін ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қою керек. Техниканың қарыштап тұрған заманында балаларға рухани азық болар осындай шаралар, жас жеткіншек үлгіні өз ата-анасынан, ұстаздан алып өсуі керек және әрбір тірі адам бүгінгі күні үшін Жеңістің бағасын білуі керек»-деді ардагер ұстаз.

Кеш соңында Қобда аудандық «Нұр Отан» партиясының 1-орынбасары Асылхан Жауқадыров Қобда ауданы әкімі атынан «Қос Шынар» Әлия – Мәншүк атындағы қайырымдылық қоры қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғалымжан Байдербесті жаңа кітабының жарық көруімен құттықтап, Алғыс хаты мен сыйлығын табыс етті.

Арнайы ұйымдастырылған «Ржев шайқасының қаһармандары» атты кітап көрмесіне өлкетану бөлімінің кітапханашысы Балагүл Бакиева библиографиялық шолу жасады.

Кешке келген ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының курсанттары, қаламыздағы арнаулы оқу орындарының студенттері мен №51 мектеп-гимназиясының оқушылары аға буынның тағылымы мол әңгімесін тыңдап тарихтан біраз мағлұмат алып қайтты.



К 70 - ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

В национальной библиотеке состоялся вечер памяти, посвященный дню рождения легендарного летчика-штурмавика, генерал майора авиации, дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова. Сын Талгат Талгатович Бегельдинов рассказал о своем отце.

Талгат Якупбекович Бегельдинов родился 5 августа 1922 г. в а.Майбалык Акмолинской области в семье шаруа.

После окончания средней школы вступил в аэроклуб, учился в Саратовском и Чкаловском (ныне Оренбургском) военно-авиационных училищах. С 1940-1956 г. служил в армии. На фронте с 1942 г. в составе 144-го гвардейского штурмового авиационного полка воевал на Калининском, Воронежском, Степном, 1-м и 2-м Украинских фронтах, проявил героизм при освобождении Украины, Польши, взятии Бреслау и Берлина. Всего за годы войны Т.Я.Бегельдинов совершил свыше 300 боевых вылетов, в воздушных боях сбил 7 самолетов, уничтожил десятки танков, орудий и другой боевой техники. После войны, в 1950 году окончил Военно-воздушную академию и до 1956 года продолжал службу в Военно-Воздушных силах СССР. С 1957 по 1970 годы работал в гражданской авиации. Работал заместителем председателя управления Гражданской авиации

Казахской ССР. Руководил работой по созданию взлетно-посадочных полос в Алматы, Актюбинске, Караганде, Костане, Жамбыле, Усть-Каменогорске и других областных центрах. В 1968 году Талгат Бегельдинов заочно окончил Московский инженерно-строительный институт, после чего работал на руководящих должностях в системе Госстроя Казахской ССР. Депутат Верховного Совета СССР 2-3-го и 12-го созывов (в 1946-1954 и 1989-1991 годах). Автор книг: «305 рейдов», «Илы атакуют» (1966), «Воздушные бои» (1967), «Пике в бессмертие» (2000). Награжден орденом Ленина, дважды орденом Красного Знамени, орденами Отечественной войны I степени и II степени, Александра Невского, Красной Звезды, Славы III степени и медалями. 9 мая 2000 года был открыт бюст дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова на Аллее Славы г.Кокшетау. Бронзовый бюст установлен в городе Фрунзе (ныне Бишкек). Актюбинский Военный институт Сил Воздушной обороны (ранее АВВАУ), Карагандинская Республиканская военная школа-интернат носит имя Т.Бегельдинова.

В рамках мероприятия из фонда Национальной библиотеки была организована книжно-иллюстративная выставка о жизни и творчестве Т.Я.Бегельдинова и показ документального фильма «Высокое небо Талгата» (1974).



Сыныптан тыс шара

М.ЗАХАРОВА,
№ 52 Б.Аралбаев атындағы мектеп,
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
Сүттіқұдық елдімекені

ФАКУЛЬТАТИВ САБАҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі уақытта саналы азамат тәрбиелеп шығару- әрбір мұғалімнің алдына қойылған басты міндет, ең бірінші мақсат. «Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауға жәрдем ет» дегендей, алдымызда отырған жиырма баланың бойында әртүрлі қасиеттер жасырулы. Сол қасиеттерді зерттеп табу, оны ашу-ұстаздың жұмысы. Осындай ізденістер жасау үшін факультатив сабақтары өте пайдалы. Қазақ тілі сабағында тіл дыбыстарын оқып, үйреніп, жаттығу барысында сөздерді талдайтын болса, сол сабаққа қосымша факультативте оқушылар ізденіс үстінде болып, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік туады. Оқушылар тақырыпқа сай эссе жазып, мәтін құрап, өлең, ертегі шығаруына болады. Соның бір ғана мысалы ретінде шәкіртім Арманның суретке қарап отырып ойдан жазған өлеңін ұсынбақпын.

Орманда

*Бір күні алаяқ түлкі жүрген еді,
Орманға азық іздеп кірген еді.*

Қаңғырып жүрген жердің маңайында,
Ауыл иті қаттырақ үрген еді.
Сонда түлкі көлге қарай қаша жүрді,
Жолында екі қоянды бірден көрді,
Қастарында үйрек барын білген түлкі,
Барды-дағы көп қамыстың ішіне кірді.
Қоян көрді түлкіні бәрінен бұрын,
Анық көріп түлкінің әлпет, түрін.
Сол кезде достарына белгі беріп,
Тікірейтіп тұрғызып алып жұқа жүнін.
Бірінші қоян сөзі:

Бұл ісің маған мәлім, досым қоян,
Бұл ісің қояндарға бірдей аян.
Досым-ай, үйректі де ойласаңшы,
Бұл досымды мен тығып қайда қоям?
Ұшып бар, досым, өз үй, өз көліңе,
Кете бер бізді ойламай-ақ өз жөніңе.
Түлгіден аман қалу екіталай,
Жанымыз бірі қалу, бірі өлімде.
Көп ұзамай үйрек те көкке ұшты,
Түлкі оны ұстай алмай суға түсті.
Осы сәтті пайдаланып екі қоян,
Орманға зып беріп қашып кетті.

5-сынып оқушысы Өскенәлі Арманның
шығармасына назар аударыңыздар.

Аюдың құлпынайы

Бұрынғы өткен заманда бір орманның
ішінде қарны қампизан, аяғы талтизан дәу аю өмір
сүріпті. Аю көзіне көрінгеннің бәрін қалдырмай
жейді екен. Бір күні аю күндегі әдетімен ұйқысынан

тұрып, ағып жатқан өзенге бетін жуып, өзіне азық
іздеуге бел буады. Аю өміріне мәз, қуанышында шек
жоқ. Кенет ол алдынан өсіп тұрған кіп-кішкентай
құлпынайларды көреді. Аю кілт тоқтап қалады да,
құлпынайға ұзақ көз алмай қарайды. Ол көп ойланып,
біреуін ғана үзіп жеп дәмін көреді. Оларды қанша
тойып жегісі келсе де өзін тежеп, үйіне қайтады.
Ертесіне аю тағы да сол жерге келеді. Құлпынайлар
бұрынғысынан да үлкен болып, қызарып өсіпті.
Аю бұл жолы да оларды жемей үйіне қайтады.
Бір апта өтеді. Аю қайта айналып сол баяғы
жерге келеді. Бірақ өзі қызықса да жеуге қимай
жүрген құлпынайларды таба алмайды. Аю қатты
ызаланады, ашуланып не істерін білмей сол жерге
талдың түбіне отыра қалады. Бір кезде талдың
түбінен кішкене қоян ытқып шығады. Қоян:

- Аю, саған не болды? Көңілсізсің зой. Егер
бір жағдай болса айт, менің достарым саған
көмектесуге дайын,-дейді. Аю болған жағдайдың
бәрін қоянға айтып береді. Аю мен қоян
құлпынайларды жеген кім екенін білу үшін қақпан
құрып аңдатын болады. Біраз күннен соң құлпынай
жеміс сала бастайды. Құрған қақпанға сол орманда
өмір сүретін қу түлкі келіп түседі. Аю түлкіні көріп:

- Әп, бәлем, түстің бе қолға? Енді менен
сыбағаңды аласың,-дейді. Түлкі аюдың аяғына
жығылып жалына бастайды:

- Өтінемін, мені өлтіре көрме, мен сенің
айтқаныңның бәрін істеймін. Аю түлкіні
құлпынайдың қасына күзетші етіп қояды. Күндердің
күнінде түлкі күзетші болудан жалығып кетеді
де, өз қулығына басады. Ол аюға келіп қоян үйіне

қонаққа шақырып жатыр деп өтірік айтады. Аю қоянның үйіне келсе ешқандай қонақ жоқ, өздері ұйқыға жатып қалған. Аю ойланып, түлкінің алдағанын түсінеді. Ашуланып түлкіге келсе, түлкі өсіп шыққан құлпынайдың бәрін теріп алып, қашып кетіпті. Аю:

- Ай, ақымақ басым-ай, қалай ғана түлкіге алданып қалдым, -деп, құлпынайларын қиялдап, көзі ұйқыға кетеді.

Жаз өтіп, күз келеді, артынан қар жауып қақаған қыс келеді. Аю қыстық азығын жиып, ұзақ ұйқыға кетеді. Бірақ аюдың таңдайынан сол бір тәтті құлпынайдың дәмі кетпей қояды.

7-сынып оқушысы Медетбекова Жамал:

Мен бір ойды төгейін толқындатып,
Төккенде мен төгейін жойқындатып.
Жасасын, жасай берсін қазақ елім,
Елбасымыз мәңгіге жасай берсін.
Халық қамын ойлаған елбасымыз,
Бәтен елден кем емес, тең басымыз.

7-сынып оқушысы Қыдырәлі Ә.

Мен бір ойды төгейін толқындатып,
Өз ойымды айтайын жарқындатып,
Болашақта дәрігер болсам егер,
Халқымды емдер едім таңырқатып.



Г.САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ,
Қырымбет негізгі мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы,
Қырымбет ауылы

МЫҢ БІР МАҚАЛ, ЖҮЗ БІР ЖҰМБАҚ

Мақсаты: 1. Оқушыларға тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра екендігін түсіндіру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту.

2. Оқушыларды мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуге, оларды айта білуге үйрету.

3. Ойлау, естесактау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру.

Сабақтың көрнекілігі: нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жазылған плакаттар.

I. Ұйымдастыру.

-Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар. Бүгін біздің өтетін ашық сабағымыз «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» деген ойын-сайыс түрінде өтеді.

Бүгінгі сайысымызға 3 топ қатысады.

1-топ-«Білгіштер».

2-топ- «Тапқырлар».

3-топ-«Заңғарлар».

1-айналым. «Мақал-мәтелдер сайысы».

Әр топтан бір оқушы шығып тіл туралы 5 мақал-

мәтелдер айтып, мағынасын түсіндіреді.

2-айналым.

Берілген сөздерге мақал құрау.

«Білім» Оқусыз білім – жоқ, білімсіз күнің жоқ.

«Кітап» Кітап-білім бұлағы, білім-өмір шырағы.

«Сөз» Сөз сүйектеп өтеді, таяқ еттен өтеді.

«Дос» Жүз теңген болғанша, жүз досың болсын.

«Ата» Атаның баласы болма, адамның баласы бол.

«Кие» Ер-үйдің киесі, әйел-үйдің иесі.

«Бұлақ» Бұлақ көрсең көзін аш.

«Ет» Ет-етке, сорпа-бетке.

«Шүберек» Ағаш көркі-жапырақ, адам көркі-шүберек.

«Тұяқ» Ат тұяғын тай басар.

«Тазалық» Тазалық-денсаулық кепілі.

3-айналым. «Жұмбақтар шешу»

Әр топтан бір-бір оқушыдан шығады.

1. Қабат-қабат қаптама,

ақылың болса аттама. (кітап)

2. Ақ дуалдың ар жағында қызыл ат,

Байлауынан бір босамас қызыл ат. (тіл)

3. Жаза-жаза жалықпаған,

Жаза-жаза арықтаған. (бор)

4. Өзі түзу, өзі қисық бір аттың

Өшпес ізін бала кезден ұнаттым. (қалам мен жазу)

5. Аппақ дала, қара дән,

Сепкен дәні түсінуге жараған. (әріп)

6. Тілдерімен жүреді, уақытты біледі.

4-айналым. «Тапқыр болсаң, тауып көр»

Мұғалім: Бірінші топқа жұмбақ жасырамын, екінші топ сол жұмбақтың шешуін тауып, сол сөз бойынша мақал-мәтелдер құрастырады.

1. Бір үйге көзсіз боп кіресің,

Көреген болып шығасың. (мектеп)

Мектеп кеме-білім теңіз.

2. Жылт-жылт еткен жылғадан өткен. (су)

Су ішетін құдығыңа түкірме.

3. Құрғақ жерде сақтайсың,

Менсіз тамақ татпайсың. (түз)

Досы жоқ адам

Тұзы жоқ тағам.

Қалқиып ұзын құлағы,

Елден қорқып тұрады. (қоян)

Қоянды қамыс өлтіреді

Ерді намыс өлтіреді.

Қорытынды: Мақал-мәтел-ата-баларымыздан қалған өшпес мұра, тәрбиелік мәні зор, рухани байлық. Мақал-мәтелдер парасатты тәрбиеші, адал ақылшы, епті елші сондықтан мақал-мәтелдер айтып үйреніңіздер.

Ұпай саны артық болған топ жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен топ марапатталады.



**А.КЕЛМАҒАМБЕТОВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасы.
Ақтөбе қаласы**

ТАРИХЫ ҚҰНДЫ, БОЛАШАҒЫ НҰРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Жүргізуші: Қазақстан – Отан ана,
Атымыз сенен бөлек атала ма?
Күн құшақ сенің ыстық мейіріңе
Тасыңда тебіренбей жата ала ма? –

деп ақындарымыз жырлағандай, бүгінгі Облыстық Сағи Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырып отырған «Тарихы құнды, болашағы нұрлы Қазақстан» атты әдеби-сазды кешімізге қош келдіңіздер!

Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін – Отан дейді. Әрбір адамда туған жерге деген ыстық сезім, үлкен махаббат, қандай қияға, алысқа кетсе де сол сезімі сағынышқа ұласып, жүрегімен мәңгілік жіпсіз байланыста болады. Адамзаттың парызы – туған Отанын гүлдендіріп, сақтап, қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу болып табылады. Ата-бабаларымыз ұрпағым осы жерде еркін өссін деп, келген жауға таптатпай, босағадан аттатпай, Отаны үшін айқасып қаны төгілген жер. Сол үшін біз жерімізді қасиетті дейміз.

Сөз кезегі Облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Досмұратов Фархадқа беріледі.

Жүргізуші: Тәуелсіздік, бостандығың елінде,
Желбіреді көк жалауың көгінде.
Жарқын болсын тәуелсіз ел әлемге

Теңесті халқың терезесі тең елге.

Міне, бүгін де азат Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – тұғырлы тәуелсіздігімізге тура 24 жыл толғалы отыр. Бұл көп те, ұзақ та мерзім емес. Бірақ бұл жылдардың әрбір сағаты, әрбір күні тарихтан өз орнын иеленді. Соның нәтижесінде бұрынғы саясаттан, экономикалық және құқықтық өмірден бас тарттық, жаңа қоғамдық жүйеге ендік. Бұл жылдардағы біздің жаңсақтығымыз бен жетістігіміз де, жеңісіміз бен жеңілісіміз де тарихқа айналды. Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді. Яғни, бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін қазақтың ұлан-байтақ жерін ата-бабамыз сан ғасырлар бойы «найзаның ұшымен, білектің күшімен» қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қызғыштай қорғап келген. Ол байлық жию немесе басқаның жерін басып алып, иемдену мақсатында емес, «қара қазан, сары бала қамы үшін» болған.

Өлең: кітапхана қызметкері Билалова Альбина ақын Мақсұт Неталиевтың «Мен қазақпын» өлеңін оқиды.

Жүргізуші: Сан ғасырлар тарихы мол кешегі,
Туған жердің шежіресі деседі.
Менің елім Қазақстан – Отаным,
Болашағы бізбен бірге өседі.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы болып жарияланды. Ал Президенттің 1998 жылдың 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді. Міне, бүгін де жаңа Астанамыз бой көтеріп, сол Астана арқылы біз жаһандық әлемге жаңа Қазақстанды аштық. Бүгінгі Астана Отанымыздың жүрегіне, халықты біріктірген ұлттық идеяға, халықтың

өз күшімен ұлы мақсаттарына деген сенімінің символына айналды. Есіл бойына еңсесін көтеріп қазақтың Ақ Ордасы – Астана күннен күнге өсіп келеді. Астана – барлық Қазақстан халықтарының мақтанышы. 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Қазақстан астанасына «Әлем қаласы» атағы беріліп, медаль табыс етілді. Осындай Астана сияқты күннен күнге көркейіп келе жатқан Қазақстан Республикасының рухани, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық әлеуеті зор, тарихы елдік пен ерліктің ұлы өнегелеріне толы, жер қойнауы бай өлкелерінің бірі – Ақтөбе облысы. Үлкен, жасампаз тарихы бар Ақтөбе облысы қазір өзінің барлық мүмкіндіктерін толық пайдаланып, қарыштай даму жолына түсті. Осы киесі мен қасиеті мол өңір, еңсесі ешқашан түсіп көрмеген осы өңірдің дегдар халқы сондай сәулелі болашақтың кепілі.

Сөз кезегін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақстан тарихы және тарихи пәндер» кафедрасының аға оқытушысы Оразаева Жазира Жарасқызына сөз береміз.

Ән: Ә.Молдағұлова атындағы Ақтөбе гуманитарлық колледж студенті Бейілов Думанның орындауында «Жаса, қазағым!» әні.

Жүргізуші: Қазақстан тарихында жаңа дәуір басталды. Осыдан 16 жыл бұрын қабылданған «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасының негізгі міндеттері ойдағыдай орындалды. Бұл бағдарлама Елбасы айтқандай, «осы жылдар ішінде біздің басты мақсатымыздан ауытқымай, шамшырақ сияқты біздің жолымызға сәуле шашып, алға басуға жігерлендірді». Шын мәнінде, ол кезде біздің еліміз жаңа қалыптасып жатқан, болашағы әлі айқындалмаған тым жас мемлекет болатын. «Қазақстан-2030»

Стратегиясы алдағы болашақты, оған барар жолды, мемлекетті нығайтудың негізгі міндеттерін айқындап берді. Соның арқасында Қазақстан аз уақыт ішінде экономикалық әлеуеті толысқан, өзіндік ұстаған жолы бар, әлем таныған мемлекетке айналды. Атап айтқанда, стратегиялық бағдарламада негізгі міндет болып саналған ұлттық қауіпсіздігіміз нығайды. Ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлік күшейді. Шетелдік инвестициялар мен ішкі салымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу қамтамасыз етілді. Энергетикалық ресурстарымыз көбейді, инфрақұрылым, әсіресе, көлік пен байланыс саласы қарқынды дамыды. Кәсіби мемлекет қалыптасып келеді. Осылайша, 2030-Стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер мерзімінен көп бұрын жүзеге асырылды. «Бүгін біздің әрқайсымыз «2030 Стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты деп айта аламыз», – деді Елбасы жаңа Жолдауында. – Бұл біздің бірлігіміздің, табанды да қажырлы еңбегіміздің нәтижесі, ұмтылыстарымыз бен үміттеріміздің жанды көрінісі».

Сөз кезегі Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының жастармен жұмыс бөлімінің жетекші маманы Бирманов Мейрамбек Кеңесұлына беріледі.

Жүргізуші: Тапқандаймыз өрелі істің өрісін,
Татқандаймыз тәуелсіздік жемісін.
Жар салатын біздің ұран бүгіні
Ұлтаралық татулық пен келісім.

Еліміз экономикалық, әлеуметтік, саяси дамудың жаңа сатысына көтерілді. Әлемдік қауымдастықтың алдында беделі бұрынғыдан да арта түсті. Елімізге деген сенім артты. Әлемдегі дамыған демократиялық, құқықтық мемлекеттердің, өркениетті елдердің

қатарына кіру үшін алдына зор мақсаттар қойып, соған сай зор жауапкершілікке, зор мүмкіндікке ие болды. Халықаралық деңгейдегі шараларды өткізуге, ұйымдастыруға қатысты тәжірибеміз бұдан әрі арта түсті. Мұның барлығы, сайып келгенде, өзге жұрттың алдында еліміздің мерейінің үстем болуына септігін тигізді.

Ұлы ұйымның төріне өрлеп басып нық,
Жүректерге қуанышты тасыттық.
Біз басқарған бүгінгі ұйым ұраны
Сенім, дәстүр, төзімділік, ашықтық.

2010 жыл еліміз үшін ерекше болды. Осы жыл Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына Қазақстанның төрағалық еткен жылы. Астанада ЕҚЫҰ Саммитінің өтуі – бұл: Қазақстанның халықаралық беделі мен мемлекет басшысының бейбітшілікті нығайту жолындағы ерен еңбегін мойындау. Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалау, әлемнің алдағы дамуына қатысты көкейкесті мәселелерге арналған жаһандық үнқатысуды қамтамасыз ету. Еліміздегі ұлтаралық татулық пен келісімнің бірегей моделінің, республиканың тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерінің нәтижесімен танылуы. Қазақстанның халықаралық танымдылығын арттыру, оның жетістіктерін, экономикалық әлеуеті мен мәдени ерекшелігін паш ету. Елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, тәуелсіздікті нығайтуға қосқан үлес. Қазақстандық экономикаға инвестицияларды молайтудың, туризмді дамыту мен іскерлік байланыстарды кеңейтудің факторы. Орталық Азия өңіріндегі мәселелерді шешуге әлемдік қауымдастықтың назарын аударуға мүмкіндік.

Өлең: Кітапхана қызметкері Хамидуллина Бақтыгүл ақын Ф.Оңғарсынованың «Туған жер» өлеңін оқиды.

Ән: Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің 3-курс студенті Әуесханов Орынбасардың орындауында Қазанғаптың күйі «Торы жорға аттың бөгелек қағуы».

Жүргізуші: Қазақ едік түбі терең кәрі емен,
Тарихының бәрі дастан бәрі өлең.
Бодандықтан боздай торып келгенде,
Заман туып мойындады бар әлем.
Азат бүгін байлыққа тұнған жерім,
Азап жүгін, ел жауын қуған ері.
Әділет пен бірлікке жанын қиып,
Әділ өткен билердің туған жері.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап халықаралық дүбірлі додаларға егеменді ел ретінде қатыса бастады. Спортшыларымыздың осындай маңызды додалардағы жеңістері мен жетістіктерінің арқасында Қазақстан дүниежүзіне танымал бола түсті. Бұл, әрине, мемлекетіміздің беделінің артуына да зор ықпалын тигізіп келеді. Жалпы, үлкен спорт – әр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бірден-бір көрсеткіші, патриотизм мен халық бірлігінің нышаны. Бұл орайда Қазақ елі Тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап-ақ бірден көзге түсіп, халықаралық аренада орасан зор беделге ие болды. Азия ойындары тек спорттық қана емес, саяси мәні бар маңызды шара. Бұл – біздің еліміз үшін айтулы оқиға болды. Азияда – республиканың мәртебесін көтеріп қана қоймай, Қазақстанның халықаралық аренада өз орнын алуына ықпал еткен жалпы ұлттық жоба. 1992 жылдан бергі уақытта Қазақстан спортшылары Олимпиада ойындарында аса жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Олимпиадалық спорт түрлерін дамыту мақсатында елімізде төрт жылда бір рет Қазақстан Республикасының жазғы және қысқы Спартакиадасы, сондай-ақ, жастар ойындары жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Қазақ топырағында тұңғыш рет қысқы Азия ойындарының өте жоғары деңгейде ұйымдастырылуы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы бастаған мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан тұрақты дамып келе жатқандығына айқын дәлел бола алды. 2008 жылы қасиетті Олимпиада алауы тұңғыш рет қазақ топырағына жеткізілді. Себебі Бейжің Олимпиадасының ұйымдастырушылары мәртебесі жоғары «шырағдан шеруін» Алатау бөктеріндегі әсем Алматыдан бастады. Көрші жатқан Қытай елі бізді «бірлік пен ынтымақтастықтың үлгісі, экономикалық шарықтау мен саяси тұрақтылықтың символы» деп танып, қонақжай қазақ елімен достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында қолдарына тиген Олимпиада алауын ең әуелі Қазақстанға әкеліп, үлкен қуаныштарымен бөлісті. Бейжің Олимпиадасының алауы эстафетасы Алматыда өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көп елге үлгі болды.

Сөз кезегі Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері Қалмағанбетов Азаматқа беріледі.

Ән: Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің «Сарып» ансамблінің орындауында Қорқыттың күйі «Нартолғау».

Жүргізуші: Қазақстан – бақытым, бағым менің
Асқар таудай айбыным, арым менің.
Тірлігімнің тірегі – тұғырым сен,
Дарқан дала байтағым, барым менің!

Міне, өткен жылы біздің Қазақстан үлкен мүмкіндікке ие болды, яғни, «ЕХРО-2017» бүкіләлемдік көрмені

ұттық. Бір жарым ғасырлық тарихы бар көрме. Бұл – индустрияландырудың белгісі және техникалық хәм технологиялық жетістіктерді көрсететін мүмкіндік. Ең алғаш 1851 жылы Ұлыбританияда өткен. Содан бері қарай бұл көрме 65 рет болған. «Уикипедияда» жарияланған соңғы мәліметке сүйенсек: «ЕХРО-2017 өткізу үшін тендерді ұйымдастырушылар көрме өткізетін елге бұл шараның 2,3 миллиард долларға түсетінін бағалаған». Көрмені өткізуге екі қала таласқан. Олар: біздің Астанамыз және Бельгияның Льеж қаласы. Бізбен бәсекелес болған Льежде бүкіләлемдік көрме екі рет – 1905, 1930 жылдары өткізілген. Әйгілі Гайд паркте алғаш көрменің шымылдығын ашқан Лондон араға 11 жыл салып, екінші рет өткізіп үлгерген. Америка құрама Штаттарының әр қаласында бұл көрме 20 рет өтсе, бір ғана Париждің өзі 8 рет бүкіләлемдік көрме қонақтарына қызмет көрсеткен. Брюссельде 4 рет өткен. «ЕХРО-2017» ЕҚЫҰ саммиті сияқты таза саяси пиар жоба емес, бұл науқанның Қазақстанға берері көп. ЕХРО кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген ең жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетіледі. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә боламыз, өз еліміз бен дамыған елдердің арасындағы технологиялық прогрестің айырмашылығын біліп, өз-өзімізді бағамдаймыз. «ЕХРО-2017» 10-маусымда басталып, 10-қыркүйекте аяқталады. Астанадағы көрме «Болашақтың энергиясы» деген атпен өтеді. Тендерді ұтуын ұтып алдық, ендігісі соны абыроймен өткізу. Бұл қомақты қаржыны ғана емес, кәсіби біліктілік пен үлкен қажырлылықты да талап ететін шара. Біздің міндет –

бүкіләлемдік көрмені өз деңгейінде ұйымдастырып, өткізу. Қазақстан үшін дауыс берген 103 елдің үмітін ақтау.

Сөз кезегі «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері Ахметалин Аслан мен Құрмашев Берікке беріледі.

Жүргізуші: Қазақстан – дамудың белесінде,
Болау керек елудің межесінде.
Қадап айтқан кешегі қалың елге
Елбасының жолдауы ел есінде!

Бұл өмірде өзгермейтін бір ақиқат бар. Елдің ертеңін ойласақ, ол біздің бүгінгі қам-қарекеттерімізге байланысты болады. Қазіргі жасалып жатқан ұлан-ғайыр әрі жасампаз істердің маңызы мен мағынасы да елдің келешектегі тағдырына қатысты айқындалады. Ал енді «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдаудағы біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ. Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақ мерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады. Осыған байланысты Елбасы өз Жолдауында еліміздің 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі стратегиялық жаңа саяси бағытын айқындап берді. Соның ең бастысы – экономикалық саясат, яғни оның басты мәні – түгел қамтитын экономикалық прагматизм. Ол – экономикалық және басқару шешімдерін түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделілік, экономикалық дамудың жаңа тіректерін құру, қолайлы инвестициядан алынатын қайтарымды молайту, экономиканың тиімді жеке секторын құру

және мемлекеттік жекеменшіктік серіктестіктерді дамыту, экспортты мемлекеттік ынталандыру деген сөз. Елбасы Жолдауында экономикалық саясаттың барлық бағыттары айқын көрсетілген. Сондай-ақ, жаңа стратегияда әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері мен қағидалары, мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту мәселелеріне айрықша орын берілген. Ұлт денсаулығын нығайту, заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары айқындалған.

Ән: Бейілов Думанның орындауында «Іздеме» әні.

Жүргізуші: Сөз кезегі Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы директорының міндетін уақытша атқарушы Кудасова Үржан Құрманқызына беріледі. (слайдпен, көрмемен таныстыру)

Жүргізуші: Қазақстан – көзімнің қарашығы,
Ұлтаралық достықтың дара шыңы.
Күн нұрымен өбісіп шаңырағың,
Жасай берсін жұртыңның жарасымы!
Қазақстан – жайқалған егін, бағым,
Арайланып атсыншы әрбір таңың.
Барлық ұлтты бауырдай жарастырған,
Ынтымақ пен бірлікте сенің бағың!

Міне, кешегі өткен от ауызды, орақ тілді шешен билеріміздің, етегімен су кешкен ерлеріміздің, айбынды іс-әрекетімен аман сақталып, бүгін тәуелсіз Қазақстан аталып, жаңа ғасырға иек артқан атамекенімізді мәңгі қастерлеу, өз Отанымыздың лайықты азаматы болу – бәріміздің қасиетті борышымыз. Бүгінгі Қазақстан – әлем назарында өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін, жері бай, халқы бейбіт ел! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!

М.ЗАРИПОВА,
Қ.Билялов атындағы гимназия.
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы

АСЫЛ ҚАЗЫНА

Мақсаты: атадан балаға қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың рухани байлығын оқушы бойына сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алуға, ұлттық құндылықтарымыздың қазіргі таңдағы маңыздылығын меңгерте отырып, оқушыларды рухани құндылықты қадірлеуге, құрмет тұтуға тәрбиелеу;

Көрнекілігі: қазақы безендірілген сахна, слайдтар, техникалық құралдар, қабырға газеттері.
Жүргізуші:

-Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар! Қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы барысында ұйымдастырылып отырған «Асыл қазына» атты танымдық сайысымызға қош келіпсіздер! 7-8-сынып оқушыларымен өткізілетін бұл танымдық сайыстың мақсаты ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, құндылықтарымызды бағалауға тәрбиелеу.

Жүргізуші:

*Ата салтым – асыл мұрам, ардағым,
Бабалардың жалғастырар арманын.
Сан гасырда қалтын бұзбас қадірім,
Өткенімді бүгінменен жалғадым.*

Біздің қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғылары-көнеден келе жатқан асыл қазынамыз. Қазақта «Алты жыл аш болсаң

да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Халқымыздың әдет-ғұрып пен дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Жүргізуші: Бүгінгі сайыста – «Алғырлар» деген атпен 7-сынып оқушылары мен «Жастар» деген атпен 8-сынып оқушылары өз өнерлерін, білімдерін таразыға салмақ. Сайысқа әр сыныптан 7 оқушыдан қатыспақ. Олай болса, ұлтымыздың ұлылығын ұлықтаушы жалынды қыз-жігіттерді ортаға шақырайық.

Сайысымыз бес бөлімнен тұрады.

1. «Сәлем-сөздің анасы».
2. «Сандар құпиясы».
3. «Жоралғы».
4. «Бейне сұрақ».
5. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» бөлімі.
6. «Білгенге маржан».

Ән-әуен ойнап тұрады. Сайысты бастамас бұрын сайыскерлеріміздің білімін, өнерін бағалайтын сарапшылармен таныс болайық.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар! Қазақта амандасу салты-қазақ халқының ең үлкен дәстүрлерінің бірі. Сондықтан 6 бөлімнен тұратын сайысымыздың алғашқы бөлімін «Сәлем–сөздің анасы» деп аталады. Бақ пен бап сыналар бұл сайысқа қатысып отырған топтарға сәт сапар тілей отырып 1-белесімізді бастаймыз. Сайысты бірінші болып бастайтынын анықтау үшін асық иіреміз. Кімнің асығы алшысынан түссе, ойынды сол бастайды. Ол үшін әр топтың жетекшілері ортаға келіп, асықты иіріңіздер. Әділ қазылар екі топтың

өнерін 3, 4, 5 ұпайлық жүйемен бағалайды.

«Алғырлар» тобы мен «Жастар» тобы өздерін көпшілікке таныстырады.

Жүргізуші: сайысымыздың келесі бөлімі «Сандар құпиясы» деп аталады. Себебі қазақ халқы табиғаттың тылсым сырына сәйкес 3, 5, 7, 9, 40 сандарын киелі сан деп санаған. Мысалы, «жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті жұрт, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғалам, жеті қат көк, жеті ғашық сөздері пайда болған. XVI ғасырда өмірге келген "Әз Тәукенің "Жеті жарғысы" да жеті сөзінің қасиетіне, киелі жағына мән беруден туған болу керек. Ендігі кезекті осы сандармен байланысты тапсырмаларға берсек. Бұл бөлімге топ мүшелері толық қатысады. Әр топ кез келген ұяшықты таңдау арқылы берілген сұраққа жауап береді.

«Үш» саны бойынша сұрақтар:

20-ұпай. Үш жұрт. Ағайын жұрт. Нағашы жұрт. Қайын жұрт.

30-ұпай. Үш байлық. Денсаулық, ақ жаулық, қорадағы бес саулық.

40-ұпай. Үш мақсат. Жол мақсаты – жету, дау мақсаты – біту, сауда мақсаты–үту.

50-ұпай. Үш сауап. Шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен.

«Бес» саны бойынша сұрақтар:

20- ұпай. Бес дұшпанды атаңыз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.

30-ұпай. Бес қару.

1.Садақ.

2.Мылтық.

3.Найза.

4.Қылыш.

5.Айбалта.

40-ұпай. Бес парыз.

1. Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед (с.а.у) Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беру.

2. Намаз оқу.

3. Ораза тұту.

4. Садақа беру.

5. Қажылыққа бару.

50-ұпай. Бес жаратылыс.

1. Күн.

2. Ай.

3. Жұлдыз.

4. Күндіз.

5. Түн.

«Жеті» саны бойынша сұрақтар:

20-ұпай. Жеті қазына. Ер жігіт, сұлу әйел, ілім-білім, жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт, берен мылтық.

30-ұпай. Жеті атаны таратыңыз. Әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

40-ұпай. Жеті жұт. Құрғақшылық, жұт (мал қырылу),өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала (жер сілкіну).

50-ұпай. Жеті ғашықты атаңыздар.

Қыз Жібек пен Төлеген.

Қозы көрпеш- Баян сұлу.

Қалқаман –Мамыр.

Фархат –Шырын.

Еңлік –Кебек.

Ләйлі-Мәжнүн.

Жүсіп-Зылиқа.

Жүргізуші:

Мәнге толы қазағымның тірлігі,
Сан асылдың ашылып тұр тұғыры.

Кеше ғана керексіз ғып тастаған,

Ғажап екен әдеті мен ғұрыпы- дей келе
сайысымыздың келесі белесін бастаймыз.

Бұл бөлімде екі топ бір-біріне көрініс арқылы сұрақ қояды. Топ мүшелерінің бейнелеп көрсеткен салт-дәстүр көріністерін келесі топ қалай аталатындығын, мән-мағынасын түсіндіруі қажет.

Жүргізуші:

Бұл бөлімде арнайы дайындалған гимназия оқушылары мен ұстаздарының сұрақтары бар. Бірінші сұрақ бірінші болып бастайтын топқа арналады. Ал сұрақтарға құлақ түрейік.

Экраннан сұрақ қойылады.

1-сұрақ. Қандай жілік қыз балаға берілмейді? (Кәрі жілік).

2-сұрақ. «Төрт аяқтыда бота тату,

Екі аяқтыда бөле тату» деген сөздегі «бөле» кім? (Бірге туған әпке-сіңлілердің балалары).

3-сұрақ. Төс кімге тартылады? (Күйеу балаға).

4-сұрақ. Жарапазан (жарамазан) (салт). «Жарапазан рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар сауап болады деп жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазанды екі адам жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда екіншісі, қостаушысы болады.

5-сұрақ. Тыштырма (дәстүр). Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тышты, тышты» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. «Тыштырманы» әйелдер ырымдап бөлісіп алып, бала-шағаларыны үлестіріп береді.

6-сұрақ. Жасау (салт). Ұзатылған қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді!» деген. Небір жақсы бұйым, сәукеле, кілем, текемет, ыдыс аяқ, төсек орын, киім кешек, әсем әшекейлі тағымдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

7-сұрақ. Ерулік дегеніміз не? (Ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса, сол ауылдың адамдары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіріп табақ тартады. Бұл-жаңа адамдарды бөтенсіретпей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі).

8-сұрақ. Садақа (салт). «Садақаны сауда бер» (мақал). Жетім – жесірге, кәріп – қасерлерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақа беруші адам өзінің үй-ішінің амандығына қол жайып бата тілейді және «батаңыз қабыл болсын» деп бет сипайды. Мүсәпірлерге қайыр садақа беру әр мұсылман баласы үшін міндетті болып саналады. «Садақаға берсеңдер-құдайыға құлшылық етіп, ешқайда шықпайтын, алыстан ешқайда бара алмайтын жоқ-жітікке беріңдер» (Құран кәрім). «Садақа бергеннен пенденің малы кемімейді» (Мұхаммет Пайғамбар).

Жүргізуші: «Жекпе-жек» бөлімі. «Тілдің майын

тамызып, жас шешендер сөз айтар», демекші мұнда әр топтың бетке ұстар топ басшылары шешендік өнерлерін паш етеді. Сайыскерлер әр түрлі әріп таңдап алады да, берілген 2 минуттың ішінде қойылған сұрақтарға таңдап алған әріптермен ұтымды, тапқыр жауап беруі тиіс. Ал, сайыскерлер мына қоржыннан асық таңдап алыңыздар, асықта әріп жапсырылған.

1-топқа сұрақ:

1. Сен үшін ең қымбат не?
2. Кітап саған не береді?
3. Қандай мақал білесің?
4. Ұялғанда не істейсің?
4. Сіз үшін байлық не?
5. Қандай тағамды жақсы көресің?
6. Дүкенде не сатады?
7. Нені армандайсың?
8. Қиындықты қалай жеңесіз?
9. Қандай салт дәстүрді білесіз?
10. Асыл мұраларды қалай құрметтейсіз?
11. Ең ұлы іс-не?
12. Кімнің қамын ойлайсың?
13. Үлкенді қалай сыйлайсың?
14. Ақжарда не көп?
15. Жиі ашуланасың ба?
16. Тіл не үшін керек?
17. Бақыт деген не?
18. Сен кімсің?
19. Ең кішкентай не?
20. Әкең саған не береді?

1. Ең биік не?
2. Сіз үшін достық деген не?

3. Қандай салт-дәстүрді білесіз?
4. Анаң саған не береді?
5. Не іздеп жүрсің?
6. Нені өсиет санайсың?
7. Қазақстан қандай?
8. Қандай мақал-мәтел білесің?
9. Ең қымбат не?
10. Неден қорқасың?
11. Таңертең не істейсің?
12. Арманға жету жолы не?
13. Көз неге екеу?
14. Базарда не бар?
15. Қиындықты қалай жеңесің?
16. Төрт тұлкке қатысты сөзді атаңыз.
17. Қандай ақын-жазушыны білесің?
18. Қазақ тілі қандай тіл?
19. Сіз үшін байлық не?
20. Ең алыс не?

Жүргізуші: Қазақта әр нәрсенің өз ерекшелігі, дәстүрлі атаулары, ұғымдары бар. Келесі белесімізде осынау мол қазынаның сырын ашамыз. Мына қоржында асықтар салынған. Ол асықтардың бетінде сан жазылған. Қоржыннан кез келген бір асықты аласыңдар. Шыққан сол санға байланысты сұрақ қойылады. Қойылған сұраққа жауап берген әрбір дұрыс жауап 10 ұпай болып саналады.

1-сұрақ. Ораза (діни салт). Мұсылманның бес парызының бірі. Мұны ораза ұстау немесе «ауыз бекіту» дейді. «Ораза ұстауды 624 жылы Мұхаммед белгілеген» Оразаның шарты бойынша жасы 9-ға толған қыз, 12-ге толған ұлдан бастап, ауыз бекіткен адам отыз күн күндіз тамақ ішпейді, әдепсіз сөз сөйлемейді, қиянат етпейді. Таңертең

күн шықпастан бұрын сәресі (таңертеңгілік), күн батқан соң ауыз ашады.

2-сұрақ. «Тәбәрік». Біреу ойын-тойда бәйге, жұлде алса немесе құдалық салт-дәстүрге кәде алса, одан жанындағыларға үлес беруі керекмұндайды жұрт одан «Тәбәрік бер» деп сұрап алады.

3-сұрақ. «Сыбаға». Құрметті қонаққа немесе өздерінің жақын- жуығына арнап сақталған кәделі ет мүшелері сыбаға деп аталады. Үлкен ақсақалдарға, құдаларға, жолы үлкен адамдарға сыбаға арнайы сақталады.

4-сұрақ. Айрылысар көже (салт). Көрші қонғанда «ерулік» беріп, қыстай немесе жаздай бірге отырған, сйласқан отбасылар қоныс аударып бөлінген жағдайда олар енді «айрылысар көжеге» шақырады. «Көже» деп сыпайылап атағаны болмаса сыйлы, сыбағалы табақ тартылады. Олар бір-біріне ризашылығын білдіріп, «ұрыспай айрылған ұялмай қосылар» деп тағы да аман-сау қосылуға тілек білдіреді. Бұдан олардың бірін-бірі сыйлау, қимастық көңілдері көрінеді. «Айрылысар көже» – адалдық әрі әдемі дәстүр.

5-сұрақ. Айт-исламның аса зор мерекесі. Екі айт бар. Ол «ораза айты», «құрбан айты» деп аталады. Айт Арабияда ислам дініне дейін қалыптасқан. Ораза айтыотыз күн ораза біткенен кейін болады. Ораза айын «рамазан айы» деп те атайды. Пітір садақасы осы айда беріледі. Оны әр мұсылман мешітке береді. Мұхаммед Пайғамбар Алла тағаланың сөзін ораза айында естіген.

Құрбан айты да мұсылмандардың бас мейрамы. Ол Ораза айтынан соң 70 күннен кейін басталып үш күнге созылады. Бұл Меккеге қажылыққа бару

кезінің аяқталуына сәйкес келеді.

Айт күндері таза киінген адамдар бір-біріне айтқа құтты болсын айтып құттықтайды «айттық» сұрайды. Ашу-араздық болса татуласады, қателігін кешіреді. Айт күндері, ораза кезінде қайтыс болғандар иманды адамдар деп саналады.

6-сұрақ. «Құйрық бауыр» (салт). «Құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» (мәтел). Бұл құдалық дәстүр рәсімі болғанмен ұлт салт-дәстүрінде орны бөлек жай. Екі жақ құда болған жағдайда оларға «құйрық-бауыр» арнаулы сый әкеледі. Әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық- бауыр қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі-құжат болып бекітілген.

Жүргізуші:

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,

Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық, ағайын.

Қазақ атты үлкен, кіші, балдырған.

Құрметті оқушылар, бүгінгі біздің танымдық сайысымыз да өз мәресіне келіп жетті. Бүгінгі сайыста білімділігін, тапқырлығын, зеректігін, алғырлығын, тіпті шешендігін, қабілетін сынға салған топ мүшелеріне үлкен алғыс айтамыз.

Біздің ата-бабаларымыз бүгінгі ұрпаққа кең байтақ даласын, қанатты сөздерін, адамгершілік қасиеттерін аманат етіп қалдырды. Біздің парымыз ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтау.

Сайыстың қорытындысы шығарылып, жеңімпаз топ марапатталды.

А.МҰҚАШЕВА,
С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе облыстық
әмбебап ғылыми
кітапханасының қызметкері.

ӘДЕБИЕТТІҢ БІРЕГЕЙ ДАНА ТҰЛҒАСЫ

«Елуге достар Евнейдей болып келіңдер,
Елуде бәрің Евнейше есеп беріңдер.

Ұрпақпен бірге жалындай берсін жүректер,

Ұрпақпен бірге көгере берсін көңілдер», - деп белгілі ақын Ә.Тәжібаев жырлағандай, жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы қалалық №37 орта мектебінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, жазушы, әдебиет сыншысы, шынайы ақын, хәм шебер аудармашы Ебіней Бөкетовтің 90 жылдығына орай «Асқар тау, жарық жұлдыз» атты портрет кешін өткізді.

Мақсаты – оқушыларды Ебіней Бөкетовтің өмірі мен шығармашылық жолын таныстырып, академик-ғалымның отандық металлургия, химия ғылымы саласындағы іргелі зерттеу еңбектерін, сонымен қатар әдеби шығармалары мен көркем аудармаларын насихаттау.

Шара жүргізушісі Ақмарал Сайлауқызы Е.Бөкетовтың өмірі мен шығармашылық жолына тоқталып, арнайы ұйымдастырылған «Әдебиеттің

сарабдал сарбазы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жүргізді.

Кітапханашы: «...Е.Бөкетов ғылым саласымен қатар әдебиетке де зор үлес қосқан тұлға. Ол белгілі жазушы, әрі аудармашы, академик болған. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Ш.Уәлиханов, Д.Менделеев туралы естеліктер жазған. «Алты хат», «Атан қомында туған адам», «Шығармашылықтың сегіз қыры», т.б. повестерінің авторы. Батыс және орыс классиктерінің «Макбет», У.Шекспирдің «Юлий Цезарь», Дж.Флетчердің «Испанский священник», Д.Маяковскийдің «Клоп» атты еңбектерін, И.Василенконың «Артемка» повесін, Э.Золянің әңгімелері мен мақалаларын аударған», - дей келе, оқырман қауымын Е.Бөкетовтің кітаптарымен қатар «Қазақ әдебиеті» газетінде 1989 жылы 17 ақпан күні жарияланған «Білмедім, Шәкәрімді кім атқаның...» атты тарихи маңызы зор мақаласымен таныстырды.

Аталған оқу орынының 9 «ә» сынып оқушылары Жарықет Әбдіғали, Венера Жантурина, Зарема Жанғали Е.Бөкетовтің С.Есениннен аударған «Келіншекке хат», К.Салықовтың «Евней тойындағы тебіреніс», Ә.Тәжібаевтың «Елу туралы сөз» өлеңдерін нақышына келтіре оқып берді.

Шара барысында «Жарқын бейне» атты бейнематериалы, «Асқар тау, жарық жұлдыз» фото-шежіре слайды көрсетілді. Қорытынды сөз алған абонемент бөлімінің меңгерушісі Р.Б.Қарағұлова оқушыларға Е.Бөкетов туралы викториналық сұрақтар қойып, белсенді қатысқан оқырмандарға

ең үлкен сый - кітап табыстады. Рысжан Болашқызы жас ұрпаққа елін сүйген бірегей тұлға - академик-жазушы, әрі ақын Евней Бөкетовтен үлгі алуға, әрқашанда еңбектенуден жалықпауға шақырды.

«Қазақ қауымына жазушы Сәкен Сейфуллиннің, академиктер Қаныш Сәтбаев пен Евней Бөкетовтің есімдері етене мәлім. Олар біздің ұлттық мақтаныштарымыз. Республиканың бұрынғы басшылары оларды ұзақ жылдар бойы ел жадынан ұмыттыруға тырысты. Қазірде біз нақақтан құрбан болған, жазықсыз жапа шеккен ардақтылар есімін сүйіспеншілікке толы һәм кешірілмес кінәлі сезіммен халыққа қайтардық... Әсілі, соны ертерек жасағанымыз жөн еді, сөйтсе де ештен кеш жақсы емес пе?!...», - деп, Н.Назарбаев айтқандай Елбасымыз Е.А.Бөкетовтің талантын шын бағалай білген. Елбасымыздың септігімен 1991 жылдың 16 тамыз күні республика Үкіметінің қарарымен Қарағанды мемлекеттік университетіне Е.А.Бөкетовтің есімі берілді. Сондай-ақ, 1996 жылдан Қарағанды облысы ғылыми-техникалық кітапханасы жанынан қоғамдық негізде мұражай құрылып, оған Химия-металлургия институты Қарағанды қаласындағы мемлекеттік университетінің көмегімен академик туралы бай материалдар жинақталған және академик Е.А.Бөкетовке 2006 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің бас кіре берісінің алдындағы алаңға ескерткіш орнатылды. Қазіргі уақытта Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласының бір көшесі Евней Арыстанұлы Бөкетов

есімімен аталады.

«Евней жас жігіт кезінің өзінде уытты, жігерлі, екі тілге бірдей шешен, өз ісіне мығым болатын. Не нәрсеге де бейтарап, енжар қарай алмайтын, көзі мен көкірегі бірдей ояу, ойлы, қимыл-әрекеті ширақ, тыңғылықты еді. Осындай сипаттар досымыздың, асыл азаматымыздың тал бойында тұтас және қаз қалпында тұнып тұратын. Мұның арғы тамырын әдебиеттен іздеу абзал», - деп әдебиет зерттеушісі, ғалым Зейнолла Қабдолов айтып өткендей, академик білімге, ғылымға немқұрайлы қарамады. Евней Арыстанұлы таңғы сағат алтыдан бастап, екі сағатын әдеби шығармалар жазуға қалған уақытын ғылымға арнап, саналы ғұмырында 50 өнертабыстың, 10 патенттің иесі атанды.

Мен Евней Арыстанұлы Бөкетовтің шығармашылық жолымен таныса отырып, мына бір өлең жолдарын ғалым ағама арнадым:

Ғылым мен әдебиеттің майталманы,
Болды асқақ ғалымның бар арманы.
Саналы ғұмырында арда ақын,
Бәйішевтей шәкірттің жолын ашты.

Евнейдей дара тұлға көп болғай,
Қазағымның мәртебесін өсірер.
Білімді жастарымыз көп болғай,
Күллі әлемге танытатын елімді.

Евней Бөкетовтің есімі халық жадында мәңгілікке сақталып, туған елімен мәңгі жасай бермек.



А.КЕНЖЕХАНОВ,
Алғабас орта мектебі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы

ҰСТАЗДАРҒА ТІЛЕК

Білім деген өміріңнің өрнегі,
Ұстаз деген – туғаныңнан кем бе еді?!
Білім нәрін оқушыға сіңірген
Ұстаздардың ұшан-теңіз еңбегі.

Арманына оқушымен жақындар,
Білім алған ғалымдар мен ақындар.
Мектебің ол мекендеген ежелден,
Ұлтымызда ұлағатты нақыл бар.

Оқушыдан көре білген жемісін,
Еңбегінен көре білген жеңісін.
Біздің білім ордасының бүгінде,
Ұстаздары терін төккен елі үшін.

Елбасының саясатын қолдаған,
Жолдауына құлақ салып жолдаған,
Ұстаздардың ел үмітін ақтайтын
Жүрегінде ізгі тілек орнаған!

Халық сыйлар мұғалімді «елім» дер
Медеу болып тұрады ашық көңілге ол
Салауатты өмір салтын сақтайтын
Ұстаздарда рух биік сенім зор.

Жетістіктер келешекте көп әлі,
Қоңыраулар әлі талай соғады.
Бірлік пенен еңбек етер ел үшін
Ұстаздардың сыйлы кәсіподағы.

Еркіндіктің самғатқан асыл қыранын,
Тек білімнен таба білген құмарын.
Ұлтын сүйген ұлағатты ұстаздар,
Ұлы жолда лаулай берсін шырағың!

ҰЛЫ ЖЕҢІС

Бізге орнатып, бейбітшілік аспанын
Отан үшін отқа төсеп жас жанын.
Жауыздықпен жағаласқан аталар
Қан майданда қан құстырған қас жауын.

Сол аталар бүгін міне ардагер,
Ту тігуге Рейгстахқа барған ер.
Ерлік пенен даңқы шыққан батырды,
Төбесіне көтереді заңғар ел.

Ұлы Жеңіс, Ұлы Есім, па, шіркін!
Құдіретті, ай-күніңмен асылсың.
Ерлікпенен өрнектелген даңқынды,
Ұрпақ ертең ғасырларға асырсын.

Қарсы тұрып жауыз жаудың оғына
Қару алды батырларың қолына.
Отан үшін отқа төсеп жас жанын
Құрбан болды Ұлы Отан жолында!

